

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

Казахский язык и литература  
в русской школе

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**7/2011 ШІЛДЕ**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша  
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,  
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар  
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия  
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

*Ғылым ғаламында*

Зейнет ТҰРАРБЕКҚЫЗЫ.	Отандық продюсерлердің өнімі.....	3
<i>Тиімді әдіс - баришаға ортақ</i>		
Светлана СОЗАҚАЕВА.	СТО стратегиялары – мемлекеттік тілді оқыту барысында.....	11
Баян НҰРЛАНБЕКҚЫЗЫ.	Ақпараттық-техникалық құралдарды тиімді пайдалану жолдары.....	16
Назигүл ШАҚПАҚБАЕВА.	Модульдік технологияны қолдану әдістемесі.....	21
<i>Оқытудағы жаңа бетбұрыс</i>		
Сәуле МҰСАҚЫЗЫ.	Ғылыми жоба – оқушы үшін үлкен өмірге ашылған терезе.....	28

*В мире педагогики*

Капия КАЙШАКОВА.	Особенности обучения разным видам чтения на занятиях немецкого языка.....	34
<i>Сабақ кілті – көрнекі құрал</i>		
Айтбала ҚАЙЫРБЕКОВА.	Жалпы білім беретін орыс, ұйғыр және өзбек мектептерінің 1-4 сыныптарына арналған көрнекі құралдар.....	51

*Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті*

Рахима СОЛТАНҚЫЗЫ.	«Өтіріктің залалы» қалай оқытылды?.....	59
Диляра ӘБІЛОВА.	Бауыржан Момышұлы. «Қарлығаштың күйрығы неге айыр?».....	63
Бақыт ТОҚАПҚЫЗЫ.	«Сегіз аяқ» сыры.....	68
Әлия ҚОШҚАРБАЕВА.	Абайдың табиғат лирикасы.....	72
Сәуле ЖАБАЕВА.	Күй құдіреті – Құрманғазы.....	77
Сырғалы ӘСІМҚҰЛ.	Оқырмандар конференциясы оқушы көкжиегін кеңейтеді.....	80

*Қазақ тілі мен әдебиеті орыс аудиториясында*

Гүлбақыт ТУҒАНБАЙҚЫЗЫ.	«Қазақ елі, Қазақстан Республикасы».....	85
------------------------	--	----

*Колледж кеңістігінде*

Дархан ҚУАНҚЫЗЫ.	Үстеудің түрлері арқылы еңбекке баулу.....	90
------------------	--	----

*Рухани дүниемізде*

Әділхан МАНАПҚЫЗЫ.	Ата дәстүр – асыл қазынаң.....	94
--------------------	--------------------------------	----

*Әдістеме әлемінде: қазақ тілі*

Айнаш ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ.	Сөздік қорды байытқан - менің отбасым.....	98
Райгүл МҰҚАШЕВА.	Есімшеде – қазақ халқының ән өнері.....	101
Шолпан ҚАНАТҚЫЗЫ.	Етістіктің шақтарын үйрететін мамандықтар.....	103
Гүлнар БҮРКІТОВА.	Жай сөйлемдер сөйлейді.....	106
Гүлнәз МҰҚАШЕВА.	Есімшені танытқан атақты күйшілер.....	110
Нұргүл СЕЙПЛОВА.	Сөздік қорды молайтқан өлкем.....	113
Зухра АЛДАБЕРГЕНОВА,	Баяндауыштың экологиялық ертегісі.....	115
Раушан ЖОРАБЕКОВА.		
Гүлгина ЖҮНІСОВА.	«Менің Отанымдағы» жаңа сөздер.....	120
Мағрипа ӘБЕТАЕВА.	Септіктерді «Атамұра» бағдарламасы бойынша оқыту.....	123

*Сыныптан тыс тәрбие*

Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ.	Тапқыр достар сайысы.....	131
Зәуре ӘБУОВА,	Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталады.....	133
Сәуле СЫЗДЫҚОВА.		
Сабила ТІЛЕГЕНҚЫЗЫ.	Ертегілер елінде.....	140

Зейнет ТҰРАРБЕКҚЫЗЫ,  
Т.Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер  
академиясының магистранты.

## ОТАНДЫҚ ПРОДЮСЕРЛЕРДІҢ ӨНІМІ

Қазақ киносының қара шаңырағы атанған Шәкен Айманов атындағы киностудияның негізі осыдан жетпіс бес жыл бұрын қаланған. Алғаш 1934 жылы «Алматы кинохроника» студиясы болып құрылып, кейін 1941 жылы көркем фильмдер студиясы болып өзгереді. Ал, 1960 жылы ол «Қазақфильм» киностудиясы болып өзгертіліп, содан бері Шәкен Аймановтың есімімен аталады. Сол жылдардан бері бірнеше басқарушы өзгерген киностудияда қазіргі таңда бас продюсер қызметін Аманшаев Ермек мырза атқарып отыр. Соңғы уақытта еліміздің киноиндустрия саласында айтарлықтай жаңалықтар болуда. Биылғы жылдың өзінде «Қазақфильм» АҚ өндіріске он көркем фильм, 2 телехикая, 2 балалар фильмі, 11 қысқа метражды көркем фильмдер, 10 деректі фильм, сондай-ақ, алғашқы толық метражды ұлттық анимациялық «Ертөстік» фильмі мен «Қазақ елі» хикаясын шығарып үлгеріпті. «Қазақфильм» АҚ-ның президенті Ермек Аманшаевтың айтуына қарағанда, киностудияның менеджмент жүйесі түбегейлі өзгерген. Атап айтқанда, продюсерлік орталықпен киножазбалар даму орталығы ашылыпты. Прокат және дистрибуция дирекциясы мен маркетинг қызметі де іске қосылған. Алайда, Ермек Аманшаев көңіл тоғайтарлық мәліметтермен қатар, алдағы уақытта көзделіп отырған

қайттарды да тізбелей келіп: «...Қазақстан киностудиясы өзiрге шетелдiк фильмдердiң прокаттық базасы ретiнде жұмыс iстеп келедi. Қазақстанның кино нарығының 70 пайызы американ киносының, 25 пайызы Ресей киносының, соның 3 пайызы ғана отандық кино өндiрiсi туындыларымен толықтырылған. 2008 жылы қазақстандық фильмдердiң көрермен ауқымы 5,15 пайыз ғана болыпты. Соңғы жылдың аясында қазақстандық киножазбаларды жүзеге асыру үшiн серiктес инвесторлардан 4 миллион долларға жуық қаржы тартылды. «Қазақфильм» көрермендi көбiрек тартуды көздеп отыр. Осыған орай, Ш.Айманов атындағы Қазақфильм киностудиясы әлемнiң үздiк 5 режиссерiнiң қатарына кiрген Тимур Бекмамбетовтың кинокомпаниясымен бiрлесе отырып, тұңғыш беделдi коммерциялық «Золотой воин» атты жобаны бастады. 2009 жылы киностудияда өндiрiс базасының iрi техникалық модернизация жобасы iске қосылды. Қазiргi уақытта ақпараттық-сандық кешен жұмыс iстейдi. Мәтiн дыбыстау студиясы, фильмдердiң түс коррекциясы, заманауи бейнемонтаж бөлмелерi, компьютерлiк графика аппараты жұмыс iстеуде» дедi. Дегенмен, отандық киноөндiрiске қызығушылық танытып, оны көру үшiн кинотеатрларға баратындардың саны әлi де аз. «Қазақфильмнiң» басшысы мұның себептерiн де айта кеттi. Бiрiншiден, көпшiлiк көрермендi тартатындай дүниелер бiзде тапшы, мұны мойындау керек. Екiншiден, заманауи техникалық база кенжелеп отыр. Үшiншiден, көпжанрлы фильмдердiң түсiрiлуi кемшiн десек, төртiншiден, кино саласының мұң-мұқтажын реттейтiн заңдық база осал көрiнедi. Осы тұста «Қазақфильмнiң» басшысы «Қазақстанның «Кино туралы» заңы болу керек» деген ойын Елбасымыздың өзiне ашық жеткiздi.

Ал, ел Президентi Нұрсұлтан Назарбаев биылғы жылы отандық кино туындыларының бiрнешеуiн көрiп үлгерген

Олардың қатарында режиссер С.Нарымбетовтің «Мұстафа Шоқайы», А.Әмірқұловтың «Қош бол, Гүлсарысы», Д.Жолжақсыновтың «Біржан салы» сияқты көркем фильмдер бар. Бірақ Мемлекет басшысы бұл фильмдердің барлығын, әлі де болса, жетілдіру керектігін еске салды. Мысалы: Елбасымызға «Гүлсары» көркем фильмінің ескі нұсқасы көбірек ұнайды екен. Сол секілді ол біздің кино саласында тарихи фильмдер жоқтың қасы екендігін айта кетті. Елбасы: «Биыл дүние жүзі 12 триллион АҚШ долларын жоғалтты. Бұл дағдарыс бірде-бір мемлекетті айналып өткен жоқ. Оның ішінде банкрот болған мемлекеттер де бар. Американың өзінде жүзден аса банктің жұмысы тоқтады. Көршілеріміздің жағдайы 20-30 пайызға дейін төмендеп кетті. Айта берсек, дағдарыстың салдарынан зардап шегіп жатқан мемлекеттер аз емес. Олардың жанында Қазақстанның жағдайы тәуір. Себебі, осы жылдар ішінде біз тәуелсіздікті орнатамыз деп тиісті қор жинап алдық. Ал, кезінде экономикамен, мемлекет құрумен шұғылданып жүрген кезде, мәдениет саласына тиісті көңіл бөле алмадық, қаражат та болмады. Сондықтан «Мәдени мұра бағдарламасын» қабылдап, оған 10 миллиард теңге қаражат бөлініп, дүние жүзіндегі мемлекеттерден 5 мың жәдігерімізді тауып, Қазақстанның тарихын түгелдеп жатырмыз. Соның ішінде «Қазақфильмнің» жұмысы мені көптен бері қинап жүрген еді. Тарихты айтқан себебім, «тарихи үлкен бір лента болса екен» деп оны анаған да, мынаған да тапсырдым. Түбінде «Көшпенділер» дүниеге келді. Оны шыққанынан шықпады деуге болады», - деп бүгінгі қазақ киносына өз бағасын бергендей болды.

Кезінде «Көшпенділер» фильміне «үштік» баға берген Президентіміз қазақ халқының қазіргі тұрмыс-тіршілігін тарихтан тартып бүгінгімен шендестіре бейнелейтін айтулы туындының әлі жоқтығына шынайы қынжылысын осы

жолы ашық айтты. Ал, біз өз тарапымыздан Елбасының осы сөзінен-ақ, «мен» деп кеуде соққан режиссерлеріміздің ендігі жерде басқаша ойланарына сенгіміз келеді. Неге десеңіз, мемлекетіміздің қай саласында да өз беттерінше тырбанып, «менің мынадай ойым бар» деп айта алмайтындарға Елбасының өзі келіп рух бермесе, қозғалмайтын әдеттері емес пе?

Соңғы жылдары талмай еңбек етіп келе жатқан тәуелсіз компаниялардың қатарына «Aldongar Productions» кинокомпаниясы жатады. Компания 2004 жылы құрылған. Компания продюсерлері – Борис Чердабаев, Алия Увальжанова.

«Aldongar Productions\Kazakhstan\» - Қазақстандағы компанияның жеке материалды-техникалық базасына 5 деректі фильмнен тұратын, «Лики Евразии» деп аталатын еліміздің өнер қайраткерлері жайлы фильм түсірген алғашқы компания болып табылады. Фильм арнайы Ресейдің «Культура» телеарнасына арналып түсірілген. Каналдың аудиториясы 300 миллион көрерменді қамтиды екен.

Компания әріптестері - «Культура» телеканалы, Евразиялық Телевидение және Радио Академиясы (Мәскеу), Евразиялық Телефорум (Мәскеу), ЕАТР-ге корпоративтік мүше, Халықаралық продюсерлік орталықтар және Кинофорумдар («Злата Прага», Монте-Карло қаласындағы кинофестиваль, ССТV-Орталық Қытай телеарнасы, Канада, Германия, Франция, Ресей продюсерлік орталықтары), «Никола-фильм» (Ресей), «Ибрус» (Ресей), «TOR» (Польша), т.б.

Компания фильмографиясы:

1.	2006ж.	<p>«Јики Евразии» - 5 бөлімнен тұратын деректі фильм:</p> <p>«Излучение любви», реж. Бахыт Ғафу;</p> <p>«Последний принц степи», реж. И.Гонопольский;</p> <p>«Феномен Сатпаева», реж. Болат Шәріп;</p> <p>«Враг народа», реж. Л.Сон;</p> <p>«Документ нечастного значения», реж. А.Бәпішев;</p> <p>Продюсерлері – Әлия Увальжанова, Борис Чердабаев.</p> <p>1. Гран-при – IX Евразиялық телефорум, Мәскеу, 2006 ж.</p> <p>2. «Бронзовое яблоко» - Евразиялық экономикалық бірлестік, Мәскеу (Ресей), 2006 ж.</p>
2.	2007ж.	<p>«Боз салқын» - толықметражды көркемсуретті фильм - (90 мин., түрлі-түсті) - «Ой-Арт» продюсерлік орталығы (Қырғызстан), «Aldongar Productions» (Қазақстан). Продюсерлері – Алтынай Койчуманова, Актан Арым-Кубат, Алия Увальжанова, режиссері - Эрнест Абдыжапаров).</p> <p>1. Гран-при – Халықаралық «Евразия» кинофестивалі Алматы (Қазақстан), 2007 ж.</p> <p>2. «Нетпак» - Халықаралық Киноқоғамының арнайы сыйлығы - Рим (Италия), 2007 ж.</p> <p>3. «Серебряный тундук» - Шанхай Организациялық Бірлестігінің кинофестивалі – Бішкек (Қырғызстан), 2007 ж.</p> <p>4. «Ең үздік әйел образы» - X Халықаралық «Восток – Запад» кинофестивалі – Баку (Әзірбайжан), 2008ж.</p> <p>5. Өнер музейінің арнайы сыйлығы - Везуль (Франция), 2008 ж.</p> <p>6. Фильм «Ника» сыйлығының номинаттарының бірі болған.</p> <p>7. «Ең үздік сценарий» - «Киношок», Анапа, 2008 ж.</p> <p>8. «Лучезарный Ангел» - Мәскеу үкіметінің арнайы дипломы. Мәскеу(Ресей), 2008ж.</p> <p>9.«Листопад» арнайы диплом – «Листопад» кинофестивалі. Минск (Белоруссия), 2008 ж.</p>
	2007ж.	<p>«Түрлі-түсті эльфтер» – көп сериялы мультфильм - (9 бөлімнен құралған, түрлі-түсті) – Қазақстан, Қытай. Продюсерлері – Алия Увальжанова, Борис Чердабаев.</p>
	2008ж.	<p>«Золото Трои и всемирная коллекция древностей Генриха Шлимана». Сериал – (8 бөлімнен құралған, түрлі-түсті) – «Никола-фильм» (Ресей), ALDONGAR Productions (Қазақстан). Продюсерлері – Борис Чердабаев, Игорь Каленов, режиссері – Игорь Каленов.</p>

3.	2008ж.	<p><b>«Александр. Невская битва» толықметражды көркемсуретті фильм – (100 мин., түрлі-түсті) – «Никола-фильм», «Ибрус», «Еврострой», РФ мәдениет және кинематограф агенттігі(Ресей), «ALDONGAR Productions» (Қазақстан). Продюсерлері - Борис Чердабаев, Алия Увальжанова, Игорь Каленов, Рустам Ибрагимбеков, режиссері – Игорь Каленов.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Көрермендер көзайымы» - «Виват, кино России» - Санкт-Петербург, 2008 ж;</li> <li>2. «Үздік дебют» - X Халықаралық «Восток-Запад» кинофестивалі – Баку (Әзірбайжан) 2008 ж;</li> <li>3. Фильм «Российские дебюты» кинофестивалінің ашылуында көрсетілген, 2008 ж.</li> </ol>
4.	2008ж.	<p><b>«Сталинге сыйлық» – толықметражды көркемсуретті фильм – (97 мин., түрлі-түсті) – Қазақстан, Ресей, Израиль, Польша. Продюсерлері - Алия Увальжанова, Борис Чердабаев, режиссері – Рүстем Әбдірәш.</b></p> <p>XIII Халықаралық Пусан кинофестивалінің ашылуы – Пусан (Оңтүстік Корея), 2008 ж;</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. XI Евразиялық Телефорумның ашылуы - Мәскеу (Ресей), 2008 ж;</li> <li>2. «Boston Jewish Film Festival» - Америкадағы премьеры, 2008 ж;</li> <li>3. XII ұлттық кинематограф форумының ашылуы – Мәскеу (Ресей), 2008 ж;</li> <li>4. Гран-при «Сарматский золотой лев» – Халықаралық «Восток и Запад» кинофестивалі – Орынбор, 2008ж;</li> <li>5. «Ең үздік фильм» - XIV Халықаралық «Сталкер» фестивалі – Мәскеу (Ресей), 2008 ж;</li> <li>6. «10th Jerusalem Jewish Film Festival» - Иерусалим, 2008 ж;</li> <li>7. «Palm Springs International Film Festival» - АҚШ, 2009 ж;</li> <li>8. Гран-при «Золотой Цикло» - The 15th Vesoul International Film Festival of Asian Cinema – Везуль, Франция, 2009 ж;</li> <li>9. «Mention speciale» Везуль оқушылары және Гим музейінің арнайы сыйлығы – Везуль (Франция), 2009 ж;</li> <li>10. Гран-при – Белградтағы «FEST» кинофестивалі – Сербия, 2009 ж;</li> <li>11. «Ника» сыйлығының номинанты.</li> </ol>



Аталмыш компания өз өндірісіне жоғары деңгейде қарайтын және оны ішкі, сыртқы кино нарығында көрсетуге тырысып жүрген, көпті көздеген отандық компаниялар қатарына жатады. Компанияның соңғы өндірісі - Рүстем Әбдірәштің «Сталинге сыйлық» фильмі. Мемлекеттік және тәуелсіз мекемеде жұмыс істеу ерекшелігі туралы режиссер «Киноман» журналына берген сұхбатында былай дейді: «...иногда говорить только с позиции художника, когда работаешь на государственной картине, очень сложно. Есть какие-то условности – не цензура, но – элемент редактирования: что есть хорошо, что плохо, художественно – не художественно. И это решается на «Казахфильме» по-прежнему коллегиально, огромным количеством людей, через худсовет. Что вызывает чувство психологического и творческого давления. Его вроде бы и нет в открытой форме, но все равно оно существует. А в независимом кино возможно пытаться работать так как тебе хочется. Хотя здесь уже существуют другие условия. Независимое кино начинает требовать от тебя определенного коммерческого успеха, чтобы хотя бы часть денег вернуть. И с этим приходится считаться, двигаясь из «арт-хауса» в направлении профессионального коммерческого кино»<sup>1</sup>. Рүстем Әбдірәштің бұл сөзінің жаны бар. Шығармашылығын «Қазақфильм» киностудиясының қабырғасында, әкесі Жарасқан Әбдірәшқа арнап түсірген авторлық «Қаладан келген қыз» фильмінен бастаған режиссердің қадамы келе-келе коммерциялық ағымға бет бұруда. Бұл «Құрақ көрпе», «Сталинге сыйлық» фильмдерінде байқалады.

«Сталинге сыйлық» фильмінде режиссер тарихқа бет бұрады. Фильм – бүгінгі таңда мемлекетіміздің неліктен көп ұлтты болып отырғанын түсіндіріп көрудің бір амалы. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Қазақстанға жер аударылғандардың қатарында небір ұлт өкілдері болды: орыс, поляк, дүнген, кәріс... Ал, туындының бас кейіпкері

жер аударылған жандардың бірі – кішкене еврей баласы. Жол-жөнекей атасынан айырылып, өлімнің аузында тұрған баланы Қасым есімді (Нұржұман Ықтымбаев) темір жол жөндеушісі аман алып қалады. Сонымен, ол - Сабыр деген жаңа есіммен, өзіне бейтаныс өмірді бастайды. Фильмде тағдырдың салдарынан өмірлері бір арнада тоғысқан жандардың бір-біріне деген бауырмалдығы, сүйіспеншілігі көрсетілген. Орыс қызы – Вера, поляк – Ежи, дүнген – Фат, кәріс – Глеб, еврей – Сабыр, Қасым мен Әсембала – үлкен отбасы. Қамқорлыққа кенде болмаса да, Сабырдың бар арманы – ата-анасын көру. Сталиннің 70 жылдық мерейтойына арнап берген сыйлығы – баланың жалғыз үміті.

«Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер киностудиясы 2006 жылы құрылған. Студия продюсері – Еркін Рақышев.

Киностудияның басты мақсаты – жастар арасында Отанға, туған тілге деген сүйіспеншілікті құрметті фильмдер арқылы көрсету.

1	2007 ж.	«Жаралы сезім» - толықметражды көркемсуретті фильм (135 мин.) (продюсер, режиссері - Еркін Рақышев).
2	2007 ж.	«Менің де атым - Қожа» - толықметражды көркемсуретті фильм (80 мин.) ( продюсер, режиссері - Еркін Рақышев).
3	2008 ж.	«Қажылық» - қысқаметражды деректі фильм (48 мин.) (продюсер, режиссері - Еркін Рақышев.)
4	2008 ж.	«Жетімдер» - толықметражды көркемсуретті фильм (95 мин.) (продюсер, режиссері - Еркін Рақышев).



Светлана СОЗАҚАЕВА,  
Батыс Қазақстан облысының  
Орал қаласындағы  
№39 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## СТО СТРАТЕГИЯЛАРЫ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді меңгеріп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда, қазақ тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы.

Қазір білім саласында оқытудың жаңа технологиясы кеңінен қолданылуда. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет», - деп ел Президенті атап көрсетті.

Мен «Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасымен 4 жыл бұрын таныстым. Мұндай сабақты дайындау көп уақыт пен шығармашылықты талап етеді, осы дәріс бойынша тек бір сабақ өткізілген сынып бұдан кейін мұғалім сұрақ қойып, оқушылар жауап беретін дәстүрлі сабақты қабылдамайды.

СТО бағдарламасының қазіргі таңда білімді, білгенін өмірде пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орыны ерекше.

Өз тәжірибемде оқыту барысында алдыма қойған мақсатым – баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның бастысы – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу үрдісінде бірлесе әрекет ету.

Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады. Мұғалім – ұйымдастырушы, бағыт беруші.

Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келуі, ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білу, проблеманы шеше білу, пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады.

СТО бағдарламасы – оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Қазір Сын тұрғысынан ойлау сабақтарында оқушыларды оқуға, жазуға ғана емес, ойлауға үйретуді өзіміз де үйрене бастадық. Оқушыларды ойлауға үйретуде, тілдерін дамытуда бес жолды өлең, эссе, елес құшағында, торлы талқылау, раундробинг, INSERT, болжау, қолжазба күнделігі, еркін жазу, кубик, дөңгелек үстел, дәлелді эссе сияқты стратегиялардың берері көп. Өз тәжірибемде көбінесе оқушылармен бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуге көңіл бөлемін. Оқушы бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда, ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді.

Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. Бірлесіп жұмыс жасағанда мына жайттарды есте ұстау керек:

- сыйластық (бір-біріне бірдей бағынышта болу);
- жауапкершілік;
- кезекпен сөйлеу дағдысын үйрету;
- топта ұтымды жұмыс істеу.

Осындай топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі болады, шыңдалады.

Бірлесіп жұмыс жасауда қол жеткізген жетістіктер:

- оқушының, ең алдымен, есте ұстау қабілетінің жоғарылауы;

- сабақта өз бетімен бақылаусыз отырғаннан гөрі оқушылардың жұмысбасты болуы;

- бір нәрсеге үйренуде мәнді түрде қызығушылығының оянуы;

- бірлесіп жұмыс жасау кезінде топ мүшелерінің ұлтына, жынысына, қабілетіне, әлеуметтік жағдайына қарамай, олардың бір-біріне дұрыс көзқараспен қарап, ойларын түсінеді.

Мысалы: 7-сыныптағы «Атақты күйшілер» тақырыбын таныстырудың алдында кластер пайдалануға болады, оқушылар өз білімдерін сабақтың барысында жинақтайды, сабақты қорытындылау кезінде бес жолды өлең стратегиясын немесе осы сыныпта «Абай Құнанбаев» тақырыбын өткен кезде INSERT стратегиясын пайдалануға болады. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында:

«V» - «білемін»;

«-» - «білмеймін»;

«+» - «мен үшін жаңа ақпарат»;

«?» - «мені таңқалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына

сабашылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды еске сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. 11-сыныпта осы стратегияларды пайдалана отырып сабақ өткіздім.

**Сабақтың тақырыбы:** Сәкен Ғұмаров. Етістіктің шақтары.

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Сәкен Ғұмаровтың өмірбаянымен танысу; дамытушылық – оқушылардың тілін дамыту, сөздік қорын толықтыру. Етістіктің шақтарын ажырата білу. Пәнге деген қызығушылықты арттыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту. Өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру. Оқушылардың танымдық деңгейін көтеру; **тәрбиелік** – патриоттық сезімін оятып, тілін, Отанын, елін, жерін сүйуге, салт-дәстүрін, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу; ұлы адамдарды үлгі ету;

**Түрі:** оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау.  
**Әдісі:** әңгіме, топтық жұмыс, кластер, іздендіру, дәлелдеу.  
**Көрнекілік материал:** интерактивті тақта, слайдтар.

**Сабақтың барысы:** Ұйымдастыру бөлімі.

**Жаңа сабақ.** - Балалар, бүгін сабаққа Лена мен Айгүл презентация дайындап келді, соны көрейік және тақырыбын анықтайық. (слайдтар)

- Бұл қандай мұражай?

- Дұрыс, балалар, бұл – біздің жерлесіміз Сәкен Ғұмаровтың мұражайы.

Осы адам туралы не білесіздер? 1) слайд көру.

**IV. Жаңа сөздермен танысу.**

**V. Мәтінмен жұмыс.** Мәтінді әр топқа дайындап

беремін.

1-топ – мәтін бойынша сұрақтар құрастырады.

2-топ – кластер құрады.

3-топ – жоспар құрады.

Әр топ берілген уақыт ішінде тапсырмаларын орындайды.

Мен өз тәжірибемде көбіне осы стратегияларды пайдалану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылықтарын оятып, жақсы нәтижелерге жеттім. Мысалы, 2008-2009 оқу жылы 11-сынып оқушылары ҰБТ тапсырғанда білім сапасы – 100%-ға жетті, ал биылғы оқу жылында 11-сынып оқушыларының білім сапасы – 100%. Сонымен қатар осы Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын меңгере білген алдыңғы қатарлы оқушыларым аймақтық, қалалық, облыстық олимпиадаларда жүлделі орынға ие болды.

Оқушының ойлауына да, өз ойын еркін айтып, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін меңгеруіне де оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау стратегиясының көп көмегі тиері сөзсіз.



### «ҒАФУ ЕТ МЕНІ, ЕСЕГІМ»

Бір күні Қожанасыр есегіне күндегіден отынды көбірек арттыпты. Жүгінің ауырлығынан болар, есегі қиқарлыққылып, жүрмей тұрып алыпты. Есегін ары-бері сөгіп, ұрып тұрғанын патша көріп:

- Өзі кішкене жануарға осынша отын артқаның жетпегендей, оны ұрғаның не?- деп бақырыпты. Қожанасыр есегінің құлағына сыбырлап:

- Ғафу ет мені, есегім, сенің осындай жоғары мәртебелі кісілерден достарыңның барын білмеп едім,- депті.

*(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1987 ж., 94-бет.)*

## АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Кез келген өркениетті елде көп тіл білу – басты мақсат екенін мектеп оқушылары жақсы біледі. Қазіргі таңда қоғамның, өмірдің аяқ алысына ілесе білу үшін көп тіл, оның ішінде мемлекеттік тілді білмесе баласының ертеңі бұлыңғыр болатынын әрбір ата-ана жете түсінеді. Сондықтан да орыс мектептерінде қазақ тілін беруші мұғалімдерге талап-тілек өте зор. Орыс мектептерінде орыс тілді балалар, оның ішінде қазақ балалары да қазақ тілін екінші тіл ретінде қабылдайды. Қазақ тіліне деген ынта, қызығушылық, тіл үйренуге деген белсенділігін арттыру үшін мұғалімнің білімділігімен қатар шеберлігін қажет етеді. Бүгінгі күні қазақ тілін үйретуде мұғалімнің ең бірінші көмекшісі – ақпараттық-техникалық құралдар. Біз де өзімізше осы техниканы үйреніп, өз сабағымызға қолдануға тырысып жүрміз. Техникалық құралдар бізге әр түрлі жұмысты тез және қысқа мерзімде, жан-жақты, түрлі-түсті, көркем етіп жеткізуге мүмкіндік береді. Ал оқушыға өз бетінше орындап, білім деңгейін тексеруге мүмкіндік туғызады.

Алдымен:

- сабақтың түрін, тақырыбын анықтап алу;
- ақпарат жинау;
- ақпаратты саралап, сұрыптау қажет;



- оқу әрекетін оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыру;
- сабақты жағымды эмоция, жағымды әсерлермен қанықтыра білу;
- сабақтың мақсаты мен нәтижесінің бірұштылығын жоспарлау керек.

«Бастауыш сынып барлық білімнің негізін береді» деген қағида бар. Олай болса біз – ұстаздар бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін тек пән ретінде жүргізбей, оны тіл білімінің негізі ретінде, мемлекеттік тіл ретінде, қазақ деген үлкен халықтың тарихына, мәдениетіне, әдебиеті мен салт-дәстүріне अपарар жол ретінде үйретіп, Отанымызға деген ізеттілік, туған жерімізге деген сүйіспеншіліктерін оята білуіміз керек.

«Ауылым – берекем» атты мультимедиалық сабақ үлгісінде осы тақырып көлемінде барынша көп ақпарат жинап, тақырыпты толық ашуға тырыстым. Ең бірінші, ойшақыру мақсатында «Ауылдың тыныс-тіршілігі» деген атаумен фильм жасадым. Онда осы тақырыпқа сан түрлі көптеген суреттер жинақталған. Бұл **фильмнің мақсаты** – қазақ музыкасының жетегінде ауылдың тұрмыс-тіршілігінен көрініс беретін суреттерді көрсете отырып, оқушыларға ой салу, оларды ойша тақырып аясына итермелеп, білетіндерін еске салып, жалпы назарларын бір арнаға жүйелеу.

Екіншіден, **ең бастысы - жаңа тақырып**. Дыбыстық құралдарды – жаңа материалдарды түсіндіруде, дыбыс, сөздердің айтылуы, мәтіндерді оқуда пайдалануға болады. Материалдарды дыбыстау – түсінікті және әсерлі етеді. Бұл жерде Активстудио бағдарламасының мүмкіндіктері пайдаланылды. Бұл көрілім, тыңдалым, оқылым әрекеттерін орындауға мүмкіндіктер береді.

Қазақ халқы әуезді, ұйқастап сөйлегенді жақсы көреді, бұл біздің ұлттық ерекшелігіміз десем де болады. Сондықтан

да, жаңа сөздермен жұмысты әсерлі болу үшін «Ұйқасты сөздік» деп алып, мәтіндегі және тақырып аясындағы сөздерді ұйқастырып құрастыруға тырыстым. Осы бағдарлама мәтінді дұрыс оқуға, дауыс ырғағын дұрыс қоя білу үшін де тыңдалым әрекетін орындауға, кейін оқушылардың өздері де оқуға мүмкіндік береді. (Мәтінмен жұмыс). Айта кету керек, кез келген модуль бойынша ақпарат жинауға оқушылар өздері қатыса алады, ал балаларға сөздікпен жұмыс істеп үйренгеннен бастап-ақ ұйқасты сөздік, алфавиттік сөздік құратуға болады. 3-4-сынып оқушылары осындай жұмыстарды өте қызығып орындайды. 2-сынып оқушылары алфавиттік сөздіктерді жақсы құрайды. Бұл олардың сөздік қорларын байытуға, жаңа сөздерді жеңіл есте сақтап қалуға, бәсекелестікке үйретуге көмектеседі.

**Ғалымдардың есептеуінше**, адамдардың бестен төртіншісі пайдалы информацияны көру арқылы қабылдайды деп табылуы да көрнекіліктің ұтымды тәсіл екенін дәлелдейді.

Оқушының білім деңгейін бекіту үшін әр түрлі тапсырмалар қолданылады. Ақпараттық техникалық құралдар көптеген тапсырмаларды аз ғана уақыт ішінде, тез арада орындап шығуға мүмкіндік береді, сондықтан тапсырмалар неғұрлым көп болса, неғұрлым әр түрлі болса – солғұрлым жақсы. Сабақ барысында тақырыпты жүйелеу үшін бірнеше фильм жасауға тура келді, оның әрқайсысын жеке-жеке әр түрлі сабақта қолдануға болады.

Қазақ тілін еркін меңгеру, сауатты сөйлеу, сауатты жазу, тіл тазалығы – қатемен жұмысқа, жазба жұмыстарды үнемі түзетіп отыруға тығыз байланысты. Қатемен жұмыстың 14 түрі белгілі.

Мысалы:

- әріп қатесі (енбек, мазмун, бүгүн);
- артық әріп (ылақ, минута, газета);
- керісінше, әріп қалдырып қою (снып-сынып, оқшы-

оқушы);

- бөлек жазылатын сөздерді біріктіріп қосып жазу (ешкібас, ешкібұршақ, жаужегірі);
- бірге жазылатын сөздерді бөлек жазу (баспа сөз, ден саулық, еңбек ақы);
- сөз қалдырып қою сияқты қателер кездесіп жатады. Осының бәрін көріп, түзеп отыру - біздің күнделікті жұмысымыз. Оқушы мен мұғалімнің орнын ауыстырып көрейік.

3-сыныпта «Бау-бақшада» тақырыбы бойынша қазақ тілі сабағында қолданылған қатемен жұмыс түрлерімен таныстырып өтейін.

**I. Төл дыбыстарының ерекшеліктерін ажырата біліп, әр төл дыбысын меңгерту – қазақ тілін үйретуде ең үлкен орын алады. Сол себептен** де бірінші қатемен жұмыс түрін тән дыбыстарымен жүргіздім. Мысалы: қазақ тіліне тән кейбір дыбыстарды әріп емлесіне сүйену арқылы үйретуге болса, кейбір сөздерді есте сақтау арқылы үйренуге тура келеді. Мен уақыт үнемдеу үшін 9 дыбысты бірдей алдым. Ал, 1, 2-сыныптарда әрбір дыбысты жеке-жеке алған дұрыс. Техникалық мүмкіндіктер тақтадағы қатені әр түрлі жолмен жөндеуге мүмкіндік береді. Бұл – оқушылар үшін әрі ойын, әрі сабақ.

**II. Тіл үйретудегі пәрменді құралдардың бірі - көркем, әдемі суреттер.** Бұның өзін сурет қана емес, біз оны оқушыға заттың мәні жөніндегі түсінігін дәлелдеу үшін және қосымша жаттығу үшін пайдаланамыз. Қалай? Қатемен жұмыстың бұл түрінде балалар суретке қарай отырып, осы затқа байланысты оның жеміс пе, жидек пе, әлде көкөніс пе екенін ажырата білуі керек, оның түсін, пішінін, дәмін ажырата білуі тиіс. Оқушы **бұрыс мәтінді** оқи отырып, оның қатесін тауып, **дұрыс әңгіме** құрайды. Әрине, бұл жұмыс бүлдіршіндердің сөздік қорын байытып, жылдам, тапқыр

болуына ықпал етеді. **Дұрыс орындаған жағдайда түрлі анимациялық әсерлер қосып қоюға тағы болады.**

**III.** Қатенің келесі түрі – орыс тілінен дұрыс аудару үшін сұраулық шылау мен етістіктің болымсыздық түрін ажырата білуінде. Мысалы, тыңдалым әрекеті - орыс тілінен болсын, қазақ тілінен болсын **интонацияны дұрыс қоя** білуінен сауатты дұрыс аударма жасауға ықпал етеді.

**IV.** Қазақ тілінде **сөздердің орын тәртібі** сақталуы керек. Сол себептен де келесі қатемен жұмыс үлгісі сөйлемді дұрыс құрауға негізделген. Осы сияқты түрлі тапсырмаларды орындата отырып, балаларды дыбыстарды ажыратуға, дұрыс сөйлем құрауға, тіл үйренулеріне мүмкіндік туғызамыз. **Ақпараттық-техникалық құралдардың** бүлдіршіндердің тілді үйренуге қызығушылықтарын туғызып, ауызша сөйлеу дағдыларын орнықтырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда көмегі көп, соны үйрене, игере білгенде ғана біздің берген біліміміздің мазмұны тереңдеп, сапасы жақсара, жоғарылай түседі. Әдіскер-ғалым Қ.Қадашева: «Тыңдап-түсіну, көріп-байқау құралдарын қолданғанда сабақтың негізгі үш түрі айқындалады:

- оқулық бойынша өтілетін материалды бекіту және қорытындылау;
- өмірдегі шындықпен жақындастыру және танымын арттыру;
- үйренушінің қабілет белсенділігі қызметіндегі сөйлеуді «жандандыру»,- дейді.

Тіл – қатынас құралы, адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын негізгі қатынас құралы. Қорытындылай келе, біздің бүгінгі бүлдіршіндеріміз ертеңгі өз Отанына адал қызмет ететін, талабы мен білімі жоғары, өз ортасын жарып шыға алатын, әлемдік өркениетке ұмтылған, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, ең бастысы – нағыз қазақстандық ұлтжанды азамат болулары керек дегім келеді.

# МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

(Жалғасы. Басы 2010, №11 санда.)


**3-сабақ.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

**III. Сабақтың мақсатын, барысын айту.**

**IV. Жұптық жұмыс.** «Менің қалам» тақырыбы бойынша сұхбат құру. Сурет бойынша сұраққа жауап беру.



**V. Сұрақтарға жауап беру.**

*Мынау не?*

Мынау ... үй.

*Мынау қандай үй?*

- Мынау биік үй.

- Ол ... әсем.

- Ол ... қабатты.

Сөйлемнің үлгісін түрлендіру.

Жұмбақтарды аударып, шешуін табу.

**Жұмбақтар**

Сымға асылып,

Табанында жолы бар,

*Мынау не?*

Мынау ..... .

*Мынау қандай көше?*

- Мынау кең көше.

- Ол ... түзу.

- Ол ... таза.

Жүр асығып.

Төбесінде қолы бар.

(Троллейбус)

(Трамвай)

Кеудесінде жаны жоқ,

Тамырында қаны жоқ.

Май жейді,

Су ішеді. (Мәшине)

## VI. Сұрақтарға жауап беру.

- Қаланың солтүстігінде нелер бар?

- Қаланың солтүстігінде тігін фабрикасы мен тоқыма фабрикасы бар.

**Қайда?**

**Не істейді?**

Тігін фабрикасында жұмысшылар киім тігеді.

Тоқыма фабрикасында жұмысшылар мата тоқиды.

Кілем фабрикасында жұмысшылар кілем тоқиды.

**! Мата, киім, кілем – өнімдер**

**Мұражай**

**Ескерткіш**

**Драма театры**

## VII.

- Қаланың оңтүстігінде нелер бар? Қаланың оңтүстігінде мұражай бар.


- Мұражай нені бейнелейді? Мұражай халықтың салт-дәстүрін, тарихын бейнелейді.

- Қалада кімдерге ескерткіштер қойылған? Қалада Абай, Жамбыл, Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Құрманғазы Сағырбаев, т.б. атақты адамдарға ескерткіш қойылған.

- Драма театрында қандай қойылым көрдіңдер?

VIII. - Қаланың батысында не бар? - Қаланың батысында кафе бар. - Онда адамдар не істейді? - Онда адамдар кездесіп, тамақ ішеді, музыка тыңдайды, билейді.

IX. а) - Қаланың шығысында нелер бар? - Қаланың шығысында базар және азық-түлік дүкені бар.

Базарда  ... жеміс  
... көкөніс  
... жидек сатады.  
... ет  
... сүт

!

**Менің (кімім) базарда сауда жасайды?**

б) Алманың 1 килограммы 150 теңге тұрады.

Еттің 1 кг 600 теңге тұрады.

Картоптың 1 кг 90 теңге тұрады.

... ..  
... ..  
... ..

Сөйлесуді оқып, үлгіге салып, сұхбат құрастыру.

**Сөйлесу.**

- Базардың қасында азық-түлік дүкені бар ма?

- Иә, шағын азық-түлік дүкені бар.

- Онда сүт қанша тұрады?

- Сүт 100 теңге тұрады.

- Ірімшік жоқ, айран бар.

- Жақсы, рахмет!

**Тірек сөздер мен сөз тіркестері:**

Жыл сайын, көркейіп келеді, мақтаныш етемін.

**X. Үйге тапсырма беру.**

Септік бойынша берілген сызбаны есте сақтау.

**4-сабақ. «Қала»**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.**

**2. Үй тапсырмасын тексеру.**

**3. Үш деңгейлік тапсырмалармен жұмыс.**

❖ **III деңгей.**

Зат есім туралы ережені айтып бер.

*Мұғалім* сөзін септе.

*Достық, көшелер, қала, жүргізуші, даңғылда*

сөздерін сөз құрамына қарай талдап түсіндір.

1-ші сурет бойынша әңгіме құрап, айтып бер.

❖ **II деңгей.**

Септіктердің сұрақтарын, жалғауларын ата. Мысал келтір.

*Қала* сөзін септе. Осы сөзбен екі сөйлем құра.

«**Менің қалам**» тақырыбына әңгіме құрып, айтып бер.

❖ **I деңгей.**

Септік және көптік жалғауларының айырмашылығын түсіндір.

Жасалу жолдарын айт.

Өз қалаңдағы өндіріс орындарына көзқарасыңды айт.

Жауап үлгісі:



❖ **III деңгей.**

Заттың атын білдіретін сөздерді зат есім дейміз. Ол «кім? не?» сұрақтарына жауап береді. «Кім?» сұрағы адамдарға, мамандық атауларына қойылады.

Мысалы: ата, ана, Мұрат.

**А.с.** мұғалім.

**І.с.** мұғалімнің.

**Б.с.** мұғалімге.

**Т.с.** мұғалімді.

**Ж.с.** мұғалімде.

**Ш.с.** мұғалімнен.

**К.с.** мұғаліммен.

2. Дос+тық, көше+лер (көптік жалғау). Қала, жүргізуші, даңғыл+да (жатыс септік).

❖ **II деңгей.**

**СЕПТІК ЖАЛҒАУ** (падежное окончание)

**А.с.** кім? не?

**І.с.** кімнің? ненің?

ның, нің, дың, дің, тың, тің.

**Б.с.** кімге? неге?

ға, ге, қа, ке.

**Т.с.** кімді? нені?

ны, ні, ды, ді, ты, ті.

**Ж.с.** кімде? неде?

да, де, та, те.

**Ш.с.** кімнен? неден? қайдан? қашан?

дан, ден, тан, тен, нан, нен.

**К.с.** кіммен? немен? қалай?

мен, бен, пен.

*Адам, адамның, адамға, адамды, адамда, адамнан, адаммен.*

2. **А.с.** қала.

**І.с.** қаланың.

**Б.с.** қалаға.

**Т.с.** қаланы.

**Ж.с.** қалада.

**Ш.с.** қаладан.

**К.с.** қаламен.

**Мысалы:** Әжем қала+ға келді. Ол – қаланың тұрғыны.

## **V. Үйге тапсырма беру.**

Жанды, жансыз зат есім туралы ережені жаттап келу.

## **5-сабақ. «Брейн-ринг» ойыны.**

### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

### **II. Үй тапсырмасын тексеру.**

### **III. Ойын.**

Ойынның шарты: сынып оқушылары төрт адамнан үш топқа бөлінеді. Әр топтың оқушыларына 1-ден 3-ке дейін нөмірлер үлестіріледі. Бір оқушы жүргізуші болады. Әр топтың үстеліне сектор қойылады. Әр секторға үш сұрақ және кубиктер беріледі. Жүргізуші кубикті тастаған кезде қандай нөмір шықса, сол оқушы сол нөмірдегі сектордың сұрағына жауап береді. Жүргізуші бағалайды.

### **Ойынның сұрақтары:**

- Зат есім деген не?
- “Кім?” сұрағы қандай сөздерге қойылады?
- “Не?” сұрағы қандай сөздерге қойылады?
- Зат есім нешеге бөлінеді?
- Зат есім жалғауларының неше түрі бар?
- Тігін, тоқыма фабрикалары қаланың қай жағында орналасқан?
- Қай жерлерге ескерткіштер қойылған?
- Қаланың шығысында нелер бар?
- Киім, мата, кілем бір сөзбен қалай аталады?

- Саған қалаң ұнай ма? Несімен ұнайды?
- Септіктердің сұрақтарын, жалғауларын ата. Мысал келтір.

#### IV. Үйге тапсырма беру.

Оқулықта берілген тест, бақылау сұрақтары бойынша бақылау жұмысына дайындалу.

#### Қорытынды бөлім.

#### 6-сабақ. I. Тест тапсырмалары:

- Заттың атын білдіретін сөздерді не дейміз?  
а) зат есім;                    ә) етістік;                    б) сын есім.
- Зат есім қандай сұрақтарға жауап береді?  
а) қалай?                    ә) қашан?                    б) кім? не?
- “Кім?” сұрағы қандай сөздерге қойылады?  
а) төлдердің атауларына;    ә) жанды зат есімдерге;  
б) сын есімдерге.
- Жанды зат есімді тап.  
а) оқушы;                    ә) Көктөбе;                    б) ит.
- *Қалам* сөзі қандай зат есімдердің тобына жатады?  
а) жансыз;                    ә) жанды.
- *Қалам* деген сөзге көптік жалғауды жалға.  
а) -лар;                    ә) -дар;                    б) -дер.
- *Көшелер* сөзі зат есімнің қай тұлғасында тұр?  
а) жекеше;                    ә) көпше;                    б) жанды.
- *Мен мектепке ... барамын.*

Көп нүктенің орнына барыс септігінің жалғауын жалғау керек. Дұрыс па?    а) иә;                    ә) жоқ.

#### II. Диктант.

#### Алматы

Алматы – әдемі қала. Ол Алатау бөктерінде орналасқан. Алматыда миллионнан астам тұрғын тұрады.

Алматыда оқу орындары, мәдени орындар, ескерткіштер, дүкендер, мейрамханалар, қонақүйлер, әдемі көшелер мен даңғылдар бар.

Сәуле МҰСАҚЫЗЫ,  
Дубовка орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Қарағанды облысы,  
Бұқар жырау ауданы,  
Дубовка ауылы.

## ҒЫЛЫМИ ЖОБА – ОҚУШЫ ҮШІН ҮЛКЕН ӨМІРГЕ АШЫЛҒАН ТЕРЕЗЕ

Бүгінгі оқушы – ертеңгі студент. Ал, мектептегі ғылыми жоба жұмысы сол студенттік өмірге жасалатын алғашқы қадам деуге болады. Жоба объектісін таңдаған оқушы жетекшісінің бағыттауымен өз бетінше ізденуге қалыптасады, өз ойын, көзқарасын, болжамын білдіріп, соны дәлелдеуге ұмтылады. Сондай жұмыстың бірі – Дубовка орта мектебінің 8-сынып оқушысы Бөкембаева Гүлсананың «А.Сейдімбек шығармаларындағы ұлттық таным» атты ғылыми жобасы. Бұл мектеп бағдарламасынан тыс, тың тақырып және көтеріп отырған мәселесі өзекті болғандықтан, оқушымың осы еңбегін көпшілік назарына ұсынуды жөн көрдім. Әрі қарайғы келтірілетін мәліметтер ғылыми жобадан үзінді және қысқаша түрде беріледі.

Жобаның кіріспесі: **1. Мәселе.**

Біз ұлттық төлболмысымыздан айырылып бара жатырмыз. Малмен көзін ашқан ата-бабамыздың мал шаруашылығы, күсбегілік, аңшылық сияқты өнерлерінің қыры мен сыры туралы біле бермейтініміз өз алдына, өз денсаулығымызға тікелей әсері бар қазіргі жартылай дайын, түрлі қоспалар

арқылы дайындалатын тағамдар емес, ата-әжелеріміз мұра етіп қалдырған, экологиялық жағынан таза азықты жасап пайдаланбаймыз, пайдаланбақ тұрмақ, олардың кейбірінің жасалу жолдарын да білмейміз.

**2. Мақсаты:** А.Сейдімбек шығармашылығындағы ұлттық танымды насихаттау.

**3. Болжам:** егер біз ұлттық танымымызға тән жайларды зерттеп, көпшілік назарына ұсынсақ, ұрпақтардың рухани сабақтастығы, халқымыздың терең тамырлы мәдениеті жұрттың қызығушылығын оятар еді.

**4. Нәтижесі:** «Күңгір-күңгір күмбездер» кітабындағы жазбалар бойынша жасалған сүт өнімдері: құрғақ сүт, сірне.

Жобаның кіріспесін бір жүйеге келтіріп алған оқушы «белгілі бір халықтың екінші бір халықтан тілі, сенімі ғана бөлек емес, арнайы зерттеуге тұрарлық мінез-бітімімен де дараланады. Халық пен халықтың айырмашылығын саралайтын ғылым – этнография осылай пайда болған» (А.Сейдімбек «Күңгір-күңгір күмбездер» 108-б.) деп этнография саласына қысқаша түсінік беріп кетсе, «Ақселеу Сейдімбек ұлттың ұмытқанын, жұрттың жоғалтқанын, халықтың көзден таса еткен дүниесін ғұмыр бойына тірнектеп жинады. Сол жолда жанын аямады, терін шелектеп төкті. Еңбек өтеусіз болған жоқ. Ол қазақ жұртының жүрегінде мәңгілікке сақталып қалды» деп автордың өміріне байланысты деректерді келтіреді. Негізгі бөлімді:

1. «Мал шаруашылығына байланысты»;
2. «Аңшылық жайлы әңгімелер туралы»;
3. «Құсбегілік жайлы»;
4. «Тағам жасау: құрғақ сүт, сірне» деген шағын бөлімдерге бөлген оқушы енді өзі оқыған шығармаларынан үзінділер келтіре отырып, әр шағын бөлімді ашуға талпыныс жасайды.

«Мал шаруашылығына байланысты» атты бөлімде малға қатысты танып-білгендерін екшеп алып, өзіндік

түйін жасайды. Мысалы, қасқырдың атын тіке атамай, «ит-күс» дейтін қазақ халқы олардың да мінез-құлқын әбден зерделеген. «Күзеуде» повесінде:

- Е, ол күшігін осы маңнан өргізген қаншық қой, әйтпесе баяғыдан бері сан шулыған етеріне дау бар ма? Нақа бір өзегі талып, көзі қарайғанда болмаса, ін салып, күшік өргізген жердің малына соқтықпайды, - деп Ршыман үй ішіне оң шырай беріп отырғандағы әдетімен түсіндіре сөйлейді (14-бет).

Ал, түйені бағып-қағу жолдарын автор «Ойсылқара» әңгімесінде егжей-тегжейлі баяндайды. Бүгінде түйе тобының «келе» деп аталатынынан көп адам хабарсыз. Баяғыда түйені түлік санатынан шығарған кез де болған. Қазір де түйе малы кез келген жерден кездесе бермейді. Оны өсіруге де білім, тәжірибе керек. Осыны халық арасынан көріп, материал етіп жинаған Ақселеу Сейдімбек аталған әңгімеде «Шүкір, ел ішінің ежелгі тәжірибесі үзілмепті, тал бойына тұтас бір ғылым мен мәдениеттің саласын жинақтаған, өз ісінің академигі сияқты қарттарымыз бар екен» (246-бет) деп риза болады.

Төрт түліктің бірі – түйе жайлы білгенімізден білмейтініміз көп екен. Мысалы, мен аталған әңгімеден жас ботаның ішінде «Өркен» деп аталатын ұзын тоңғақ болатынын, оны тастау үшін бота аузына жылқы майын немесе шырғарылған қой құйрығының майын құю керектігін білдім. Автор түйе түлігінің жыныс-жасына қарай аталуын да егжей-тегжейлі баяндайды.

Ал, «Аңшылық жайлы әңгімелер туралы» бөлімінде оқушы аңшылыққа қатысты өзі үшін беймәлім жайларға тоқталып, ой қорытады. А.Сейдімбектің «Қақпаншы» әңгімесіндегі Сағын ақсақалдың аузымен қақпан құру, қақпанның түрлері жайлы әңгіме шертетінін мысалдармен дәлелдейді.

Бірде ақсақалдың құрған қақпанына түскен аң қолды болады. Сол бір сәттің өзінде қаншама ұлттық таным белгілері көрініс береді. Мысалы, аңды қақпаннан босатып алып кеткен әлдекім сол киікті бауыздап, бауыздау қанымен қақпанның тілін қандап, шаппасына ақ орамал тістетіп кетеді. Орамалдың түйінін шешкенде ішінен төрт бүктелген он сомдық шығады. Сағын ақсақалдың өзімен алғаш еріп шыққан балаға көрегендікпен «Мына тиын-тебенге кәмпит алып жей ғой» деп он сомды, «Орамалмен мен көзімнің жасын сүртіп жүрейін» деп өзі орамалды алуында қаншама тәрбие жатыр?!

«Құсбегілік жайлы» бөлімде «А.Сейдімбек өз шығармаларында аңшылық-саятшылықтың бір түрі — құсбегілікке көп тоқталады. Оған «Ақиық», «Тауға біткен жалбыз», «Көңіл шіркін», «Бүркіт» сияқты әңгімелерін оқығанда көз жеткіздім. «Ақиық» әңгімесіндегі аңшы Сыздықтың баласы Мұрат сияқты мен де бүркіт жайлы көп нәрсеге қанықтым» дей келе, «Ақиық» әңгімесіне тоқталады.

«Бүркіттің тоят алу үшін түлкінің жас миын ойып жеуі, онан соң кіртілдек уыз тілін жылыдай суырып жейтіні, оған тоймаса сан етін жейтіні — біз үшін беймәлім нәрсе.

Әңгімеден үзінді келтірейік. «Ел үйді-үйіне кіріп, шай-пай, сусынын ішіп жатқанда, үйінен дайындап алып шыққан бір турам жас еттің арасына қара сабынның малта сияқты алқындысын тығып, елеусіз ғана Ақиыққа қақшытып кетті. Жақау сабынды кездейсоқ, әйтеуір ойына келіп, қолына түскен соң жұтқызған жоқ. Осы ауылдың құсбегі қарттарының бір әңгімесінде «ертеректе біреу бақталасының бүркітіне сабын жұтқызыпты» деген сөздерін естігені бар» (149-бет). Бұл жағдайда құс жемге тәбеті болмай, селсоқ күйге түседі. Осы жағдайда Сыздық қарттың «тасжарған» деген шөпті алдырып, құстың ішін тазалап, қалпына келтіруі де — нағыз құсбегінің ғана қолынан келер іс».

Ал, «Тағам жасау: құрғақ сүт, сірне» бөлімінде өзін, әсіресе, қызықтырған сірне, құрғақ сүт жасау технологиясы жайлы сөз қозғайды.

«Ақселеу Сейдімбектің шығармаларын оқуда мені, әсіресе, қызықтырып, таң қалдырған құрғақ сүт пен сірне болды. Соны жасап, дәмін татып көрсе деген ойға келдім. Құрғақ сүтті мен қазіргі дүкендердегі ұнтақ күйінде ғана білетін едім. Ал, ата-бабаларымыз болса, бұны осыдан жүздеген жылдар бұрын ойлап тауып, қолданған екен. Ол үшін жаңадан сойылған қойдың немесе серкенің терісін түгінен арылтады. Теріні түгінен айырудың мұндайда екі тәсілі қолданылады. Бірі – и салу тәсілі. Тек и өтіп кетпейтіндей, идің быршыған дәмі мен өткір иісі теріге сіңбейтіндей болуы керек. Екіншісі – теріні жібітіп отырып, өткір ұстарамен түгін қырып тастайды. Сонан соң түксіз теріні суға салып, шуашы мен шайырынан арылғанша әбден жуады. Ақжемделіп, май-сөлінен арылған тері шүберектей болып тазарған кезде жайып қояды.

Келесі күні қазанға толтыра сүт құйып, теріні салады да отқа қояды. Қайнаған сүт қойыла бастайды да сүттің бар маңызын тақыр тері бойына тарта береді. Біраздан соң сүт қойыртпақтанып, тері ағара бөртеп, әбден ісінеді. Қойылған сүт сарқылып, енді сарғайып күйеді-ау деген кезде оттан алынып, далаға сөреге жайылады. Түнімен жел қаққан тері ертеңінде кеуіп қалады. Осылайша бұл әрекет тағы да екі рет қайталанады.

Қажет кезінде неше күнгі сүт сіңген теріден алақандай ғана кесіп алып, кесеге құйған суға тастап жіберсе, әлгі су уыз иісі бұрқ етіп, жаңа сауған сүттей болып шыға келеді. Ал, түбінде қалған бал татыған уыз құйқаны жесе, дәмі көпке дейін ауыздан кетпейді. Көшіп-қонып жүргенде жол үстінде сүт сұрап мазасызданған жас балаларды жылатпау үшін аналарымыз осы тәсілді ойлап тапқан.

Сірне жасау үшін мәйек салып ұйытқан сүтті пышақпен



торлап тіледі де, қайната бастайды. Кішкенедең соң ұйыған сүт бөлектеніп, сары суы іркіліп, ақ ірімшікке айналады. Егер тағы біраз қайната түссе, сарғайып, сосын қызыл түске айналады.

Бұл екі арада ірімшіктің сары суы да азайып, қызара қоюланады. Егер осы қазан түбіндегі сұйықты кесеге, тегешке құя қойса, шамалы уақытта қата қалады. Мұны сірне дейді. Кейде құйылған сұйық бірден қата қоймауы да мүмкін. Бұл сүттің дұрыс ұйымауына байланысты. Сүт ашып кетпей, ұйытылып қайнатылуы керек. Сірне бірден дайын болмаса, сұйықты кішкене қайнатып жіберу керек. Дайын болған сірненің ғажайып тәттілігін балға да, қантқа да теңестіруге болмайды».

Өз жұмысын оқушы «А.Сейдімбек шығармаларын оқып отырып, жанымызға жақын, жүрегімізге жылы тиетін көп жайттарға қанықтық. Өкінішке орай, ұлттық танымымыздың дәлелі болар көп нәрседен біз бейхабар екенбіз. Жұмыс барысында сөз болған мысалдардың айтары мол, аңғартары одан да көп. Ешбір жоғары білімсіз-ақ білімдінің сөзін айтып, қолмен қойғандай етіп көз алдына алып келетін шығармаларды оқыған кезде тұтас бір энциклопедия оқығандай сезімде қалдыратын жайларда қаншама тәрбие жатыр десеңізші?! Өкінішке орай, осының көбісі бүгінде қайраңға шығып қалған балықтай, өмір сахнасынан сырттап кеткені – ащы да болса шындық. Бірақ біз бұны іс жүзінде болмаса да, Ақселеу ата сөйлетіп кеткен шежіре қарттардың айтуы бойынша білуге тиіспіз, міндеттіміз. Себебі, бұл – біздің өміріміз, әдебиетіміз, тарихымыз» деп қорытындылайды. Жұмыс соңында «И. Келе. Мәйек. Өркен», т.б. сөздерге түсінік берген глоссарий берілген.

Өкінішке орай, кітаптағы жасалу жолы бойынша істелген құрғақ сүт онда жазылғандай, яғни, көңілдегідей болып шықпады. Бұл да біздің ұлттық танымымыздан алшақтап кеткеніміздің дәлелі болса керек.

**Капия КАЙРШАКОВА,**  
старший преподаватель  
кафедры языковых дисциплин  
Каспийского государственного  
университета технологий и  
инжиниринга им. Ш.Есенова.  
г.Актау.

## **ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ РАЗНЫМ ВИДАМ ЧТЕНИЯ НА ЗАНЯТИЯХ НЕМЕЦКОГО ЯЗЫКА**

Чтение в истории человечества возникло позже устной речи и на ее основе. Оно стало автономным средством общения и познания.

Благодаря чтению, в процессе которого происходит извлечение информации из текста, возможны передача и присвоение опыта, приобретенного человечеством в самых разнообразных областях социальной, трудовой и культурной деятельности. В том отношении особая роль принадлежит результату чтения, т.е. извлеченной информации.

В индивидуальном опыте каждого человека чтение также развивается на основе устной речи. Огромное количество информации, заключенной в текстах, предназначенный для чтения современного человека, побуждает к выработке гибкого подхода к чтению, т.е. к развитию способности извлекать информацию с разной степенью глубины и полноты в зависимости от коммуникативной задачи.

При обучении чтению используются четыре

вида чтения: **изучающее, ознакомительное, просмотровое и поисковое.**

Помимо видов чтение имеет две формы: оно осуществляется **про себя** (внутреннее чтение) и вслух (внешнее чтение). Чтение про себя – основная форма чтения – имеет целью информации, оно «монологично», совершается наедине с собой; чтение вслух – вторичная форма, оно «диалогично», его назначение в основном в передаче информации другому лицу.

Приступая к чтению на иностранном языке, студент уже владеет чтением на родном языке. Процесс восприятия графики родного языка полностью автоматизирован, благодаря чему читающий может сосредоточиться на смысловой стороне чтения. Чтение для него – это деятельность, в результате которой он обогащает свой внутренний мир, расширяет познавательные горизонты.

Приобретенный читательский опыт студентов, их отношение к чтению на родном языке должны стать основой для переноса этого опыта на чтение на иностранном языке.

Основным камнем преткновения является незнакомый языковой материал. Истинное чтение как вид речевой деятельности существует только тогда, когда оно сформировано как речевое умение; в процессе чтения читающий оперирует связным текстом, пусть самым элементарным, решая на его основе смысловые задачи. Но здесь как бы создается замкнутый круг: развитие чтения возможно, лишь когда сформировано умение, а формировать умение можно непосредственно в процессе чтения осмысленных текстов.

Благодаря устному вводному курсу создавались в короткое время условия для перехода к чтению и письму, близкие к условиям обучения чтению на родном языке. У студентов развивается небольшой задел устной речи — база для последующего узнавания языковых знаков и выражаемых ими значений при чтении.

Устная речь даже в рамках вводного курса представляет собой обмен мыслями. Поэтому из текстов, построенных на опыте устной речи, читающий студент может извлечь содержащиеся в нем мысли. Однако, чтобы смысл «вычитывался», а не был угадан, студентам предлагаются упражнения, побуждающие их к внимательному всматриванию в текст, к выделению в нем дифференцирующих признаков.

После устного вводного курса студенты переходят к чтению, которое начинается с его громко-речевой формы — чтения вслух.

В родном языке чтение про себя и вслух сосуществуют, дополняя друг друга: в первом случае информация из текста извлекается для себя, во втором — для других. В иностранном языке эти коммуникативные функции сохраняются, но чтение вслух выполняет еще одну важную учебную функцию: оно является средством обучения чтению про себя. Это обусловлено тем, что главные механизмы, лежащие в основе обучения обеим формам чтения, являются общими, поэтому формированием механизмов чтения про себя легче управлять через внешнюю форму чтения, когда все процессы обнажены и поддаются непосредственному наблюдению у студента.

Чтение вслух дает возможность усилить и упрочить произносительную базу, лежащую в основе всех видов речевой деятельности, что особенно важно на начальном этапе и не теряет актуальности для последующих этапов.

Поэтому чтение вслух должно сопровождать весь процесс обучения иностранному языку, однако его удельный вес по сравнению с чтением про себя меняется от этапа к этапу. При обучении чтению вслух на начальном этапе можно условно выделить дотекстовый и текстовый периоды. Цель дотекстового периода заключается в обработке первичной материи – графики, т.е. отправного момента в восприятии при чтении; если в устной речи абсолютным обозначающим является фонема, то при чтении такую роль выполняет графема. Графемы вводятся еще во время устного курса в последовательности, позволяющей прочесть сначала слоги, а затем слова и словосочетания, усвоенные в устном вводном курсе.

Так, например, на занятиях немецкого языка первыми вводятся буквы Aa, Oo, Ii, Uu, а затем к ним присоединяется Dd, что дает возможность составить сочетания, состоящие из собственных имен: Ada, Ida, Udo - материал первых шагов чтения на иностранном языке. Процесс элементарного синтеза сопровождается звуко - буквенным анализом, способствующим упрочению графемно- фонемных связей в восприятии.

Для лучшего усвоения особенностей графики, ее дифференцирующих признаков следует пользоваться приемом «печатания». Овладение учащимися написанием печатных букв активизирует восприятие учащимися печатного шрифта.

В дотекстовой период осваиваются также правила чтения. Обычно они распространяются на буквосочетания, овладение которыми способствует предвосхищающему узнаванию слов.

В дотекстовой период студенты учатся читать не только слова, но и словосочетания и простые предложения. В связи с последними необходимо усвоить

некоторые запретительные правила, в частности, не ставить ударение на служебные слова: артикли, связку и предлоги; не делать пауз между артиклем и последующим словом, между предлогом и относящимся к нему словом. Дотекстовой период длится, пока учащиеся читают отдельные элементы текста, т.е. слоги, слова, словосочетания и предложения, не отражающие ситуацию.

Задача текстового периода чтения вслух заключается в том, чтобы привести студентов к одновременному восприятию и пониманию текста. При этом развитие и совершенствование восприятия осуществляется в единстве с решением смысловых задач. Для этого важно продолжать работу над следующими компонентами содержания обучения чтению вслух параллельно со стимулированием и контролем понимания: графемно - фонемными ассоциациями, словесным и фразовым ударением, паузацией, мелодикой, беглостью чтения. Для овладения этими компонентами чтения следует пользоваться единым видом чтения – «равномерно внимательным чтением», при котором восприятие и понимание осуществляются синхронно на всем протяжении небольшого по объему текста или его фрагмента. Равномерно внимательное чтение вслух на начальном этапе – это, фактически, элементарная фаза изучающего чтения. При его осуществлении используются следующие режимы, в совокупности составляющие подсистему обучения чтению вслух:

**I режим. Чтение вслух на основе эталона.** Эталон может исходить от преподавателя, он может быть дан в записи. В обоих случаях чтение вслух предшествует определенной аналитической стадия,

которая заключается в звуко - буквенном анализе трудных явлений и в разметке текста. Эталон звучит дважды: выразительно, сплошным текстом, затем с паузами, во время которых учащиеся читают, стараясь подражать эталону («паузированное чтение»). В заключение наступает сплошное чтение текста студентами, сначала шепотом, затем вслух. Показателем правильности /неправильности понимания выступает интонация и решение элементарных смысловых задач.

**II режим. Чтение вслух без эталона, но с подготовкой во времени.**

Этот режим максимально активизирует восприятие графической материи учащимися, повышает их ответственность. Последовательность работы при этом такая:

1) «Репетиция» в виде чтения про себя с последующей разметкой текста. Здесь чтение про себя выступает как средство нахождения интонации, т.е. как стадия чтения вслух.

2) «Взаимное чтение». В ходе парной работы студенты сначала проверяют разметку текста друг у друга, затем по очереди читают друг другу текст. Взаимное чтение усиливает обращенность и общую выразительность чтения. Преподаватель через пульт управления подключается к рабочим парам, выявляя их сильные и слабые стороны для последующей доработки. Показатели правильности/неправильности понимания те же: интонация и решение смысловых задач.

**III режим. Чтение без эталона и предварительной подготовки.**

Здесь различаются две последовательные стадии:

чтение без эталона и предварительной подготовки проработанных ранее текстов и новых.

Чтение вслух ранее проработанных текстов направлено прежде всего на развитие беглости и выразительности чтения. Ведь беглость чтения создает условия для охватывания смысла полностью и одновременно. Здесь подсказка идет от самого текста, его знакомого содержания. Читать текст про себя для нахождения правильной интонации нет нужды.

Чтение проработанных текстов без подготовки во времени следует проводить периодически в конце работы над темой, когда накапливается 3-4 текста. Такое чтение нужно устраивать как своеобразный «смотр сил», его можно организовать в виде «конкурса» на лучшего чтеца.

Чтение новых текстов также производится без подготовки во времени. Когда в соответствии с календарным планом начинается тема, то сначала прорабатывается новый лексико – грамматический материал в упражнениях, предвещающих чтение текста. Содержание текста при этом не должно затрагиваться. Затем студенты читают новый текст вслух. Возможен, однако, и такой вариант для среднего и особенно старшего этапа: студенты сразу приступают к чтению текста, самостоятельно выделяя незнакомый языковой материал для раскрытия его значения.

Чтение новых текстов вслух максимально приближается к естественным условиям чтения на иностранном языке, при которых студенты выделяют незнакомый материал, распознают потенциальный словарь, в целом приобщаются к восприятию



и пониманию незнакомых частей текста. Этот режим чтения вслух предполагает активизацию мыслительных процессов, так как мышление активизируется в ситуации встречи с трудностью; в данном случае трудность является преодолимой, т.к. чтение новых текстов обеспечивается интенсивной подготовкой с помощью предшествующих режимов. Чтение новых текстов также можно проводить в виде «Конкурса на лучшего чтеца».

Чтение вслух уже проработанных текстов и новых должно проводиться систематически. Для первых можно использовать часть уроков, предназначенных для повторения. Чтение новых текстов можно организовать в начале работы над темой и тогда использовать тексты параграфа. Кроме того, фрагменты текстов, предназначенные для домашнего чтения, также могут быть прочитаны в этом режиме.

В основе чтения вслух и про себя лежат речедвижения. При чтении вслух, внешне выраженной форме чтения, они полностью проявляются. Обучение чтению вслух и связанное с ним развитие речедвижений не воспринимается как помеха, а скорее как помощь, обеспечивающая четкость и правильность восприятия графики, что, в свою очередь, стимулирует качество понимания.

Приобщение к чтению про себя начинается уже на начальном этапе, являясь подчиненной формой чтению вслух. Иногда оно используется как определенная стадия обучения чтению вслух, когда процессы восприятия и понимания еще не стали симультанными; студенты глазами пробегают текст, схватывая его общее содержание, отыскивая

адекватную интонацию. Затем чтение про себя начинается «пробиваться» как самостоятельная деятельность сначала в небольшом объеме, а потом расширяясь.

Стимулировать успешное чтение про себя планомерно усложняющихся и увеличивающихся в объеме текстов должна соответствующая система упражнений.

Характер упражнений в чтении про себя определяется видом чтения, степенью языковой трудности текста и этапом обучения иностранному языку.

В настоящее время в методике обучения чтению приняты четыре вида чтения, изучающее, ознакомительное, просмотровое и поисковое чтение.

**Изучающее** чтение представляет собой внимательное вчитывание, проникновение в смысл при помощи анализа текста. Анализ текста может проводиться на понятном предложении, с тем чтобы показать студентам, как «работает» грамматика, которую они осваивают; и анализ может проводиться на непонятном предложении, когда через анализ студент идет к его пониманию. Изучающее чтение является прежде всего самостоятельной целью обучения чтению, ибо оно представляет собой максимально-развернутую форму чтения, при которой оттачиваются все приемы чтения, развивается «бдительность», ко всем сигналам, исходящим от текста; оно практикуется обычно на небольших по объему текстах определенной степени трудности, т.к. главная задача – качественная сторона чтения, полнота и точность понимания.

При **ознакомительном** чтении целью является

извлечение основной информации (приблизительно 70%), при этом делается ставка на воссоздающее воображение читателя, благодаря которому частично выполняется смысл текста. Для ознакомительного чтения подбираются большие по объему тексты и тогда вступает в силу языковая избыточность. Навыки, приобретенные при изучающем чтении, используются при ознакомительном чтении.

**Просмотровое** чтение, в результате которого читатель получает самое общее представление о содержательно-смысловом плане текста: о чем идет в нем речь. В естественном процессе коммуникации этот вид чтения выполняет важную роль: из большей массы печатной информации выделяется нужный объект чтения, исключается необязательное и второстепенное. К просмотровому чтению прибегают в профессиональной и бытовой сферах жизни, например, при чтении газет и т.д. Этот вид чтения предполагает высокий уровень сформированности умения чтения, развитую способность к обоснованному предвосхищению по скупым языковым и неязыковым средствам, большую скорость восприятия. К просмотровому чтению студентов следует приобщать при чтении газет.

**Поисковое** чтение. Варианты его следующие:

- а) найти предложения, подтверждающие...
- б) найти то, что характеризует....
- в) найти принципы того, что ....
- г) найти те проблемы, которые волнуют ...

Основная задача этих упражнений, чтобы развивать логическое понимание. Действия, которые совершает студент при выполнении этих

упражнений, поскольку студент действительно ищет в прочитанном то, что требуется, и ищет это на основе того, насколько он понял прочитанное. Если он не понял основную мысль текста, поиск не состоится.

Задания являются существенным рычагом управления чтением, стимулирующим и контролирующим понимание, они обуславливают также вид чтения. Поэтому формулировка заданий к тексту – ответственный момент. Они должны быть построены с учетом характера чтения как вида речевой деятельности, венцом которой является понимание.

При чтении на родном языке понимание, как известно, внешне не проявляется, оно совершается во внутренней речи. Читатель может эмоционально переживать прочитанное, не обнаруживая этого. В современной методике найден прием, который позволяет в какой-то мере «оградить от вмешательства извне» процесс учебного чтения про себя. Это ключи к заданиям – важнейший инструмент самоконтроля; с их помощью результат решения смысловой задачи, хотя и проявляется внешне, но только для самого читающего; благодаря этому более последовательно сохраняется текст, находишь в нем предложение, в котором, по твоему мнению, заключена главная мысль. Проверь себя по ключу.

При обучении чтению предъявляются тексты как со снятыми, так и неснятыми трудностями, при этом главным остается решение смысловых задач. Задания, фиксирующие внимание на языковом материале и снимающие языковые трудности, выполняют роль средства и носят подчиненный

характер. Ниже предлагаются задания к текстам для чтения.

I. Задания, связанные с контролем понимания текста.

- Прочитайте текст и покажите соответствующие предметы на картинке.

- Прочитайте текст. Выберите из данных здесь картинок ту, которая соответствует содержанию текста; назовите ее номер (поднимите сигнальную карту с соответствующим номером).

- Прочитайте текст и предложения под чертой. На листке бумаги с номерами предложений поставьте знак +, если предложение соответствует действительности и вы можете это отнести к себе. Если нет, ставьте знак - .

- Прочитайте текст и пронумеруйте картинки в соответствии с последовательностью разворачивающегося содержания.

- Прочитайте текст и решите содержащиеся в нем арифметические задачи.

В настоящее время чаще при обучении чтению используются текстовые задания, в которых применяется символика, т.е. цифры и буквы для проявления понимания.

Исследователи тестовой методики применительно к чтению иноязычных текстов доказали, что тесты являются не только эффективным инструментом контроля, но и адаптации. С их помощью учащиеся могут читать с пониманием большие по объему тексты, и навыки и умения чтения формируются при этом значительно быстрее, что положительно сказывается на мотивации чтения.

II. Задания, предполагающие цитирование из текста.

Точное цитирование – убедительное доказательство понимания без использования продуктивных форм работы; цитируя, читатель использует готовый материал текста, выбрав его в соответствии со смысловой задачей. При цитировании чтение про себя сочетается со смысловой задачей. Упражнения в цитировании занимают большое место в работе над чтением. Иногда цитирование служит только средством выявления, насколько внимательно был прочитан текст. В этом случае задание направлено на то, чтобы отыскать в тексте предложение, подсказанное русским эквивалентом. Например: «Найдите в тексте предложения, соответствующие следующим русским предложениям». Цитаты могут приводиться для подтверждения/опровержения явлений фактического характера и для решения проблемных вопросов. Цитирование имеет место на всех этапах обучения.

III. Задания, связанные с составлением плана к тексту.

- составьте план к данному тексту.
- упорядочите пункты плана в соответствии с последовательностью повествования.
- составьте план в виде тезисов, используя предложения текста.

IV. Задания, связанные с вопросом - ответными упражнениями. Они занимают большое место среди упражнений, стимулирующих и контролирующих понимание текста.

Существует много разновидностей вопросов, направленных на выявление понимания. Примеры заданий такого типа:

- определите, из какой сказки взят этот отрывок.

- выясните, почему текст так называется.
- прочитайте и скажите, о ком это статья.

Многое зависит также от места вопроса: ставиться ли он до текста и после него. Вопрос, ставящийся перед чтением текста, направляет внимание читающего, он обнаруживает тему рассказа, снижая тем самым меру неопределенности. Послетекстовый вопрос способствует переработке конкретной информации, помогает выявить главное и существенные детали.

Вопросы к тексту определяют вид чтения. Так, вопрос общей идеи текста: «О чем идет речь? В чем главная мысль?» или: «Ответьте на вопрос, поставленный в заголовке» - ориентирует на просмотровое чтение текста.

V. Важное место занимают упражнения, направленные на развитие способности предвосхищения.

Этот вид упражнений предполагает использование продуктивных форм работы. Опорой служат при этом содержание абзаца, заголовков, иллюстрации. Выполнение таких заданий обеспечивает условия для последующего понимания. Приведем несколько примеров заданий такого типа:

- прочитайте первый абзац текста и скажите, что, по вашему мнению, сделает вторая дочка.
- прочитайте заголовок и скажите, о чем пойдет речь в том тексте.

VI. В реальной жизни, особенно в ее профессиональной и учебной сферах, приходится часто конспектировать тексты, проникая в их суть, выделяя существенное. В результате такой переработки получается вторичный текст, в котором

наглядно и выпукло представлены основные идеи первичного текста. Эти вторичные тексты замещают во внеречевой деятельности подробные оригиналы. В зависимости от коммуникативной задачи используется при этом разные формы компрессии: рефераты, аннотации, резюме, рецензии. Реферат оперативно знакомит читателя с основным содержанием оригинала; аннотация представляет собой тему оригинала, в ней указан также адресат информации; рецензия выражает оценку читателем произведения, в ней приводятся конкретные факты из первичного текста для доказательства своего мнения; резюме содержит выводы из содержания оригинала.

Так, аннотация может стать результатом просмотрового чтения, поскольку назначение этого вида чтения – выявление главного предмета изложения. Соответствующие задания формулируются следующим образом:

- прочитайте два-три газетных сообщения и расскажите, о чем в них речь, а также для кого их содержание может быть интересным.
- прочитайте текст, определите главную мысль, скажите, представляет ли этот текст интерес для...

Результатом ознакомительного чтения могут быть рефераты и рецензии; рефераты составляются обычно в связи с научно-популярной литературой, рецензии – с художественной и научной. Рецензия передает аргументированное мнение о содержании исходного текста, представляя собой свободное высказывание, в котором для обоснования отдельных положений приводятся цитаты из текста. Рецензию рекомендуется составлять на иностранном языке,



снабдив учащихся языковым материалом для выражения своего отношения к произведению и его оценки.

Заданием, предваряющим собственно рецензирование, может быть анализ готовых рецензий под таким углом зрения:

- прочитайте рецензию на рассказ (кинофильмы, телепередачу), проследите, как в ней сочетается выражение субъективного мнения с привлечением данных из рассказа;

- выявите, как выражается критическая оценка в рецензии, как она аргументируется.

Задания в собственном рецензировании:

- прочитайте текст и скажите, в чем главная идея.
- оцените описание природы, эпохи, места действия.

- определите позицию автора.

- что вы думаете об отношении автора к событиям, героям рассказа?

Понравился ли вам рассказ? Обоснуйте свое отношение к нему.

Следует подчеркнуть, что задания, связанные со снятием языковых трудностей, по-разному соотносятся с видами чтения. Изучающее чтение предполагает выполнение заданий всех типов, направленных на переработку грамматической информации, на обеспечение языковой догадки и на рациональное использование словаря и справочной литературы.

Выполнение этих заданий часто завершается выборочным переводом текста.

Чтение является главной целью обучения иностранному языку.

Целью обучения чтению является формирование умения чтения на коммуникативно достаточном уровне: студенты должны понимать с общим охватом содержания несложные тексты, читать более сложные тексты с извлечением информации из них с использованием словаря и элементов анализа.

Овладение умением чтения достигается с помощью упражнений: на формировании навыков чтения вслух и про себя; на формировании лексико-грамматических навыков при активном и пассивном владении материалом; на развитие коммуникативного умения чтения.

### **Использованные литературы:**


1. Г.В.Рогова, Ф.М.Рабинович, Т.Е.Сахарова. Методика обучения иностранным языком для средней школы. М. 1991, 287 стр.
2. Е.И.Пассов. Урок иностранного языка в средней школе. М., «Просвещение», 1998, 222 стр.
3. С.Ф.Шатилов. Методика обучения немецкому языку. Л., «Просвещение». 1997, 295 стр.
4. А.Н.Щукин. Обучение иностранного языка. Теория и практика, М., Филоматик, 2004, 407стр.
5. И.Л.Бим, Е.И.Пассов. Книга для учителя. М., «Просвещение», 1993, 56 стр.
6. Е.Ф.Шатилов. Методика обучения немецкому языку в средней школе. М., «Просвещение», 1986, 222 стр.
7. В.В.Ардова, Т.В.Борисова, Н.М.Домбровская. Учебник немецкого языка, М., «Высшая школа», 1972, 397 стр.



Айтбала ҚАЙЫРБЕКОВА,  
педагогика ғылымдарының  
кандидаты, оқулық авторы.

# ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРЫС, ҰЙҒЫР ЖӘНЕ ӨЗБЕК МЕКТЕПТЕРІНІҢ 1-4 СЫНЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАР

(Жалғасы. Басы №6 санда.)



СҰРАУЛЫҚ ШЫЛАУЛАРДЫ ДҰРЫС ЖАЛҒАП ҮЙРЕНІ

ма?

ба?

па?

ме?

бе?

пе?

12

АРАЛАРДЫ ГҮЛДЕРГЕ ДҰРЫС ҚОНДЫР!

Нешінші?

5

9

6

16

10

12

-ншы

-нші

-ншы

-нші

-ншы

-нші

13

ЖЕР СЕРІКТЕРІН ДҰРЫС ҚОНДЫР!



КИІМДЕР МЕН АЯҚ КИІМДЕРДІҢ АТАУЫН БІЛ!



Киім

Не?  
Қандай?



аяқ киім



АДАМНЫҢ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІН ДҰРЫС АТА!



шаш



бас



қас



көз

АДАМНЫҢ  
ДЕНЕ  
МҮШЕЛЕРІ

Кім? Не? Қандай?



ауыз  
ерін тіс



құлақ



қол



аяқ



АҢДАРДЫҢ АТАУЫН БІЛ!



піл



маймыл



ақ аю



түлкі

Аңдар

Не?



жолбарыс



бұғы



жылан



тиін



кірпі



қоян





қасқыр





ЗЫМЫРАНДАРДЫ ДҰРЫС ҚОНДЫРЫП, САНАП ҮЙРЕНІ



ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ДҰРЫС АТА .



күнделік



кітап



сурет дәптері



өшіргіш


ОҚУ  
ҚҰРАЛДАРЫ




сызғыш



дәптер



бояулар



қарындаш



БІЛІП АЛ!

ЖИДЕКТЕР

ЖЕМІСТЕР



КӨКӨНІСТЕР



СІЛТЕУ ЕСІМДІКТЕРІН БІЛ.



БҰЛ



МЫНА



ОЛ



МЫНАУ



ОСЫ



АНАУ



АНА



СОЛ



ҚҰСТАРДЫҢ АТАУЛАРЫН БІЛ.



ТОҚЫЛДАҚ



БҮЛБҮЛ



ҚАРЛЫҒАШ



САУЫСҚАН



ШЫМШЫҚ



КӨКЕК



ҚЫРҒАУЫЛ



ТЫРНА



ТОРҒАЙ



ҚҰР



ҚАРАТОРҒАЙ

22

КӨМЕКШІ ЕСІМДЕРДІ БІЛ!

үстінде – на



артында – за

алдында – впереди



ішінде – в



қасында – около,  
возле




астында – под



23

АДАМ НЕ ІСТЕЙДІ ?



БОЛЫМСЫЗДЫҚ ЕТІСТІК ТУДЫРАТЫН ЖҰРНАҚТАРДЫ БІЛ.



(Жалғасы келесі санда.)

**Рахима СОЛТАНҚЫЗЫ,  
Екібастұз қаласындағы  
№11 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.**

## **«ӨТІРІКТІҢ ЗАЛАЛЫ» ҚАЛАЙ ОҚЫТЫЛДЫ?**

Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады. Қазақ тілі пәнінің мұғалімінің мақсаты – мәдениетті түрде білімімен, іскерлігімен қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін көтеру, осы мақсатқа жететіндей тиімді жол іздеу.

Сондықтан қазақ тілінде қатысым әдісі, оның ерекшеліктері мен негізгі қағидалары, тіл үйренудегі осы әдістің ұтымдылығы оның сөйлесімдік дағдыларына сай қарастырылады.

Қай сыныпта болмасын оқытудың коммуникативтік мақсаты негізге алынады. Оқулық бағдарламасы оқушылардың өтілген тақырыптарға сәйкес ауызекі сөйлеу дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Тілді үйрету сөйлеу конструкциялары мен жағдаяттар арқылы жүргізіледі. Бұл осы тілді үйренуде оқушылардың қызығушылығын оятады.

10-сыныптың оқу бағдарламасын алып қарайтын болсақ, бұл оқулықта көбіне-көп қазақ халқының тарихы, мәдениеті, әдебиеті ұсынылған.

Осындай дүниенің бірі – «Тұңғыш ағартушылар» айдарымен берілген мәтіндер.

Мәтіндердің жалпы мазмұны: өмірмен байланысты аңыз әңгімелер, тәрбиелік мәні, сонымен бірге осы өмірге байланысты халықтың наным-сенімдері. Демек, осы межелі міндеттердің негізгі нысандарын басшылыққа алатырып, сіздер қажеттіліктеріңізге жарар деген үмітпен Ы.Алтынсаринның «Өтіріктің залалы» деген шағын әңгімесіне өткізген сабағымыздың үлгісін ұсынып отырмыз.

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – қазақ халқының өмірінде ерекше орын алған сөздермен және сөз тіркестерімен таныстыру, олардың қолданылуын үйрету, өткен грамматикалық материал негізінде оқушыға жаңа грамматиканы меңгерту.

**Сабақта өтілетін грамматика:** қыстырма сөздер.

Бүкіл тақырыпшалар сызбалардың көмегі арқылы бекітіледі. Сызбалармен жұмыс істегенде **интербелсенді** тақтаны қолдануға болады.

**Дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, тіл мәдениетін дамыта қалыптастыру.

**Тәрбиелік** – өтіріктің адам баласына зияндылығын көрсету арқылы ақиқат пен жалғандықтың аражігін ажырата білуге үйрету.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі, орыс тілі.

**Сабақтың түрі:** аралас.

**1. Сабақтың барысы:** Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу, кезекшімен сұхбат, өтілетін тақырыптың мән-жайын түсіндіріп, мақсатын анықтау.

**2. Мәтінмен жұмыс:**

Мәтінде кездесетін жаңа сөздермен танысу (түртіп алу стратегиясы):

а) мәтінді мазмұнын түсініп отырып оқып, ондағы негізгі идеяны беретін тірек-сөздердің астын сызу;

ә) мәтінге жоспар құрып, мазмұндық талдау жасау.

**II. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Ы.Алтынсарин кім?

2. Қандай шығармаларын білесің?

3. Ы.Алтынсарин орыс әдебиетінде қай ақынмен үндес?

4. Олардың ұқсастығы мен айырмашылығын тап?

1. «Ішкі - сыртқы» стратегиясы.

Оқушылар сызбаны жағымды қасиеттер мен жағымсыз

қасиеттерді салыстыра отырып толтырады.

Ішке	Сыртқа

*Тапқыр, мансапқорлық, шешен, ұшқыр қисын, дәлдікпен айту, қисынсыз өтірік, дәлелді сөйлеу, бос қиялдау, ұтымды пікір, өмірге қатыссыз, суайт, аңқау.*

2. Кейіпкер тілінде кездесетін сөздер негізінде мәтіннің мазмұнын анықтау, асты сызылған сөздер актив немесе пассив лексикаға жататынын анықтаңдар.

Кейіпкер	Кейіпкер тілінде
1	<i>Ақ боз ат, алтын тәж, патша</i>
2	<i>Хор қыздары атқарып жүр</i>
3	<i>Бір үйрекке бола келмес деп...</i>

3. Келесі қадам: мына қыстырма сөздерді пайдаланып мәтін мазмұнына сай сөйлем құраңыз.

*Амал қанша, өкінішке орай, ең әдемі, біріншісі, әйтеуір, әрине, сөз жоқ, демек, байқаймын.*

Мысалы: *Амал қанша, екеуіңнің келмейтіндеріңді біліп, үйректі мен жеп қойдым.*

4. Қыстырма сөзді сөйлем ішіне дұрыс орналастыр.

*Мен, жедім, үйректі, сендер, келмейді, деген, оймен, байқаймын.*

№1 кәртiшке.

**I. Сөйлемнен одағайды тауып, түрiн анықта, аудар.**

1. Апырай, күннiң суығын-ай!
2. Қап, үйдiң iшi суып кеттi!
3. Әй, анау кiм?
4. Алақай! Бiз серуенге баратын болдық.

№2 кәртiшке.

**I. Сөйлемнен қыстырма сөздi тауып, қай түрiне жататынын анықта, аудар.**

1. Бақытыма қарай, автобусты көп тосқан жоқпын.
2. Сiрә, мен ертең сiзге барамын.
3. Капитанның айтуынша, ең жақын портқа екi күн жүзу керек.

№3 кәртiшке.

**I. Сөйлемдi жазып, тыныс белгiсiн қой, қаратпа сөздiң астын сыз, аудар.**

1. Балалар кешке мектепте жиналыс болады, кешiкпей келiндер.
2. Каникулда Асқар қайда барасың?
3. Мен каникулда Астанада боламын, сен де болсаң қайтедi, Асқар.

№4 кәртiшке.

**I. Сөйлемге синтаксистiк талдау жаса.**

1. Бiз өз Отанымызды сүйемiз.
2. Өзен сайын электр станциясы салынуда.
3. Мал тауға қарай жайылып барады.

**Бекiту сұрақтары.**

**Тест сауалдары:**

**1. «Өтiрiктiң залалы» шығармасының авторы кiм?**

- а) Ы.Алтынсарин;    ә) А.Құнанбаев;    б) М.Әуезов.

**2. Үш жолаушы не ұстап алды?**

- а) үйрек;                      ә) қаз;                      б) тырна.

**3. Үшеуi не iстедi?**

- а) ұйықтады;              ә) тамақтанды;              б) күлдi.

**4. Үйрек жеген қандай жiгiт?**

- а) қу;                      ә) сұлу;                      б) ұзын.

**5. Кiм зардап шектi?**

- а) екеуi;                      ә) қу жiгiт;                      б) ешкiм емес.

**Нәтижесi:** бұл жаттығуларды орындау барысында оқушы

сабақ не туралы болатындығы жайында мағлұмат алады, ойын жинақтайды, өткен сөздердi есiне түсiредi, жаңа сөздердi таниды, қазақ тiлiне тән дыбыстары бар сөздерге

назар аударады, жаңа сөздерді дұрыс айтуға, оларды есте сақтауға дағдыланады.

**Оқушылардың білімін бағалау.**

**Үйге тапсырма:** 126-бет 4,7-тапсырма, сөзжұмбақ құрастыру.

Қорыта келгенде, технологияның ерекшелігі, құндылығы: білім стандарты бекіткен оқу материалын, грамматиканың барлық оқушылардың қажетті дәрежеде меңгеруін қамтамасыз етеді.



**Диляра ӘБІЛОВА,**  
Петропавл қаласындағы  
Н.К.Крупская атындағы  
№10 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ. «ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҚҰЙРЫҒЫ НЕГЕ АЙЫР?»**

*(5-сынып)*

**Сабактың мақсаты:** **білімділік** – қазақ халқының батыры, жазушы Б.Момышұлының өмірі, шығармашылығы туралы мағлұмат беру, ертегі мазмұнымен танысу; **дамытушылық** – сауатты, дұрыс сөйлеу дағдыларын, ой-өрісін дамыту, қорытынды жасап, өз ойларын тиянақты жеткізе білуге үйрету; **тәрбиелік** – Бауыржан Момышұлының ерлік істерінен үлгі алу, ертегіні оқи отыра жамандықтан жиреніп, жақсылыққа үйрену, адамгершілік, адалдық

касиеттерге тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа білімді игеру сабағы. **Әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, баяндау. **Көрнекілігі:** Б.Момышұлы портреті, оқулық, суреттер, кестелер.

**Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы.

**Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру.** Сәлемдесу.

**2. Жаңа сабақты меңгерту.**

**Мұғалім сөзі:** - Балалар! Әдебиет өмір айнасы болғандықтан ол бізді қоршаған ортамен, біздің өмірімізде болып жатқан оқиғалармен, біздің тарихымызбен тығыз байланысты.

Біздің тарихымыздағы елеулі оқиғалардың бірі – Ұлы Отан соғысы.

- Балалар, Ұлы Отан соғысы қай жылдары болды?

- 1941-1945 жылдары.

- Бұл соғыста ТМД елдерінен 23 миллион адам, 603 мың қазақстандықтар қаза тапты. Қазақстанның да жеңісті жақындатуға қосқан үлесі зор. Қазақстанда құрылған №316 атқыштар дивизиясын генерал-майор И.В.Панфилов басқарды. (Панфилов портреті слайдпен көрсетіледі). Олардың ішінде қазақ халқының даңқты ұлдарының бірі – Бауыржан Момышұлы да бар еді. (Б.Момышұлы портреті көрсетіледі).

Москваны қорғауда ерен ерлігі үшін 28 жауынгерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Алматы қаласында 28 панфиловшылар бағында Мәңгілік от сол батырларға арналған (слайд – Мәңгілік от).

Атақты жауынгер-жазушы Б.Момышұлына Батыр атағы қайтыс болғаннан кейін, 1990 жылы берілді. (Слайд – Н.Назарбаев және Б.Момышұлының ұлы Бақытжан, Батыр атағын беру).

- Батыр атамыздың өмірі туралы, ерлік істері туралы білу, сол кісіден үлгі алу – біздің парызымыз.



Ендеше, тақтаға қарап, оның өмірбаянымен танысып болайық. Бірінші, жаңа сөздермен танысалық:

*Халық қаһарманы – народный герой;*  
*Кеңес Одағының Батыры – Герой Советского Союза;*  
*Атқыштар дивизиясы – стрелковая дивизия;*  
*Ерлігі туралы – о подвиге;*  
*Шығармалары – произведения.*

**Тірек-сызба.**

**Бауыржан Момышұлы  
(1910-1982)**

**Халық қаһарманы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры  
Жамбыл облысы Жуалы ауданында дүниеге келген**

<b>Қайда білім алды?</b>	<b>Ұлы Отан соғысы жылдары</b>	<b>Шығармалары</b>	<b>Бауыржан туралы</b>
Жеті жылдық мектепті бітіріп, ауылда мұғалім болып жұмыс істеді. Әскери міндетін өтеп, командир атағын алды.	№316 атқыштар дивизиясында полк командирі және гвардиялық дивизияны басқарды.	«Офицердің күнделігі», «Москва үшін шайқас», «Ұшқан ұя».	Орыс жазушысы А.Бек оның ерлігі туралы «Волоколам тас жолы» повесін жазды.

**Мұғалім сөзі:** - Алматы қаласында Б.Момышұлы есімімен республикалық әскери мектеп, лицей, 1 көше және туған жерінде жазушы атында мектеп бар. Мектептің әнұраны батыр атамызға арналған.

*Бір оқушы әнұранды жатқа оқиды.*

**Мұғалім сөзі:** -Балалар, мен сендерге мынадай сұрақ қойғым келіп тұр, қазір қандай жыл мезгілі?

- Көктем.
- Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Күн жылынады, көк шығады, құстар ұшып келеді.
- Қандай құстарды білесіңдер?
- Торғай, аққу, көгершін, қарлығаш.
- Тақтада қарлығаштың суреті. Қарлығаш қандай құс?

- Ол – дала құсы, қасиетті құс, адамның досы. Қарлығаш қай үйге ұя салса, сол үйге бақ қонады деген. Қарлығаш деген есім де бар, қазақ халқы балаларын «қарлығашым» деп еркелетеді.

- Осы қарлығаш пен Б.Момышұлының арасында қандай байланыс бар?

- Ол «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген шығарма жазған.

### Жаңа сөздермен танысу.

Мәтінді оқып шығып, кейіпкерлерін атау, рөлге бөліп оқу. Мәтін бойынша тапсырмалар:

#### 1. Сүлеймен патша нелердің тілдерін білді?



#### Сүлеймен патша қандай адам болған?

ақылды

әділ

#### 2. Қарлығашқа мінездеме бер.

#### 3. Қайсысы қалай ызындайды?

Маса –

Шыбын-

Ара-

Сона-

#### Жаңа сабақты бекіту. Деңгейлік тапсырмалар.

- Ертегі бойынша сурет сал.
- Мына сөз тіркестерін аудар.

*Жил-был, справедливый, знал язык, змея, ласточка, дает распоряжение.*

- Сүлеймен патшаға мінездеме бер.

#### Семантикалық кестені толтыр.

№		патша	жылан	маса	қарлығаш
1	Ақылы асқан әділ адам.				
2	Мен және менің ұрпақтарым ең тәтті қанды сорып өтсін.				
3	Кімнің қаны тәтті екен, масажан?				
4	Адамның қаны тілімнен әлі кетер емес.				
5	Айтқаның болсын! Бақа саған бұйырыпты, жыланеке.				
6	Масаның тілін жұлып алады.				+

### Кестені толтыр.

Шығарманың аты	Авторы	Тақырыбы	Идеясы	кейіпкерлер	
				Жағымды	Жағымсыз

**Шығарманы композициялық құрылысы бойынша талда.**

Шығарманың басталуы.

Шарықтау шегі.

Шешімі.

**Бағалау. Тест.**

Мұғалім сұрақтарды оқиды. Мұғалімнің ойымен келіссе «+», келіспесе «-» қояды.

1. Б. Момышұлы – Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр.
2. Б. Момышұлы Семей облысында туды.
3. Ол полк командирі болды және дивизияны басқарды.

4. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» шығармасын ертегі жанрына жатады.

5. Ертегіде қарлығаш – жағымсыз кейіпкер.

6. Сүлеймен патша ақылды, әділ адам болған.

7. Жылан тілі қарлығаштың құйрығын тіліп өтеді.

Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын тексеріп, бағалайды.

### **Үй тапсырмасы:**

1. Б. Момышұлының өмірбаянын мазмұндау.

2. Ертегі бойынша сахналық көрініс дайындау.

3. Ертегі бойынша сурет салу (ерікті тапсырма).



**Бақыт ТОҚАПҚЫЗЫ,**

**Орал қаласындағы**

**№7 жалпы орта білім беретін**

**мектептің мұғалімі.**

## **«СЕГІЗ АЯҚ» СЫРЫ**

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – өлеңнің композициялық құрылысы, түрімен таныстыру, мазмұнын ашу, тілін талдау; дамытушылық – өлең мәтінін мазмұндаудағыларын қалыптастыру, шығармаға талдау жасай отырып, өз пікірін айтуға баулу; тәрбиелік – «Тіршіліктің тұтқасы – еңбек пен білімде» ғана деп түсінген ақын ойының қазіргі замандағы маңыздылығын ұғындыру, өлеңдегі афоризмдер арқылы азаматтыққа, парасаттылыққа жатпайтын мінездерден сақтандыру, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Сабақтың айдары:** Бойда – қайрат, ойда көз  
Болмаған соң, айтпа сөз.

**Әдісі:** проблемалы оқыту әдісі, баяндау, түсіндіру, зерттеу. **Көрнекілігі:** Абай портреті, интерактивтік тақта,

Абай өлеңдері, ұнтаспа.

**Мұғалім сөзі:** - Бүгін сабақта Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңімен танысамыз. Өлең – Абайдың заман, оның адамдары, оларға өзінің қатысы туралы ой толғауы, көңіл сыры, жан толғанысы. Мазмұнына түрі сай өлең. Бұл жағынан өзінің де, өзгенің де өлеңдеріне ұқсамайтын керемет келісті, аса көркем жазылған туынды.

Өлеңнің әр шумағы 8 тармақтан тұрады. Осындағы 1-2 және 4-5 жолдар өзара ұйқасады. Бәрінің буын саны бірдей – 5. Ал 3-ші және 6-шы жолдардың буын саны бірдей - 8-ден және өзара ұйқасады. 7-ші және 8-ші жолдар ұйқасып, 8 буынан тұрады. Өлеңнің бұл келісті жаңа түрін Абайдың өзі шығарған. Жалпы, жаңа өлең түрін жасау – өте қиын. Ол Абай сияқты ақындығы аса күшті адамның ғана қолынан келеді. Өлеңнің әр шумағы түрі мен мазмұны жағынан тұтас, аяқталған шығарма бөлігін құрайды.

Өлең екі тілде оқылады.

Сөздік жұмыс (түсінікті емес сөздерге түсінік беру).

Өлеңнің жай жоспарын жасау.

Өлеңнің әр шумағына тақырып қою (шумақтағы логикалық ойды табу) сөздік жұмысы жоспармен байланыстыра жүргізіледі.

**1-шумақ:** *Сөздің құдіреті.*

Өлең ақынның өз басының мұңын өлеңге шаққан арнауынан басталады. Абай өлеңді «Сөз патшасы» деп өте жоғары бағалай отырып, ондай өлеңді «ер данасы» ғана, яғни, нағыз ақындар ғана қиыннан қиыстырып, тудыра алатынын айтты. Ол өлеңнің түрі мен мазмұнының жарасымдылығына және ондағы ойдың тереңдігіне ерекше мән берген.

**2-шумақ:** *Өрнегін сендей сала алмас.*

Абай әннің, күйдің адамның адамшылығын арттыратын, жүрегін тәрбиелейтін рөлін өте жоғары бағалаған. Ақынның «Толғауы тоқсан қызыл тіл, өткірдің жүзі, кестенің бізі

өргенін сендей сала алмас» деуінің мәнісі зор.

**3-шумақ:** *Әдеті надан адамның.*

Абай ақындық өнер – еріккеннің ермегі емес, ол – қоғамды түзетуші ұлы күш деп қараған. Жаман әдет, жат мінездің халық арасында етек алуы «Жұмысы жоқтық пен тамағы тоқтықтан»... ішкен-жегенге мәз болып, талапсыз, еңбексіз оқусыз, білімсіз «Хайуанша күн кешуден» деп ой топшылайды.

**4-шумақ:** *Қайнайды қаның,  
Ашиды жаның...*

Екінші жағынан, олардың қылығына, тіршілігіне жаны ашиды. Бұл тұста ақын философиялық терең қорытынды жасайды.

*Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық  
Аздырар адам баласын.*

**7-шумақ:** *Еңбек қылсаң ерінбей –  
Тояды қарның тіленбей.*

«Еңбекпен адам боласың, еңбек етуді қоюмен – адамдықтан шығасың», - дейді.

**12-шумақ:** *Ауырмай тәнім,  
Ауырды жаным.*

Ақыл сөзге ермей, қор еткен надан, топас, озбыр ортадан безінген кемеңгер өзінің жалғыздық мұңын шағады.

**21-шумақ:** *Ғылымды іздеп.*

Адамды құртатын надандықтан арылып, өнерге шақырған ақын қоршаған ортасында ыза мен түсінбестікке тап болады.

**22-шумақ:** *Баяғы жартас – бір жартас.*

Ақын айтқанына құлақ асар жан табылмағанына күйінеді. Өзін қоршаған қауымды жартасқа, сөзінің әлгі қауымға әсерін тілсіз жартастың жаңғырығына балайды.

**25-шумақ:** *Сөзімді ұғар елім жоқ.*

Ақын надандыққа, ақымақтыққа қарсы күрестен

қажығандығын, оның замандастарына берген ақылының халыққа көмек болатынына күмәнданады. Адамдардың арасындағы рухани жалғыздығын сөз етеді. «Сегіз аяқтағы» Абай мұңы мен зары – түптеп келгенде, дәуір мен халық қайғысының көрінісі. Абай соның бәрін жиып, өз атынан, өз басынан кешкен сезім арқылы айтты.

### Кестені толтыру (Интерактивтік тақтамен жұмыс)

Абай Құнанбайұлы. «Сегіз аяқ»	
<b>Тақырыбы</b>	Абайдың заман, оның адамдары, оларға өзінің қатысы туралы ой толғауы.
<b>Идеясы</b>	Жаман әдеттер, жат мінезден арылуға, білім алып, өнер үйреніп, халыққа пайдасын тигізетін азаматты аңсайды.
<b>Өлеңнің тілі</b>	1,2-шумақта - өлеңге арнау. Эпитеттер – күлкішіл, керден, наданның, ұятсыз, арсыз. Символдық образдар: санасыз бала, зорлықшыл ел билеуші, ұятсыз әйел, арамза дос.
<b>Өлең құрылысы</b>	25 шумақ. Әр шумақта 8 тармақ 1,2 және 4,5 жолдар өзара ұйқасады. Бәрінде буын саны – 5. 3-ші және 6-шы жолдардың буын саны - 8-ден және өзара ұйқасады. 7-ші және 8-ші жолдар ұйқасып, 8 буыннан тұрады.

**Тапсырма:** өлеңнің мәтінінен афоризмдерді теріп жаз.

Үнтаспадан «Сегіз аяқ» өлеңін тыңдау.

**Бекіту сұрақтары:** 1. Абай қазақ поэзиясына қандай жаңалық енгізді?

2. Абай поэзияны қалай бағалаған?

3. Абайдың рухани жалғыздығының себептері не деп ойлайсың?

**Үй тапсырмасы:**

1. Жоспар бойынша өлеңнің мәтінін мазмұндап келу.

2. Ұнаған шумақтарын жаттау.



# АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға Абай өлеңдерін барынша терең меңгерту, жатқа айту, өлеңді талдау машығын жетілдіру, теориялық ұғымдарды түсіндіру, этнографиялық танымдарды кеңейту; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ету, ойлау қабілеттерін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру; **тәрбиелік** – оқушыларға эстетикалық, экологиялық тәрбие беру, олардың поэзия, саз өнері, бейнелеу өнері секілді көркем өнер дүниесіне сүйіспеншіліктерін арттыру. Абай ұлылығын терең сездіру, туған табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

**Түрі:** жарыс сабақ (топтық). **Әдіс-тәсілі:** баяндау. «Ой қозғау», «Дөңгелек үстел», «Кубизм», Венн диаграммасы. **Топтық жарыс. Пәнаралық байланыс:** тарих, ән-күй. **Көрнекілік:** сұрақты тапсырмалар салынған конверт, ақын портреті, Абай сөздері жазылған плакаттар, қосымша дидактикалық материалдар. О.Сүлейменов, М.Шаханов суреттері.

**Сабақ барысы: 1.Ұйымдастыру.**

**Қызығушылықты ояту.**

Оқушыларды топқа бөлу. Топ басшысын сайлау.


Ой қозғау: «Дөңгелек үстел» стратегиясы бойынша берілген ақ парақтарға жыл мезгілдері туралы сипаттап



жазады. 1-топ – жазғы табиғат туралы. 2-топ – қысқы табиғат туралы жазады. Әр топтан бір оқушы оқиды.

## 2. Өткенді пысықтау.

Өткенді пысықтау мақсатында «Абай әлемі» тақырыбына кластер әдісі бойынша қойылған сұрақтарға дұрыс жауабын тауып іледі.



1. Абай қай жылы туған? (1845 жылы 10 тамыз.)
2. Туған жерін ата. (Семей облысы, Шыңғыстау тауының бөктері.)
3. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим.)
4. Абайдың әжесінің аты кім? (Зере.)
5. Абайдың арғы аталары кімдер? (Өскенбай, Ырғызбай.)
6. Шешесінің аты кім болған? (Ұлжан.)
7. Құнанбайдың неше әйелі болған? (4 әйелі.)
8. Абайдың «дүниеге көзін ашқан» кім еді? (Михаэлис.)
9. Семейдегі Абай оқыған медресе қалай аталған? (Ахмет-Риза.)
10. Абайдың руы қандай? (Тобықты.)

- Бүгін біз Абайдың табиғат лирикасы жайында сөз етпекпіз. Ең алдымен «лирика» деген сөзге түсініктеме беріп алайық. Лирика дегеніміз – ақынның ішкі жан дүниесінің сезім күшімен тебірене толқуы, өз басының көңіл-күйі, күйініш-сүйініші тән. Лириканың 4 түрі бар.



**философиялық    саяси    махаббат    табиғат**

- Табиғат – адам өмір сүретін, тіршілік етер ортасы. Онсыз өмір жоқ. Міне, осы табиғат көріністерін, оған

бөлінген қазақ даласындағы өмірді, тұрмыс-халді суреттеуге Абайдың көптеген өлеңдері арналған және Абайдан бұрын табиғат көріністерін мұншалық терең әрі жан-жақты жырлаған ақын болған емес. Жылдың 4 мезгілі туралы жазылған өлеңдері бейнеті мен азабы мол, мал баққан шаруаны, баянсыз көшпелі ауылды көрсететін сұлу шығармалар болып табылады. Табиғатқа жан бітіруді ұлы Абай орыс классиктерінен үйренген. Бұл өлеңдерін ақын 1886-1890 жылдар аралығында жазған. Біз бүгін Абайдың жыл мезгілдеріне байланысты «Қыс», «Жазғытұры», «Күз», «Жаз» өлеңдеріне байланысты жарыс сабақ өткізбекшіміз.

Жарысқа 2 топ қатысады.

1-топ – «Жаз», «Күз» (1886-1888 ж.)

2-топ – «Қыс», «Жазғытұры» (1888-1890 ж.)

Жарыс 5 бағыт бойынша өтеді:

1. Поэзия. 2. Теория. 3. Ән-күй. 4. Этнография. 5. Экология.

Жарыс сабақтың мақсаты: өнер-білімдерін жан-жақты байқау. Әр бағыттың арнайы сұрақ тапсырмалары бар.

### **1-бағыт – Поэзия.**

1-тапсырма: әр топтың мүшелері 3 шумақтан бірін-бірі жалғастырып, өлеңді мәнерлеп жатқа айту керек.

2-тапсырма: әр топ өздеріне арналған сұрақтарға жауап береді.

1) «Жаз», «Күз» тобына:

а) Өлеңде күздің қандай белгілері суреттелген?

ә) Ауыл тұрмысы қалай көрсетілген?

2) «Қыс», «Көктем» тобына:

а) Ақын қысты қандай бейнеде суреттеген?

ә) Қыстағы адамдардың тіршілігі қалай бейнеленген?

### **2-бағыт – Теория.**

1-тапсырма. 1-топқа – «Күз», «Жаз».

1) Эпитет дегеніміз не? «Күз» өлеңінен мысал келтір.

2-тапсырма. Әр топ өз өлеңдерінің құрылысына талдау

жасайды. Бунақ деген не?

1) Өлең шумағы неше тармақтан тұрады? (4)

2) Әр тармағын буынға бөліп, неше буынды өлең екенін анықта.

3) Өлең неше шумақтан тұрады?

### **3-бағыт – Ән-күй.**

Абайдың табиғат туралы әндерін шырқау жарысы. Қай топ көп айтады.

### **4-бағыт – Этнография.**

Өлеңдерде кездесетін қазақтың көне тұрмысына, шаруашылығына қатысты кейбір сөздеріне түсінік беру.

1. “Малма” деген не? “Малма сапсу” дегенді қалай түсінесіңдер?

2. “Шуда жіп” деп қандай жіпті атаған? Оны қалай түсінесіңдер?

3. “Шом, шомшы” деген не?

4. “Күзеу” деген не? Көшпелі қазақтардың қысқы, жазғы қоныстары қалай аталған.

5. “Алты қанат үй” деген қандай үй? Киіз үй неше қанат болуы мүмкін? Киіз үй қандай бөліктерден тұрады?

6. “Шидем” деген не?

7. “Ене” деген кім? Қазақша қандай туыстық атауларды білесің?

8. “Құда” деп кімді айтады?

### **Жауабы:**

1. “Малма” – тері илейтін ашытқы, иге салатын теріні асты-үстіне шығарып, араластыруды “малма сапсу” деген.

2. Түйенің шудасынан иірілген жіпті “шуда жіп” деп айтады. Оны әжелер ұршықпен иірген.

3. Шом – түйенің беліне жүк батпас үшін салынатын жұмсақ нәрсе, шомшы – түйемен жүк тасушы адам.

4. Күзеу – малшылардың күзде отыратын қонысы, жайылымы. Қысқы қоныс – қыстау, жазғы – жайлау делінген.

5. Киіз үйлер керегесінің санына байланысты 5,6,7,12 канат болып келеді. Ол мынадай бөліктерден тұрады: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, түндік, туырлық, үзік, басбау, белбау, т.б.

6. Шидем – қойдың жабағысынан тігіп, сыртын маталап қаптаған киім. Оны «күпі» деп те атаған. Қазақта сондай-ақ, тон, ішік, тымақ, бөкебай, түлкі, құлақшын, пима, байпақ, т.б. киімдер бар.

7. Келіндер күйеуінің шешесін «ене» деп атаған. Туыстық атаулар: апа, көке, ата, әже, жезде, аға, жеңге, балдыз, абысын, келін, құда, құдағи, құда бала, құдаша, бөле, нағашы, жиен, жиеншар, сіңілі, қарындас, қайын сіңілі.

8. Қыз алысып, қыз беріскен адамдар «құдалар» деп аталады. «Құда – мың жылдық, күйеу – жүз жылдық», «Құданды құдайыңдай сыйла».

**5-бағыт – Экология.** Ой толғау.

2 топқа конверттің ішіне салынған 2 сурет беріледі.

(Мұхтар Шаханов, Олжас Сүлейменов)

**Сұрақтар:**

1. Бұл кімнің суреті? Оның бүгінгі сабаққа, экологияға қатысы қандай? Қандай еңбектері бар?

2. Олардың табиғат қорғау жөніндегі қызметі туралы не білесіңдер?

**Қорытындылау.** Біз бүгін не білдік, не үйрендік?

**Бағалау парағы:** әр стратегия бойынша дұрыс жауап берген топқа бір ұпай беріп отырамын. Сабақ аяғында есептеп бағалаймын.

Топтың №	Өткенді пысықтау	«Дөңгелек үстел»	«Кубизм»	«Ой толғау»	Қорытынды
1-топ					
2-топ					

Жеңімпаздарды марапаттау.

**Үйге тапсырма:** «Табиғатым – махаббатым» атты эссе жазу.

## КҮЙ ҚҰДІРЕТІ – ҚҰРМАНҒАЗЫ

**Сабақтың мақсаты:** кең даланы күй құдіретімен баураған күйші Құрманғазы Сағырбаевтың өмірімен таныстыру, сөздік қорын байыту, оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру, қазақ халқының атақты адамдарын мақтан етуге тәрбиелеу, білімге, өнерге баулу.

**Әдіс-тәсілдері:** әңгімелеу, ауызша, жазбаша түсіндіру, көрнекілік, ізденіс әдістері. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, Құрманғазының портреті, Ахмет Жұбановтың зерттеу кітаптары, күйлері, Хамит Ерғалиевтің шығармалары.

- «Сарыарқа» күйін тыңдаймыз.
- Балалар, мына күй сендерге таныс па?
- Көз алдарыңа не елестейді?
- Дұрыс, бұл – «Сарыарқа» күйі.
- Иә, бұл – Құрманғазының күйі.
- Осы адам туралы не білесіңдер?

*(оқушылардың жауаптары)*

- Бүгін сабақтың тақырыбы қандай?
- Сабаққа қандай мақсат қоясыңдар?
- Қазір Құрманғазы туралы шағын ақпарат тыңдаймыз.  
(Ал, сендер сұрақтарға жауап бересіңдер.)

**Жаңа сабақ.**

Құрманғазы Сағырбайұлы Атырау облысы, Теңіз ауданында Жиделі деген жерде 1816 жылы өмірге келген.

Оның нағашы жұрты шетінен ақын, әнші болған. Анасы Алқа тұңғыш ұлының қолына домбыра тисе көңілі көтеріліп, қуаныш сезімге бөленетінін байқайды. Құрманғазының табиғи талантын бірден Ұзақ күйші аңғарып, ақ батасын береді. Құрманғазы ел аралап бағын сынайды. Ол батыл адам болған. Өз шығармаларында азаттықты армандайды.

### **Сөздік жұмыс.**

Сөздерді балаларға хормен айтқызу, сөздік дәптерге жазу.

*Кедей шаруаның отбасында – в крестьянской семье;*

*Жетілдіру – совершенствовать;*

*Азаттық үшін – ради свободы.*

### **Топпен жұмыс.**

1-топ – «Сұхбат» құрады.

2-топ – «Сөйлесу», өзара жалғастырып сөйлесу (кітап бойынша.)

3-топ – Сызба құрады.

- Қазір 5 жол өлең жазайық.

*Балаларды мақтау, қошеметтеу.*

- Үй жұмысын тексеру.

1-топ Құрманғазының портретін сипаттайды.

2-топ «Құрманғазы» дастанын жатқа айтады.

## **Арнау**

Мұңдасы, көшкен елдің қиялдасы,

Ал, тебірен, ақ сақалды күй атасы.

Келеді сені тыңдап баяғыдан

Өлкеңнің өзен, тауы, қия тасы.

Білмеймін, қанша жанға күйің дарып,

Ашулы, ащы өзегін өтті жарып...

Білмеймін, «Сарыарқаңмен» қош айтысып,

Қанша жан қабіріне кірді барып.

Келмейді оны ойлағым, баяулағым,  
Сен маған, әр толқыны аяулы ағын.  
Тасимын тасқыныңмен бірге сенің,  
Келмейді ұзақ жолға жаяулағым.

Бір қызың мені туды толғасын деп,  
Адамның асыл жанын талғасын деп.  
Бұлыңғыр замандағы ата Құрман  
Жүрегін жүрегіме жалғасын деп.

3-топ «Кішкентай» күйінің шығу тарихын айтады.

Академик А.Жұбановтың болжамынша, «Кішкентай» Исатай-Махамбет көтерілісіне арналған. Құрманғазы жас кезінен қашып жүріп, Махамбетті іздеп, оны ақылшы, қамқоршы тұтады. Махамбеттің қайсарлық, тапқырлық қасиеттерін көреміз.

«Кішкентай» күйін тыңдаймыз.

Тест сұрақтарына жауап беру. Оқушыларды бағалау.

- Балалар, біз қазір деректі фильмді көреміз, сендер келесі сабақта ақпарат арқылы мәтіннің мазмұнын әңгімелеп бересіңдер.

**Рефлексия жасау.**

- Балалар, сабақта қойылған мақсаттарыңа жеттіңдер ме? Құрманғазының қандай күйлерін білдіңдер? Күйлерінде нені бейнелеген? Күйші не үшін күресті? (Оқушылар жауабы).

- Ал, сау болыңыздар!



## ҰҚСАСТЫҚ

- Әй, анау иттен байқа, үндемей жатып қауып алатыны бар,- деді құрдасы.

- Е, иттің иесіне тартатыны рас болды ғой онда.

(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1997 ж., 284-бет.)

Сырғалы ӘСІМҚҰЛ,  
Т.Кенжебаев атындағы  
орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Алматы облысы,  
Еңбекшіқазақ ауданы,  
Шелек ауылы.

## ОҚЫРМАНДАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ОҚУШЫ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТЕДІ

Оқушыны көркем әдебиет оқуға жетелеу, қандай кітап оқуға кеңес беру – біздің пәннің мұғалімдерінің міндеттерінің бірі. Әсіресе, қазіргі таңда баланың кітап оқуы – баршамызды толғандырып жүрген күрделі мәселе. Орта буын оқушыларына тілі жеңіл, түсініп оқуға оңай шығармаларды дұрыс таңдауға мұғалім көмегі қажет-ақ. Өйткені қандай істің болсын алғашқы қадамы кейінгі үлкен іске даңғыл жол болады емес пе? Сондықтан өз тәжірибемде бұл жұмысты күн тәртібінен түсірмеуге тырысып келемін.

3.Ахметованың «Шуақты күндер» кітабы бойынша оқырмандар конференциясы.

**Мақсаты:** 1. Көркем шығарманы ой түйіп оқуға жетелеу;  
2. Негізгі бөлім: Өз ойларын әдеби тілде ауызша әңгімелеуге дағдыландыру; 3. Осы көркем шығарма арқылы ұлттық имандылықты, патриотизмді, адамгершілік қасиеттерді үлгі ете отырып, жас ұрпақтың бойына сіңіру;

**Көрнекілігі:** шығармадан алынған көсемсөздер (Б.Момышұлының), Б.Момышұлы өміріне қатысты фотосуреттер. **Конференция әдістері:** өздік іздену жұмыстары, ойталқы, ой, пікір айту.



## **Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Безендіру, оқушыларды орналастырып отырғызу.

**Мұғалімнің кіріспе сөзі:** - Жыл өткен сайын «Тіл апталығы» дәстүрін кеңейтіп, мазмұнын тереңдетіп, маңызын марқайтып келеді. Оған сыныбымызда, мектебімізде, кітапханаларда, тіпті, теледидар хабарларында да өтіліп жатқан шаралар дәлел.

Ал, бүгінгі біздің конференциямыздың мақсаты мен тәрбиелік маңызын өзінше дара деуге болады.

Жалпы, тіліміздің байлығын бүгінгі күнге жалғастырған – асыл әдебиетіміз десек, бүгінгі күнгі рухани дүниеміз – көркем әдебиет. «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», - деп А.Байтұрсынов айтқандай, тіл мәселесі әр ұрпақты ойландыруы қажет. Тілімізді күннен-күнге дамыту, аясын кеңейту ұран түрінде емес, саналы түрде оқып-зерттеп, танып-біліп, жаттап-жаттығып, ой түйіп айта білуімізбен айшықталуы қажет.

**«Кітап-адамзат баласы ойлап тапқан игіліктердің ішіндегі ең ұлы әрі ізгі жаңалығы», - деген екен Ахмет Байтұрсынұлы.**

Ендеше, бүгінгі шарамызда осы бір игілікті біз өз тілімізді, ойымызды, тәрбиемізді, санамызды өрістету үшін қалай пайдаландық, соны ортаға салайық.

3. Ахметованың «Шуақты күндер» атты естелік-кітабы келінінің даңқты атасының ғұмыры жайлы жазған естелігі десек те болады. Ойымызды жинақтап, сөйлеу үшін де әдемі көңілдің күйі керек.

Олай болса, бір күй тыңдап алайық.

Құрманғазының күйі – «Адай». Орындайтын – Қалиева Самал.

Ең алдымен негізгі кейіпкер жайлы 8-сынып оқушыларының ізденістеріне кезек берейік.

1. «Б.Момышұлы – жазушы», «Б.Момышұлы – қазақтың халық батыры» деген тақырыптағы мәліметтерге құлақ салайық. Оқушылар батыр-жазушы жайлы рефераттарын оқиды.

2. «Оқығаныңды өз ойыңмен түйіндеп әңгімеле» атты плакатта сұрақтар беріледі.

1. Осы кітапты жазуға авторға не себепші болды? Автор жазушы ма еді?

2. Келіні атасы Б.Момышұлымен қалай танысып еді?

/Қандай тәрбие түйдің?/

3. «Перзентханадағы гүл» /Ой қозғау/

4. «Өзі кінәлі болғанда бар тәкәппарлығын ысырып тастап, бала екеш баладан кешірім сұрауға арланбайтын».

5. «-Мынау да Момышұлы! Момышұлы үшінші! Менің немерем – Ержан!- деп қай жерде айқай салды?

6. «Жаман әйел ыдыс-аяқтан өшін алады» дегені не?

7. «Не істегенсіздер? Что за безобразие?» - деп не үшін ашу шақырды?

8. «Сабырлығы сыр айтсаң, сыр түбіне жете тыңдайды». Атасы келініне қандай дәреже берді?

9. Шеген бидің жоқтауы:

Аспанда ұшар лашын,

Лашын жаяр құлашын.

Атамды алған құдайдың

Келіні мендей жыласын! -

деген жоқтауын кім, қай жерде қолданады?

- Дана тұлға, дара тұлға Б.Момышұлының кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық қағазда хаты қалды, өнегелі ісі мен ізі қалды. Не айтса да тәрбиемен ұштастыра бере білген екен.

Енді сәл үзіліс жасап, Б.Момышұлының жұмбақтарын шешіп көрейік:

1. Он екі бием бар еді, алтауы буаз, екеуі неғайбыл, екеуі тесік өкпе, екеуі күнқақты.

/Қойдың онекі мүшесі: алты жілігі, екі кәрі жілігі, екі жамбасы, екі жауырыны/

2. Борп-борп борпылдақ, (күл)  
Борпылдақта қызыл тақ (от)  
Қызыл тақта үш тармақ (мосы)  
Үш тармақта шұқыршақ (қазан)  
Шұқыршақта балқаймақ (тамақ)  
Бал қаймақта сұр жайдақ (қақпақ)  
Сұр жайдақта сері бойдақ (ожау)

### **Мұғалімнің сұрақтары:**

- Көркем шығарманың шырайы – мағыналы да, мәнерлі мақал-мәтелдерде. Осы шығарманың да мәйегі – мақал-мәтелдері екені даусыз.

Оқылған мақал-мәтелдердің қандай жағдайға қатысты келтірілгенін әңгімелеп беріңдер.

1. «Батыр аңғал болады».
2. «Тоны жоққа сәлем айт, етігі жоққа өзім барам».
3. «Талқаның таусылмай, табытқа түспейсің».
4. «Жастығың ойыңа түссе, нағашыңа бар, жігіттің ойыңа түссе, қайыңа бар».
5. «Асы жоқ алтын табақты атып ұр да, отқа жақ».
6. «Түйенің нарқы артса, қотыр тайлақ тайрандайды».
7. «Бала ішегін шұбатып жүріп ойнайды, Егіншінің баласы арық қазып ойнайды».

- Б.Момышұлының артында батырлық даңқы, даналық сөздері, өнегелі істері қалды. Осы естелікте де біразы айтылады. Енді сендер тиісті сөздерді тауып қойып көріңдер.

«Абайдың артына қалдырған ..... мұрасына сүңгі, ..... жылынасың, ..... салқындайсың, ..... бара жатсаң арнаға түсесің, ..... алға ұмтыласың».

**(Қажетті сөздер: мұхит, мұздасаң, күйсең, тасып, қалып қойсаң)**

2. Өз ..... тілі шықпаған баланың соры қайнайды. ....

тілді білу – артықшылық, ана тілді білу - ..... Өз тілін сезбеген бала ..... татпаған жетіммен бірдей.

**(Қажетті сөздер: ана тілінде, өзге, міндетің, ана сүтін)**

- Сонымен, кітап оқылды, талданды, көңілге түйілді.

Батыр ата не айтса да тереңнен тауып, сүзіп айтқанына көзіміз жете түсті. Әсіресе, халықтық тәрбиеге баса назар аударып отырғанын аңғару қиын емес. Мәселен, жыл қайырудың өзін балаға лайықты, халыққа қалауымен қиыстыра келтірген, еске түсірейік:

1. Тышқан жылы – тыныштық;

2. Сиыр жылы – сыйлы;

3. Барыс жылы – бірлікті;

4. Қоян жылы – қамбалы;

5. Ұлу жылы – үлгілі;

6. Жылан жылы – жайлы;

7. Жылқы жылы – жұтсыз;

8. Қой жылы – құтты;

9. Мешін жылы – мейірлі;

10. Тауық жылы – табысты;

11. Ит жылы – игілікті;

12. Доңыз жылы – дүниелі.

- Бүгінгі З.Ахметованың «Шуақты күндер» естелік повесі бойынша конференциямызды кітаптағы жас әскери өрендердің батырға қойған:

- Сіз соғыста қорықтыңыз ба? – деген сұрағына батыр атамыз қалай жауап бергенімен қорытындылайық.

**Мұғалімнің қорытынды сөзі:** - Бүгін біз З. Ахметованың «Шуақты күндер» атты естелік кітабы бойынша алған әсеріміз төңірегінде ой қозғадық. Пікір алысып, өзімізге үлкен ой түйдік. Кітап қашан да көкжиекті кеңейтетінін, жанымызға рухани нәр беретінін естен шығармайық, оқырман!

Гүлбақыт ТУҒАНБАЙҚЫЗЫ,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
«Мемлекеттік тіл» кафедрасының  
аға оқытушысы.

## «ҚАЗАҚ ЕЛІ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ»

**Сабақтың мақсаты:** ойлау қабілетін арттыратын сұрақтарды пайдалану арқылы студенттердің ойын дұрыс жеткізуге үйрету, білімдері мен біліктіліктерін толықтыру, коммуникативтік дағдыны қалыптастыру. Проблемалық сұрақтар қою арқылы тақырыпқа байланысты сөйлеу жағдаятын бекіту, студенттердің туған елге, жерге, тіліне деген сезімін ояту, оларды ұлтын сүйуге, туған жердің қадірін білуге, адамгершілік қасиеттерге, ұлттық дәстүрлерді қадірлеуге үйрету.

**Көрнекілігі:** қазақ елінің Елтаңбасы мен Туы, буклеттер, үлестірмелі кәртішкелер, альбомдар, кітаптар, архив суреттері, Қазақстан қалаларының суреттері, карта, сөзжұмбақ, магнитофон, слайдтар.

**Сабақтың барысы. 1.** Ұйымдастыру кезеңі.

Танымдық сұрақтарға жауап беру:

- а) Отанымыз қалай деп аталады?
- ә) Қазақстан қандай мемлекет?
- б) Қазақстан туралы не білесіздер?
- в) Қазақтың белгілі адамдары туралы не айтасыздар?
- г) Қазақстан туралы тағы не айтуға болады?
- д) Қазақстан Республикасының негізгі шаруашылықта-рын атаңыздар.
- е) Қазақ жерінде қандай қазба байлықтар бар?

ж) Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан бергі тарихы туралы не білесіздер?

Жаңа тақырып: **«Қазақ елі. Қазақстан Республикасы».**

Қазақстан **батысы** мен **солтүстігінде** Ресеймен, **оңтүстігінде** Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан, **шығысында** Қытаймен шектеседі. Қазақстанның жер көлемі **ұлан-байтақ**. Қазақстанның жеріне Франция, Испания, Португалия, Италия, Греция, Швеция, Норвегия, Финляндия мемлекеттерінің жер көлемі сияды. Қазақстан дүние жүзінде жер көлемі жағынан 9 орын алады. Қазақстан халқының саны 17 миллионнан астам. Қазақстан – көп диаспоралы мемлекет. Мұнда 130-дан астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүреді.

Қазақстан астанасы – Астана қаласы. Астана Қазақстанның солтүстігінде, Сарыарқаның жазық даласында орналасқан.

Қазақстанның тарихи жерлері: **Отырар, Тараз, Түркістан.**

Елдің солтүстігі **орманды**, ал оңтүстігі **таулы** болып келеді. Орталық Қазақстан **жазық** далалы.

Қазақстанның өзендері: **Ертіс, Есіл, Жайық, Сырдария, Іле.**

Ең үлкен көлдері мен теңіздері: **Балқаш** пен **Зайсан** көлдері, **Арал** мен **Каспий** теңіздері.

Қазақ халқының негізгі шаруашылықтары: мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы. Қазақ жері қазба байлықтарға өте бай.

1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан тәуелсіз, демократиялық және құқықтық республика болып жарияланды. 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстанның елбасшысы – Президентін сайлау болды. 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасын дүние жүзі танып, Біріккен Ұлттар Ұйымына толық құқылы мүше

Етіп қабылдады. 1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: мемлекеттік туы, елтаңбасы, әнұраны қабылданды.

Егемен қазақ елі өзінің ұлттық валютасын 1993 жылы қарашаның 25-інде шығарды. 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасы Ата Заңын қабылдады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – **қазақ тілі**. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі екендігі Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында, Тіл туралы Заңның 4-бабында көрсетілген. Қазақстан халқы топтастырудың аса маңызды факторы – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында, мемлекеттік басқаруда, заң шығаруда, сот ісін жүргізуде және іс қағаздарын жүргізу тілінде қолданылады.

Қазақстан – тәуелсіз, зайырлы, біртұтас, демократиялық, құқықтық мемлекет.

**3. Жаңа сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құрастыру.**

**Тірек сөздер:** *тәуелсіз, зайырлы, біртұтас, демократиялық, ұлан-байтақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы, толық құқылы мүше, халықаралық ұйымдар, құқықтық республика, экономикалық байланыс, шекараласу, елбасы, мемлекеттік басқару, аса маңызды факторы, іс қағаздарын жүргізу тілі, заң шығару, сот ісін жүргізу, мемлекеттік басқару, топтастыру.*

**4. Сөйлесім үлгілері:**

- Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?

- Қазақстан – тәуелсіз, зайырлы, біртұтас, демократиялық, құқықтық мемлекет.

- Қазақстан Республикасы қай жылы тәуелсіз мемлекет болып жарияланды?

- 1991 жылы 16 желтоқстанда егеменді мемлекет болып жарияланды.

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері

қашан қабылданды?

- 1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері: мемлекеттік туы, елтаңбасы, әнұраны қабылданды.

- Қазақстан Республикасында Тіл туралы Заңы қашан қабылданды?

- Қазақстан Республикасында Тіл туралы Заңы 1989 жылы қабылданды.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады.

6. Тіл дамыту мақсатында Фариза Оңғарсынованың «Қазақстан» өлеңі мәнерлеп оқылып, мазмұны түсіндіріледі.

7. Туған жер, ел, отан туралы мақал-мәтелдермен жұмыс. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіздер:

а) «Отан оттан да ыстық».

ә) «Туған жер – алтын бесік».

б) «Туған жердей жер болмас,  
Туған елдей ел болмас».

в) «Туған жер – тұғырың, туған ел - қыдырың».

г) «Кісі елінде сұлтан болғанша,  
Өз елінде ұлтан бол».

д) «Аққу көлін аңсайды,  
Адам туған жерін аңсайды».

8. Осы жерде **грамматикалық конструкция** беріледі.

Жалпы есім мен жалқы есім. Адам, өзен, көл, қала, мемлекет атаулары бас әріппен жазылады. Мәтіндегі сан есімдерді атап, осы сан есімдердің сан есімнің қай түріне жататынын ажыратып айтыңыздар.

9. Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңынан:

**4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын



мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

- Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

- Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

- Қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

**10.** Сабақ соңында **Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен»** әні орындалады.

### **11. Үй тапсырмасы.**

а) Қазақ елі, Қазақстан Республикасы туралы әңгімелеу.

ә) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілдің қолданылу аясы туралы, Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңына қатысты сұрақтар дайындау.

б) Қазақ тілі, тіл құдіреті туралы өлең жаттау.

в) Отан, туған жер, ел туралы мақал-мәтел жаттау, олардың мағынасын түсіндіру.



Дархан ҚУАНҚЫЗЫ,  
Алматы құрылыс және менеджмент  
колледжінің қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

## ҮСТЕУДІҢ ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ

(Жалғасы. Басы №3 санда)

**№ 27 сабақ: Лекс. «Еңбек етсең ерінбей...»**

*(Абай еңбек, ғылым туралы)*

**Грамм. Үстеу, оның түрлері**

**Сабақтың мазмұны:**

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ұлы Абай:

- *Ғылым таппай мақтанба,*

*Орын таппай баптанба,*

*Құмарланып шаттанба,*

*Ойнап босқа күлуге,* - деп жастарды білімге, еңбекке шақырады. Білім алып қана қоймай, жаман әдеттерден қашып, жақсы қасиеттерді үйрену керектігін айтады:

- *Өсек, өтірік, мақтаншақ,*

*Еріншек, бекер мал шашпақ –*

*Бес дұшпаның, білсеңіз.*

*Талап, еңбек, терең ой,*

*Қанағат, рақым, ойлап қой –*

*Бес асыл іс, көнсеңіз.*

Ақын «Сегіз аяқ» өлеңінде:

- *Егіннің ебін,*

*Сауданың тегін*

*Үйреніп ойлап, мал ізде...*

*Еңбек етсең ерінбей,*

*Тояды қарның тіленбей, - деп, адал еңбекпен өмір сүруді насихаттайды. Осы сияқты ақынның «Әсемпаз болма өрнеге», «Интернатта оқып жүр», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Білімдіден шыққан сөз», «Жастықтың оты, қайдасың?», т.б. туындылары – білім - өнерге, еңбекке үгіттейтін, өмір сүруге үйрететін шығармалар.*

*... Өзіңе сен, өзіңді алып шығар*

*Еңбегің мен ақылың екі жақтап, -*

деп дана Абай айтқандай, қазіргі кезде қоғамның толыққанды азаматы болу үшін ақылыңа тынымсыз еңбек ете білетін ерекше қасиетің мен білімің сәйкес келуі қажет.

**Үстеу – қимылдың (іс-әрекеттің) сынын, мекенін, мезгілін, мөлшерін білдіретін сөз табы.**

Түрлері	Сұрақтары	Үстеу болатын сөздер
<b>1. Мезгіл</b> (наречие времени)	қашан? (когда?) қашаннан? (с каких пор?)	Кеше (вчера), бүгін (сегодня), ертең (завтра), қазір (сейчас), кешке (вечером), ертемен (с утра), енді (теперь), жаздыгүні (летом), қыстыгүні (зимой), сосын (потом), түнеугүні (тогда), биыл (в этом году), былтыр (в прошлом году), ертесіне (на завтра), таңертең (утром), т.б.
<b>2. Мекен</b> (наречие места)	қайда? (где? куда?) қайдан? (откуда?)	әрі (туда), бері (сюда), жоғары (наверху), төмен (внизу), ілгері, алға (вперед), артқа, кейін (назад), ішке (во внутрь), іште (внутри), сыртта (снаружи), мұнда (здесь), сонда (там), т.б.
<b>3. Сын-бейне</b> (наречие образа и действия)	қалай? қалайша? қайтіп? (как? каким образом?)	эрен, әзер (еле), дереу (тотчас), жедел, шапшаң, жылдам, тез, (быстро), кенет (вдруг), ауызша (устно), өзгеше (по другому), жазбаша (письменно), зорға (насилу), бірге (вместе), ақырын, баяу (медленно), т.б.
<b>4. Мөлшер</b> (наречие количества и меры)	қанша? қаншама? (сколько?) қаншадан? (по сколько?)	Сонша (ма), осынша (ма), онша (ма) (столько), (не очень), едәуір (значительно, много), бірталай (немало), аз (мало), көп (много)

5. <b>Күшейткіш</b> (усилительное наречие)	қалай? (как?) қандай? (какой?)	Аса, өте (очень), ең (самый), тым (слишком), әбден (совсем), айрықша (особенный), нағыз (настоящий), т.б.
6. <b>Мақсат</b> (наречие цели)	неге? не үшін? не мақсатпен? (зачем? для чего?)	әдейі, арнайы (специально), қасақана (назло), жорта (нарочно)
7. <b>Себепсалдар</b> (наречие причины и следствия)	не себепті? неліктен? (почему? по какой причине?)	Бекерге (напрасно), босқа, текке (зря), амалсыздан (вынужденно), лажсыздан, шарасыздан (поневоле)

**Тапсырмалар:** 1. Мәтінді оқып, аудару. 2. Мәтін бойынша сұрақ – жауап жұмысы. 3. Тақырыпқа сай үстеудің түрлеріне мысалдар келтіру.

### Бақылау сұрақтары:

1. Ұлы Абайдың қандай өлеңдері бар?
2. Қай өлеңін жатқа білесіз?
3. Үстеу деген не? Оның қандай түрлері бар?

### Глоссарий:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Ғылым	Наука	Science
Құмарлану	Увлекаться	To bear away
Өсек	Сплетня	Tattle
Талап	Стремление	Rushing
Қанағат	Удовлетворение	Satisfaction
Асыл	Благородный	Well – born
Терең ой	Глубокая мысль	Deep idea
Шаттану	Радоваться	To rejoice at a thing
Шақыру	Призывать	To call
Босқа, бекер	Зря	At random
Еріншектік	Лень	Through laziness
Өтірік	Ложь	Lies
Күлу	Смеяться	To laugh
Еңбек	Труд	Toil
Дұшпан	Враг	Foe
Рақым	Милосердие	Mercy

**СӨЖ тапсырмалары:** «Абай – қазақ ойшылы» (реферат).

**СОЖӨЖ тапсырмалары:** I. Сұрақтарға жауап беру:

Абай кім? Ол қайда туған? Қандай шығармасын білесіз?

II. Абайдың қанатты сөздерін жазу, аудару, жатқа айту:

1. Пайда ойлама, ар ойла,
2. Жүректе оты жоқ

Талап қыл артық білуге. Адамда ми болмас.

3. Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

### III. Көшіріп жазып, үстеулерді табу, сұрақ қою:

1. Жоғары – төмен үйрек, қаз 2. Тез үйреніп, тез жойма,  
Ұшып тұрса сымпылдап. Жас уақытта көңіл – гүл.

3. Жазғытұры қалмайды қыстың сызы

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

4. Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға. (Абай).

### IV. Тест сұрақтарына жауап беру:

1. Үстеудің сұрағы қайсы? а) қалай? ә) кім? б) неге?

2. «... мұражайға барамыз.» а) кеше; ә) ертең; б) алға.

3. Мақсат үстеуі қайсы? а) амалсыз; ә) әдейі; б) босқа.

4. «... әдемі ғимарат». (күшейткіш үстеуді қою):

а) ең; ә) соншама; б) онша.

5. «... келді». а) артқа; ә) арнайы; б) нағыз.

6. Мекен үстеуінің сұрағы қайсы?

а) қашан? ә) қалайша? б) қай?

7. Мезгіл үстеуі қайсы? а) төмен; в) тез; с) көп.

8. «... отыр». Тиісті себеп – салдар үстеуін қойыңыз:

а) жаңа ғана; ә) бүгін; б) лажсыздан.

9. «... сөйлейді». (сын – бейне үстеуін қою):

а) қазір; ә) енді; б) ақырын.

10. Сын-бейне үстеуі қайсы?

а) шапшаң; ә) жорта; б) сонша.

### Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақ тілі (анықтама – оқулық). А., 1999 ж.

2. А.Ш.Бектуров, Ш.К.Бектурова. Казахский язык для всех. А., 2004 ж.

3. Абай (энциклопедия). А., «Атамұра», 1995 ж.

4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. А., 1998 ж.

5. Абай. Өлеңдер жинағы. А., 1995 ж.

Әділхан МАНАПҚЫЗЫ,  
Семей қаласындағы  
№6 гимназия-мектебінің  
мұғалімі.

## АТА ДӘСТҮР – АСЫЛ ҚАЗЫНАҢ

«Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпақ емес» деп Қаныш Сәтбаев айтқандай, туған жеріміздің тасы №6 гимназия-мектебінің өлкетану мұражайының төрінде тұр. Мұражайда үш бөлім бар: «Археология мен этнография», «Семей тарихы», «Мектеп тарихы». «Археология мен этнография» бөлімі оқушылардың археологиялық экспедициялары жайлы әңгімелейді. Мұражайдың бір бұрышында біздің ата-бабамыздың киіз үйі тұр. «Семей тарихы» бөлімінде екі ежелгі Семей қаласының картасы бар: 1910 ж., 1980 ж. «Олар 1941 жылы кетті ...» атты қабырға көрнекілігі соғыс кезіндегі түлектерге арналады. Ұлы Отан соғысының батыры Н.Н.Силин туралы мағлұматтар бар. «Естелік кітабында» біздің оқушылардың аталары, соғыс ардагерлері жайлы деректер бар. «Алтын кітапқа» оқу ораттарының тектері жазылады. Бұл мұражайда «Ғасырлар дүниесі», «Табиғатты қорғандар» атты көрмелер қойылған. «Мұражай достары» атты клубта оқушылар соғыс және еңбек ардагерлерімен кездеседі. «Жас этнограф» клубы жұмыс істейді.

Мұражай – балаларды рухани мәдениетке тәрбиелеудегі бірден-бір негізгі құрал. Мұражайдағы тарихи, мәдени ескерткіштер балаларға үлкен әсер етіп, өткенді тануға, болашақты болжауға мүмкіндік береді. Мұражай жәдігерлері

балалардың рухани, отансүйгіштік, адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиесіне өз үлесін қосады. Осы орайда мектептегі өлкетану мұражайының мәні зор. Бүгінгі күні мұражай оқушылардың сүйікті орынына айналды. Бала тәрбиесі кешенді түрде жүргізілуі тиіс, ал мұражай жұмысы оның ажырамас бөлігі болуы керектігін айтамыз. Сабақта және сабақтан тыс уақытта басқа ұлт оқушыларына қазақтың халықтық педагогика элементтерін қолдана отырып, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін үйрету – жас ұрпақты ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы мұратына тәрбиелеу. Әрбір халықтың өз ерекшелігі бар. Сондай ерекшеліктердің бірі – сол халыққа тән салт-дәстүр, халықтың атадан балаға мирас еткен рухани, мәдени мұрасы, халық тарихы. Біздің тарихымызға көз жіберсек, халқымыздың ғасырдан-ғасырға қастерлеп келген құнды дәстүрлері өте көп. Оны бүгінгі ұрпақ қаншалықты біледі, қастерлейді? Қазақта «Халқын сүйген – салтын сүйеді» деген аталы сөз бар. Осы сөзді растау үшін жас ұрпаққа мектептерде, институттарда, теледидар мен үнқағаз беттерінде салт-дәстүрлер үлгісін, ертеден келе жатқан әдеби, мәдени асыл мұраны жеткізе білуіміз керек.

Білім мекемесі қашанда оқу-тәрбие ордасы болған. Білім ұйымдарының қазіргі таңдағы басты мақсаты – оқушылардың рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, оларды дербес өмір сүруге, шығармашылық ізденіске, белсенділікке баулу. «Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Ендеше, баланы оқытып-тәрбиелеуде ұстаздардың алдында «нені оқыту?» және «қалай оқыту?» деген сұраулар тұр. Осы сауалды шешу барысында біз оқытудың озық тәжірибелерін, түрлі педагогикалық әдістерді пайдалануды көздеп отырмыз.

Егемендік алған соңғы жылдарда Қазақстанның қоғамдық өмірінде болған саяси-экономикалық, ғылыми-техникалық, тарихи-мәдени өзгерістер жас ұрпақ тәрбиесіне де тікелей

ықпалын тигізеді. Қазақ халқының ұлттық-мәдени өрлеуі жағдайында оларды халықтық дәстүрде тәрбиелеудің қажеттілігі туындайды. Халықтық педагогика – тәрбие мен оқыту саласындағы қарапайым халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы, солардың негізінде ұрпақтан-ұрпаққа халық шығармашылығы арқылы беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқан тұрақты және мейлінше қорытылған нормалары мен ұстанымдары. Олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады және қоғамдық мінез-құлықтың арқасында сақталады. Яғни, халықтық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер адамдардың өндірістік қызметі үрдісінде өмір қажеттерінен пайда болады.

Ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер жас ұрпақты өнер-білімге, еңбексүйгіштікке баулып, олардың тілін ұстартып, ойлау қабілетін дамытумен қатар, оның үстіне ұлттық санамен, ұлттық намыспен, отансүйгіштік және елжандылықпен байланысты ұлттық сезімдерді қалыптастыруға да жәрдемдеседі.

«Дәстүрін біл де халқын таны» демекші, әр халықтың өз салт-дәстүрі болады. Өзге ұлт балаларына қазақ халқының салт-дәстүрін үйрету, сондай-ақ сабақта және сабақтан тыс уақытта халықтық педагогика элементтерін қолдану – менің жұмыс тәжірибемдегі өзекті мәселе. Мысалы: мұражайда өткен «Ата дәстүр – асыл қазынаң» атты сыныптан тыс сабағының мақсаты: халқымыздың ертеден қалыптасқан дәстүрлерінің (тойбастар, байғазы, тойдан мүше алу, асық жілік ұстату, ашамайға мінгізу) мәні мен ерекшелігін шәкірттердің өзін қатыстыра отырып ашу; олардың бойына ұлттық сананы қалыптастыру; ана тілі мен халық дәстүрін құрметтеуге үйрету.

Бұл күндері еліміздің шын мәніндегі егемендігі танылып, ұлт тағдыры, ұлт тілі және адам тағдыры жөніндегі жаңаша



түсінік қалыптасуда. Осыған сәйкес жас ұрпақтың рухани кемелденуін қамтамасыз етіп, интеллектуалдық дәрежесін жоғары деңгейге көтеру көзделіп отыр.

Адам әрқашан даму үстінде. Жалпы, барлық адамзат шапшаң қарқынмен ілгері жылжып отырады. Яғни, біз де осы дамуға өз үлесімізді қосуымыз керек. Ол үлес – мемлекеттің дамуына, тіліміз бен мәдениетіміздің өркендеуіне қосқан үлесіміз болады. Тіліміздің мәртебесін көтере отырып, біз ата-бабамыздың салт-дәстүрін, халқымыздың мәдениетін жандандырамыз. Ендеше, мектеп табалдырығында оқытудың озық технологияларын қолдана отырып, өткенді жаңғыртайық, қазіргіні сараптайық, болашақты ойлайық.

Білім мен тәрбие егіз екені баршаға аян.



## НАҚЫСБЕК ШЕШЕН НАҚЫЛДАРЫ

- Өр бар жерде еңіс бар,  
Шындық бар жерде жеңіс бар.
- Сүйенішің күшті болса,  
Сүйек жұтсаң да қақалмайсың.
- Шабаннан желмес туады,  
Сараңнан бермес туады,  
Жаманнан өлмес туады.  
Жүйелі сөздің өтімі болады,  
Жүйесіз сөздің кетімі болады,  
Тауып айтқан нақылдың  
Дау тоқтатар бекімі болады.
- Есірік патша елін тыңдамайды,  
Ессіз әйел ерін тыңдамайды.

(Н.Төрехұлов. *Билер сөзі - ақылдың көзі*. А., «Қазақстан», 1996 ж., 204-бет.)

Айнаш ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Петропавл қаласындағы  
№9 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

# СӨЗДІК ҚОРДЫ БАЙЫТҚАН – МЕНІҢ ОТБАСЫМ

(2-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – «кім?» деген сұрақ арқылы зат есіммен практикалық тапсырмалар барысында таныстыру, өз отбасы туралы қысқаша әңгіме құрастыру; **тәрбиелік** – отбасына деген сүйіспеншілікті, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу керектігін түсіндіру; **дамытушылық** – оқушылардың еске сақтау қабілетін дамыту барысында жұмыс жасау.

**Түрі:** аралас сабақ. **Типі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, түсіндіру, көру, әңгімелеу, ойын, жеке, жұптық жұмыс. **Көрнекіліктері:** бейнетаспа, сурет, кесте, плакат.

**Сабақтың барысы:** I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Кезекшімен сөйлесу: сұрақ-жауап арқылы тілді дамыту.

а) **Тілдік сөз қорын дамыту:**

1. Қазір қандай жыл мезгілі?
2. Күз айларын атаңдар.
3. Күзде не болады?
4. Бүгін қарашаның нешесі?
5. Аптаның қай күні?

6. Сыныпта кім жоқ?

ә) **Үй тапсырмасын тексеру. Жұптық жұмыс.**

- Балалар, қазір біз «**Аудармашы**» ойынын ойнаймыз.
- Менің қолымда **сиқырлы конверт** бар.
- Дұрыс аударған жұп сыйлық алады.

Конверттің ішінде өткен сөздер жазылған. (Мысалы: Терезені **аш**. Дәптерге **жаз**. Қалам **бер**. Есікті **жап**. Мектепке **бар**.)

**III. Жаңа сабақ. 1. Қызығушылықты ояту.**

а) плакатқа назар аудару.

- Балалар, не көріп тұрсындар?
- Ағаш.
- Ағашқа ұқсайды, бірақ не жетіспейді?
- Жапырағы.
- Дұрыс. Ендеше, мына жапырақты алып, ағашқа ілеміз (жапырақтарда **ата, әже, әке, шеше, аға, іні, сіңлі** сөздері жазылған). Оқушылар шығып іледі.

- Балалар, міне, ағашымыз өсті.

- Осы ілінген сөздер не туралы, қалай ойлайсындар?

- Отбасы.

- Дұрыс. («**Отбасы**» сөзін ағаш астына ілемін). Сонымен, бүгінгі сабақтың тақырыбы: «**Отбасы**».

Сабақтың мақсаты айтылады.

ә) **Есте сақтау қабілетін дамыту. Бейнетаспа көрсету.**

- Балалар, теледидарға назар аударамыз.

(Қазақтың дөңгелек үстелінде отбасы отырады.

Бір оқушы өз отбасы туралы әңгімелейді.

- Менің атым – Әйгерім.

Мен бірінші сыныпта оқимын.

Менің атам, әжем, әкем, шешем, ағам, сіңлім бар.

**Сұрақ-жауап арқылы тілдесу.**

- Балалар, экраннан кімдерді көрдіңдер? (оқушылар жауап береді).

б) Сөйлеу мәдениетіне баулу.

Өз отбасы туралы айтқызу. (2-3 оқушы әңгімелейді).

в) **сөздік жұмысы** (жаңа сөздермен танысу):

*Үлкен – большая (-ое, -ой);*

*Шағын – не большая (-ое, -ой);*

*Зейнеткер – пенсионер.*

г) **Ойлау қабілетін дамыту** (тақта алдында балалармен жазбаша жұмыс жүргізу):

«Кім?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді жазады.

Мысалы: ата, әке, шеше, аға, іні, сіңлі, зейнеткер, т.б.

**IV. Сергіту сәті.** Жұптық жұмыс жүргізу.

«Өз сыңарыңды тап» ойынын ойнаймыз. (Әр түрлі қағаздарға сөздердің буындары жазылған) **от, ба, сы; а, та; ә, ке; ә, же; і, ні; а, ға; сің, лі; ұл, кен; ша, ғын; зей, нет, кер.** (Жұптар өз сыңарын тауып алады).

**V. Бекіту кезеңі.** Шығармашылық жұмыс.

а) **Кестемен жұмыс.** Оқушымен жеке жұмыс жүргізу.

Сөйлемді толықтыр:

*Менің атым – .....*

*Мен ..... сыныпта оқимын.*

*Менің ....., ....., ....., ....., бар.*

*Менің атам, әжем .....*

*Отбасымыз .....*

ә) мақал-мәтел: «**Ата – бәйтерек, бала – жапырақ**».

(Бұл мақал ағаш плакатында ілінген) мағынасын түсіндіру.

**VI. Қорытынды.**

1. Сабақта алған білімдерін қорыту. Суретке назар аударамыз.

- Балалар, суретте кімдерді көріп тұрсындар?

- Бұл – отбасы.

- Олар кімдер?

- Олар: ата, әже, әке, шеше.

- Отбасы қандай?

- Отбасы шағын.

2. **Үйге тапсырма беру.** Жаңа сөздерді жаттап келу. Өз отбасы туралы әңгімелеу.

**Бағалау.**



**Райгүл МҰҚАШЕВА,**  
**ШЫҒЫС Қазақстан облысының**  
**Тарбағатай ауданындағы**  
**Ақжар ауылының**  
**Мұхтар Әуезов атындағы**  
**орта мектебінің мұғалімі.**

## **ЕСІМШЕДЕ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘН ӨНЕРІ**

**Сабақтың мақсаты:** 1) оқушыларды есімшенің түрлерімен таныстыру, жасалу жолы жайлы түсінік беру, жұрнақтарымен таныстыру; 2) білімдік дағдыларын дамыта отырып, тіл байлықтарын арттыру, сөздік қорларын молайту; 3) қазақ халқының ән өнерін дәріптей отырып, ұлттық ән-күй өнерін білуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** мәнерлеп оқу, ауызша сөйлеу, сұрақ-жауап.  
**Пәнаралық байланыс:** ән сабағы, тарих. **Көрнекілігі:** тірек-сызбалар, портреттер.

**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру:**

1. Оқушылардың көңіл-күйлерін сабаққа аудару.
2. Үй тапсырмасын тексеру, өтілген тақырыпқа шолу.

**II. Жаңа тақырып.**

1. *«Ой тастау» әдісі арқылы жаңа сабаққа кіру.*  
(Аудиожазба арқылы мәтінді тыңдату)

2. «INSERT» стратегиясы бойынша мәтінді оқу (оқулықпен жұмыс).

Ү білемін	+ Жаңа білім	- Түсініксіз	? Сұрақ

### 3. Тірек сызбамен жұмыс.

#### ЕСІМШЕ

шак

*өткен*

-ған, -ген

-қан, -кен

*келер*

-ар, -ер

-р, -е

*осы*

-шы

-ші

#### ЕСІМШЕНІҢ ТҮРЛЕРІ

*Дағдылы*

-атын, -етін

-ушы, -уші

*Мақсат*

-мақ, -мек

-бақ, -бек

-пақ, -пек

### III. Бекіту жұмыстары. 1. Тапсырмаларды орындау:

А) Екі топқа есімшелерді қолдана отырып «жарнама» әзірлету.

I топ

II топ

өткен шак

келер шак

Айтқан, әндеткен.

Әндетер, ән салар.

Берілген есімдерді жіктеу, септеу.

Ә) Төмендегі сөздерден әр түрлі сөз тіркестерін құрастыру: музыка, сезім, рухани, ән, жыр, өшпес, актер, өнші.

### 2. «Ромашка» сұрақтарына жауап беру:

А) Өмірлерінде музыка қандай рөл атқарады?

Ә) Музыканы ұнатасыңдар ма? Неге?

Б) Қандай композиторларды білесіңдер?

В) Ән, күй өнері өмірде болмаса не болар еді?

Г) Ән мен күйде ұқсастық бар ма? Қандай?

Д) Ән өнерін білу керек пе? Неліктен?

3. «Ортада – қалам» әдісі бойынша сабақты қорытындылау.

(Ортаға әр түрлі қаламдар тасталып, оқушы ұнаған қаламының түсіне байланысты сұрақтарға жауап береді, даналық сөздердің мағынасын ашады).

1. Ата өнері – балаға мұра.
2. Жігітке жеті өнер де аз, Жетпіс өнер көп емес.
3. Өнерді көп білетін дана болар,  
Өнерсіздің ісі шала болар.
4. Өнерлінің өрісі кең.
5. Өнерсізден қашып жүр,  
Өнермен үлгі шашып жүр.

Үй тапсырмасын беру. Бағалау.



Шолпан ҚАНАТҚЫЗЫ,  
Алматы қаласындағы  
№34 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫН ҮЙРЕТЕТІН МАМАНДЫҚТАР

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың сабақ барысында жұмыстарын ұйымдастыру, жұмыстарын талдай білу; **дамытушылық** – етістіктің шақтарын қайталап, пысықтау, өткен сабақ бойынша сөздерді қайталау, сөйлем, әңгіме құрастыру, тіл дамыту, ауызекі сөйлету; **тәрбиелік** – еңбекті сүйу, мамандық таңдауға үйрету.

**Түрі:** ойын сабақ. **Көрнекілігі:** кәртiшкелер, суреттер,

плакат. **Әдiс-тәсiлi:** сұрақ-жауап, әңгiмелеу.

### **Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңi.**

- Сәлеметсiздер ме, балалар?

- Балалар, бүгiн нешесi?

- Үй жұмысы қандай?

### **II. Сабақтың мақсатын, барысын айту.**

- Бүгiнгi сабағымыздың тақырыбы – «Мамандық. Етiстiктiң шақтары». Осы тақырыптар бойынша бiз өткен сабақтарды қайталап, қорытамыз». «Бақытты сәт» ойынын өткiземiз. Сөздердi қайталап, мәтiнмен жұмыс жүргiземiз, бiрнеше ойын ойнаймыз.

**III.** Сынып оқушылары 3 топқа бөлiнедi. Әр топқа ат қояды. 1-топ – «Дәрiгерлер» тобы, 2-топ – «Мұғалiмдер» тобы, 3-топ – «Аспаздар» тобы.

Тақтада мынандай сызба iлулi тұрады.

Топ	1-гейм	2-гейм	3-гейм	4-гейм	5-гейм
	Сөздердi аудару	Сөйлем құру	Грамматикалық тапсырма	Өз жартынды тап	Әңгiмелеу
Д					
М					
А					

**IV. 1-гейм. Сөздердi аудару.** Әр топқа кәртiшкелер берiледi. Дайындыққа 3 минут уақыт берiледi.

1-топ Сөздердi аудару: полевод - хочу статью - парикмахер - талант -	2-топ Сөздердi аудару: космос - лечить - хвалить - учитель -	3-топ Сөздердi аудару: пекарь - вырастить - ценить - продавец -
---	---	--

### **V. 2-гейм. Сөйлемдердi дұрыс құрастыру.**

А) Мамандықтардың барлығы адамға керек.		
Мамандықтардың	керек	барлығы



	адамға	
Ә) Барлық мамандықтар жақсы, қызықты.		
Мамандықтар	жақсы	қызықты
	барлық	
Б) Әр адам өзіне ұнаған мамандықты таңдап алады.		
ұнаған	таңдап алады	адам
Әр	өзіне	мамандықты

**VI. 3-гейм. Грамматикалық тапсырма.** 1-топ «Отыр» деген етістікті нақ осы шақта жіктейді.

2-топ «Кел» деген етістікті келер шақта жіктейді.

3-топ «Ойна» деген етістікті өткен шақта жіктейді.

Дайындыққа 3 минут уақыт беріледі.

**VII. 4-гейм «Өз жартынды тап» ойынын жүргізу.**

Мұғалім жұп кәртiшкелер дайындайды, біреуінде – сұрақтар, екіншісінде – жауаптарға арналған тірек – кестелер. Бір сұрақ пен оның жауабына арналған кәртiшкелердің түсі бірдей болады. Оқушылар кез келген түсті кәртiшкені (әрқайсысы-біреуін) таңдайды. Содан кейін оның түсі бойынша өзіне серігін іздеп, бірге отырып, жұмыс істейді.

Дәрігер не істейді? Дәрігер адамдарды емдейді.

Балаларды кім оқытады? Балаларды мұғалім оқытады.

Кім нан пісіреді? Наубайшы нан пісіреді.

Сенің әкеңнің мамандығы қандай?


Менің әкемнің мамандығы – дәрігер.

Кім кітап береді? Кітапханашы кітап береді.

Мамандықтарды ата. Олар: дәрігер, мұғалім, аспаз, шаштараз, егінші, жүргізуші.

Шаштараз не істейді? Шаштараз шаш қияды.

**VIII. 5-гейм – «Мамандықтар» тақырыбына сызба бойынша әңгіме құрастыру.**



Дайындыққа 3 минут уақыт беріледі.

**IX. Үй тапсырмасы:** тестке дайындалу.

**X. Сабақты қорытындылау.**



**Гүлнар БҮРКІТОВА,**  
**Шығыс Қазақстан облысының**  
**Семей қаласындағы**  
**№9 орта мектептің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## **ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕР СӨЙЛЕЙДІ**

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға жаңа тақырып бойынша жан-жақты білім беру. Жай сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік беру; **дамытушылық** – «Жыл мезгілдері» тақырыбы бойынша оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшелігі, қасиеті бар екендігін айтып түсіндіру.

**Көрнекілігі:** жыл мезгілдеріне байланысты суреттер, тірек-сызбалар. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу. **Түрі:** жаңа білім беру сабағы.

### Сабақтың барысы:


I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Сабақтың мақсатын, барысын түсіндіру.

IV. Грамматикалық тақырып.

Сызбаны қолданып, жай сөйлемдердің түрлерін түсіндіру.



*Күн жылынды. Қайдан келесіңдер? Қандай тамаша!*

Жай сөйлемдер айтылу мақсатына, дауыс ырғағына қарай: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем болып бөлінеді.

Хабарлы сөйлем соңына нүкте (.) қойылады.

Сұраулы сөйлем соңына сұрау белгісі (?) қойылады.

Лепті сөйлем соңына леп белгісі (!) қойылады.

### Сөздікпен жұмыс:

*Күн – солнце;*

*жел – ветер;*

*Жаңбыр – дождь;*

*бұлт – облако, туча;*

*Қар жауады – снег идет; күн бұлтты – пасмурно.*

Мұғалім жаңа сөздерді оқып таныстырады, оқушылар қайталайды, кезекпен оқиды. **Топтық жұмыс.**

Сөздіктегі сөздерден ауызша жай сөйлемдер құрату.

Сөйлемдерін дәптерге жазғызу.

I топ

II топ


III топ

Күн жылынды. Қар жауды ма? Күн қандай тамаша!

Жаңбыр жауды. Күн бұлтты ма? Желден сақтан!

### V. Лексикалық тақырып.

Сызбаны, суреттерді пайдаланып, жыл мезгілдерін түсіндіру.



### VI. Деңгейлік тапсырмаларды орындау.

#### 1. Сөздікпен таныс.

*Күн, жаңбыр, қар жауады, жел, бұлт, күн бұлтты.*

#### 2. Суреттерге қара.

*Ағаш, шөп, гүл, күн, өзен, бұлт, қар.*

#### 3. Жыл мезгілдерін ата.

*Көктем. Жаз. Күз. Қыс.*

#### 1. Сурет бойынша 4 сөз тіркесін құра.

*Жасыл шөп. Ыстық күн. Көк бұлт. Ақ қар.*

#### 2. «Маусымдар» атты өлеңді оқы.

*Қыс құнар береді,*

*Көктем дән себеді.*

*Жаз бантап өсірсе,*

*Күз жинайды, тереді. (Қ.Баянбаев.)*

### **3.3-тапсырмадағы сөйлемдерге мән беріп жаз.**

*Мен мектепке келдім.*

*Мен сабақ оқыдым.*

*Сен мектепке келдің бе?*

*Сен сабақ оқыдың ба?*

*Сен мектепке кел!*

*Сен сабақ оқы!*

1,2 – хабарлы сөйлем.

3,4 – сұраулы сөйлем.

5,6 – лепті сөйлем.

### **1. Сурет бойынша 4 сөйлем құра.**

*Көктемде күн жылынады.*

*Жазда күн ыстық болады.*

*Күзде ағаштар сарғаяды.*

*Қыста қар жауады.*

2.Өлеңді оқып, жаттап ал.

### **3.4-тапсырмадағы кесте бойынша әңгіме құра.**

*Бір жылда төрт мезгіл бар. Олар: көктем, жаз, күз, қыс.*  
*Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Жаз айлары: маусым,*  
*шілде, тамыз. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Қыс*  
*айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан.*

## **VII. Бекіту.**

### **Сұрақтар:**

1. Жай сөйлемнің түрлерін ата. Оларға мысал келтір.

2. Бір жылда неше мезгіл бар?

3. Жыл мезгілдерін ата.

## **VIII. Үйге тапсырма.**

Сөздікті жағтау, жай сөйлемнің түрлеріне мысалдар жазып келу.

## ЕСІМШЕНІ ТАНЫТҚАН АТАҚТЫ КҮЙШІЛЕР

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – атақты күйшілер жайлы мағлұмат бере отырып, шығармаларына түсінік беру, қазақтың ұлттық аспаптарына, олардың орындалу ретіне түсінік бере отырып, есімше туралы алған білімдерін тереңдету; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын, сөз байлығын, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыта отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу, қазақ өнерін құрметтеуге, танып-білуге үйрету; **тәрбиелік** – Отанын сүйуге, рухани байлыққа, сауаттылыққа, қазақтың ұлттық өнерін, халықтың асыл қазынасын құрметтеуге, сүйуге тәрбиелеу.

**Түрі:** ауызша журнал. **Әдісі:** ақпараттық оқыту (компьютер), иллюстрациялы түсіндірмелі оқыту, дамыта оқыту, тірек белгілері арқылы оқыту, сын тұрғысынан ойлау әдісі, сатылай кешенді талдау. **Көрнекілігі:** атақты күйшілердің суреттері, музыка аспаптарының суреттері, интерактивті тақта, компьютер, т.б. **Пәнаралық байланыс:** ән-күй, тарих, информатика, т.б.

**Сабақтың барысы.**

### I. Ұйымдастыру кезеңі.

Амандасу, кезекшімен сұхбат, балалар назарын сабаққа аудару.

**1. Журналдың мұқабасы. Тақырыбы:** Қазақ тілі туралы Ғабит Мүсіреповтің қанатты сөзі.

## **1-бет. «Білімінді сынап көр» айдары.**

1. Біздің заманымыздың композиторларын атаңыздар.
2. Қазақтың көне музыка өнерінің өкілдері?
3. Қазақтың неше музыкалық аспабы болған?
4. «Жас қанат» байқауы қашаннан бері өткізіліп келеді?
5. «Куэ бол» әнінің сөзін жазған кім?
6. «Куэ бол» әнінің әнін жазған кім?
7. «Куэ бол» әнін қай әнші орындаған?
8. Арамызда осы әнді орындап беретін оқушы бар ма?
9. Есімше дегеніміз не?
10. Есімше қалай жіктеледі?
11. Өткен шақ есімшенің жұрнақтарын ата.
12. Келер шақ есімшенің жұрнақтарын ата.
13. Осы шақ есімшенің жұрнақтарын ата.
14. Біржан-Сара операсын кім жазған?
15. *Атақты* сөзінің синонимін тап.

Осы сұрақтар бойынша оқушылардан жауап алынып, білімдері жетондар арқылы бағаланады.

## **2-бет. «Танысыңыз» айдары.**

1. Құрманғазының «Балбырауын» күйінен үзінді орындалады.

2. Интерактивті тақтадан Қорқыт, Тәттімбет, Ықылас, Құрманғазы, Дина, Ахмет Жұбанов, Әбікен Хасенов, Нұрғиса Тілендиев, Темірбек Ахметовтың суреттері шығады.

Оқушылар осы күйшілер туралы дайындап келген материалдарын ортаға салады. Мұғалім қосымша материалдармен толықтырады.

3. Қазақтың музыка аспаптарымен таныстыру.

Интерактивті тақтадан адырна, асатаяқ, домбыра, дауылпаз, жетіген, желбуаз, қылқобыз, сақпан, шаңқобыз, қоңырау сынды аспаптардың суреттері атауымен беріледі.

Оқушылар аспаптармен таныса отырып, атауларын қайталап, тілдерін жаттықтырады.

### 3-бет. «Не үйрендің?» айдары.

Жаңа сабақты түсінгенін тексеру.

1. Тақтамен жаттығу жұмыстарын жүргізу.

1. 100-бет, 6-тапсырма.

Берілген сөйлемдерді аяқтау (сәйкестендіру, тест)

1. Құрманғазының алғашқы ұстазы - ...	1. Құрманғазыны көреді.
2. Ол Ұзақпен бірге ел аралап, домбырашылық ...	2. Күйші-сазгері, шебер домбырашысы.
3. Ол жеті-сегіз жасында ...	3. Қолына домбыра ұстайды.
4. Дина тоғыз жасында ...	4. Атақты домбырашы Ұзақ болған.
5. Тәттімбет Қазанғапұлы – қазақ халқының ...	5. Өнерін жетілдірген, өнер сайысына түскен.

2. 98-бет, 2-тапсырма.

Сөйлемдердегі есімшелерді тауып, жұрнақтарын белгілеңдер. Қай жақта тұрғанын айтыңдар.

1. Айтқаныңыз дұрыс болды.

2. Білгенім – сол күйі.

3. Келгендерің жаңа ғана, отыра қалып бір күйді

тыңдаңдар.

4. Оқығандарыңыз Қазанғап туралы ма?

5. Бұл әнді орындайтын – Әлібек Дінішев.

3. «Күй» сөзіне сатылай фонологиялық талдау жасау.

4. Тест. Өтілген тақырыпқа байланысты 10 сұрақ беру.

4-бет. «Сазды әуен – жанның рахаты» айдары.

1. Өнерге байланысты қысқаша аңыз-әңгіме айтылады.

Өнер туралы аңыз-әңгіме оқи отырып, проблемалық сұрақтар туғызып, жауап алу.

2. Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңдату.

5-бет. «Бейнеттің зейнетін көр» айдары.

Оқушылардың қолдарындағы жетондарын есептеп, білімдерін бағалау.

6-бет. «Оқы, оқы және оқы» айдары.

Үйге тапсырма: 1. 98, 99-беттегі 4,5-тапсырманы мазмұндау. 2. Мәтіннен есімшелерді теріп жазып, жұрнақтарын белгілеу.



# СӨЗДІК ҚОРДЫ МОЛАЙТҚАН ӨЛКЕМ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға қалалар туралы түсінік беру, слайдтар арқылы көрсету, жұмыс түрлерін орындату, талдау, бақылау; **тәрбиелік** – елін тануға, мақтан тұтуға, сүйеге, қорғауға, жан-жақты болуға тәрбиелеу; **дамытушылық** – ақыл-ой, таным қабілетін, сөздік қорын жетілдіру.

**Түрі:** саяхат. **Типі:** жаңа сабақты меңгерту. **Көрнекілігі:** карта, слайдтар, тірек-сызбалар, мақалдар. **Әдіс-тәсілдері:** ой шақыру, топтау, талдау, екі түрлі түсініктеме күнделігі, баяндау. **Пәнаралық байланыс:** тарих, жағрапия.

**Сабақтың барысы:**

**I. Алғашқы ұйымдастыру бөлімі:**

- Балалар, бүгін ерекше сабақ, қонақтар келіп отыр, өзіміздің жетістігімізді көрсетейік.

Психологиялық кезең. Аптаның 1-күніне, 1-сабақтан бастап қуанышты, сәтті күн тілеу.

**II. Үй тапсырмасын тексеру:**

Сызбалар арқылы топтау. Ереже сұралады.

Сөйлем мүшелері

Тұрлаусыз мүшелер



Жаңа сабаққа жолдама керек.

**Ой шақыру.** Картамен жұмыс. Оңтүстік Қазақстан

қалаларын көрсету.

Мақсатымыз: осы қалаларға тоқталып, жұмыс түрлерін орындаймыз.

### **Тақтамен жұмыс.**

*Тілін білмеген - түбін білмейді. Ғ.Мүсірепов.*

*(Мазмұнын ашу)*

### **III. Жаңа сабақ.** Мәтінмен жұмыс.

а) слайдтан 4 оқушыға бөліп оқыту. ә) сұрақ-жауап әдісі.

Оңтүстік Қазақстан қай жерден басталған?

Қандай таулар бар екен?

Неге Жетісу аталған?

Сулардың атын атайық.

### **Сөздікпен жұмыс:**

*Мұнай өндірісі -*

*орын -*

*Қолайлы -*

*ыңғайлы -*

*Құнарлы -*

*күтілген жер -*

*Жер жаннаты -*

*сұлу, керемет -*

**4-слайд – Қызылорда.** 1. Күріш сөзін септеу.

2. Сөйлемді дұрыс құра.

Қызылорда болған Қазақстанның екінші астанасы.

Аталған Ақмешіт бұрын деп.

### **5-слайд – Түркістан.**

1. Сөйлем мүшелеріне талда.

Кесененің залында үлкен тайқазан қойылған.

Тайқазан жеті түрлі металдың қоспасынан жасалған.

Бекзат Саттархановты ешқашан ұмытпаймыз.

### **3-слайд – Шымкент.**

Мақта, еңбекшілер сөзіне фонетикалық талдау.

Жұмбақ шешу. *Әрі қызыл, әрі тәтті,*

*Көрген жанды таңырқатты. (Алма)*

### **2-слайд – Алматы.**

1. «Жер жаннаты» тақырыбына жаңа сөздер ойлап жазу.

2. Оқулықпен жұмыс 4.3.6. (ауызша)

#### **IV. Қорыту. Мақалдың жалғасын тап:**

- 2-слайд.      1. Ел-елдің бәрі жақсы, .....  
                  2. Аққу көлін аңсайды, .....  
                  3. Туған жердей жер болмас, .....  
                  4. Отансыз адам - .....

#### **V. Сабақты бекіту.**

Бізді күткен Рика телеарнасының жүргізушісіне мынадай әдіспен сұхбат берейік.

1-слайд. **Екі түрлі түсініктеме күнделігі**

Не таңғалдырды?

Неге?

**VI. Бағалау.** Оқушыларды мадақтау, базарлық – өз қаламыз бойынша жасалған күнпарақ тарату.

**VII. Үйге тапсырма:** мәтін оқу, мазмұнын айту.4.3.3. түртіп жазу.



**Зухра АЛДАБЕРГЕНОВА,  
Раушан ЖОРАБЕКОВА,  
Қызылорда облысының  
Шиелі ауданындағы  
№252 Г.Н.Ковтунов атындағы  
мектептің мұғалімдері.**

## **БАЯНДАУЫШТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРТЕГІСІ**

*(8-сынып)*

**Сабақтың білімділік мақсаты** – баяндауыш және оның бастауышпен байланысы. Сөз таптарымен байланыстыру. Оқушыларды сөз таптарына талдау жасауға, мәтін құрай білуге, мәтінді ажыратуға және сөйлемдегі сөздердің байланысын анықтауға үйрету. Ойын арқылы оқушылардың

қабілетін дамыту, білімін тексеру; **дамытушылық** – оқушылардың ауызша және жазбаша тілдерін дамыту, сөздік қорын байланыстырып сөйлеуін, шығармашылық қабілеттерін арттыру, сауатты сөйлеп, әдемі жаза білуге үйрету; **тәрбиелік** – оқушыларға экологиялық тәрбие беру, табиғат-ананы, ондағы өсімдіктер дүниесі, құстар тіршілігіне деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. **Типі:** жаңа сабақ. **Түрі:** дәстүрлі емес, экологиялық ертегі сабақ. **Көрнекі құралдар:** интерактивті тақта. **Пәнаралық байланысы:** әдебиет, орыс тілі. **Жаңа технологиялар:**

1. Қызығушылықты ояту. 2. Мағынаны тану. 3. Ой толғаныс.

### **Сабақ барысы. Ұйымдастыру кезеңі:**

Оқушыларды білімді және саналы түрде материалды меңгеруге дайындау.

а) Оқушылардың алдына оқу проблемасын қою.

ә) Материалды оқып, үйренудің практикалық қажеттілігіне тоқталу.

### **Білімді жан-жақты тексеру кезеңі:**

а) Әр түрлі әдістер арқылы материалды меңгеру сапасы мен көлемін тексеру. ә) Қызығушылықты ояту.

**Үй тапсырмасын сұрау:** Көкті жұлма (түсінік айту)

### **Өткенді қорытындылау.**

1. Үлкендер қандай тыйым жасап отырған?

2. Экология алдымен кімнен басталады?

3. «Бұлақ көзін ашу – тіршіліктің көзін ашу» дегенді қалай түсінесіңдер?

4. Экология нені зерттейді?

- Балалар, біз бүгін қазақ тілі бойынша дәстүрлі емес, экологиялық ертегі сабақ өткіземіз.

Сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? Олай болса, мені жақсылап тыңдаңдар. Ертегіде жануарлар да, құстар да, ағаштар да, айналадағы қоршаған табиғаттың бәрі де сөйлеп кетеді. Ертегі кейіпкерлерімен бүгін біз де

сөйлесеміз, пікірлесеміз, бір-бірімізге көмектесеміз. Олай болса ертегімізді бастайық.

***Ерте, ерте, ертеде, жапан түзде жалғыз терек өмір сүріпті.***

Жиырма жасында ержетіп  
30-нда бұғанасы бекіп,  
40-та кемеліне келіпті де,  
50-ден асқан соң қартая бастапты.

Кейбір бұтақтары сынып, қотыр қабығының әр жеріне құрт түсіпті. Құрт көбейіп, оның әр жерін тесіпті. Тұла бойы қақсап ауырған соң, ауруына ем іздейді. Күні-түні терек зарлай береді. Оның дауысын естіп, бір күні Ақ көгершін ұшып келеді.

- Терек ата, ауруыңыз жаман екен. Ауруыңызды емдейтін дәрігер іздеп көрейін,- дейді.

***Мұғалім:*** - Балалар, көгершінмен бірге теректің ауруын емдейтін дәрігер іздеп жолға шығайық.

*Сұрақтарға жауап беру.*

1. Табиғатсыз өмір бар ма?
2. Тіршілік көзі не?
3. Ең ұзақ өмір сүретін кімдер?
4. Орман ауаны қалай тазартады?

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері


Бастауыштың іс-әрекетін, қимылын, жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі баяндауыш деп аталады.

Сұрақтары

*Не істеді? Не істейді?  
Не қылмақ? Қайтпек?  
Немене? Қалай?  
Қандай? Кімдікі?  
Ненікі?*

Жасалу жолдары

*1. Етістіктен: Оқушы жазды.  
2. Сын есімнен: Оқушының жазуы жақсы.  
3. Сан есімнен: Екі жерде екі – төрт.  
4. Есімшеден: Бала дүкенге барған.*



Біз теректі емдейтін дәрігер іздеп келе жатырмыз, алғашқы тапсырманы орындадық. Көгершінмен бірге әрі аттанайық. Көгершінге сауысқан жолықты. Сауысқаннан «терекке жақсылық жасай гөр» деп өтінеді. «Менің көмектесуге уақытым жоқ» дейді ол. Сауысқанның уақыты жоқ болса, біз көмектесейік. Келесі тапсырма.

Сөйлемдегі баяндауыштың орнын толықтыру.  
315-тапсырма.

Адам баласы табиғатты △

Біз бұлақтардың көзін △

Су мол астықта △

Көк шөпті таптауға △

Ата-бабаларымыз табиғатқа жанашырлықпен △

Ережені оқу. Бастауыштың іс-қимылын білдіретін сөздерді баяндауыш дейміз. Баяндауышқа Не істеді? Не қылды? Қайтті? деген сұрақтар қойылады.

**Мұғалім:** -Ақ көгершін одан әрі ұшып кетеді, оған қырғауыл көмектеседі. Енді қырғауылға көмектесейік. Келесі тапсырма.

Мына берілген сөздермен сөйлем құраңдар: жүзеді, жанады, ұшады, тігеді, оқиды, көмектеседі, жауады.

Көгершін әрі қарай ұшады, ол енді аққуға келеді. «Одан да Теректі емдей гөр» деп өтінеді. Сонда аққу: «Мен қасиетті де

киелі құспын ғой. Мен бұл жерден кете алмаймын», - дейді.

Онда аққуға біз көмектесейік. Мәтінді мұқият тыңдаймыз.

### ***Ауа райын жан-жануарлар қалай сезеді?***

Егер солтүстіктен аққулар ұшып келсе, онда күз салқын болады. Күздігүні үйрек қайтпаса, күз ұзаққа созылады. Терекке қонып жүрген қара торғайлар көрінбей кетсе, күн суытады. Бақалар судан құрғаққа шықса, жауын болады. Егер судан шықпаса, жауын болмайды. Күндіз үкі шақырса жауын жауады. Су таситын жылы үйрек ұясын жоғары салады.

### ***Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтаңдар:***

1. Күздігүні үйрек қайтпаса, күз ұзақ болады.
2. Күндіз үкі шақырса, жауын жауады.
3. Су таситын жылы үйрек ұясын төмен салады.
4. Терекке қонып жүрген қараторғайлар көрінбей кетсе, күн жылы болады.

**Мұғалім:** - Көгершін орманды аралап жүріп, Теректі емдейтін құсты кездестіреді.

**Проблемалық сұрақтар:** - Ол қандай құс деп ойлайсындар?

Сендерге жұмбақ жасырайын, жауабын тауып көріңдер.

Орманда – тұрағы,

Тоқ-тоқ соғады.

Бұл қандай құс?

**Балалар:** - Тоқылдық, тоқылдақ.

**Мұғалім:** - Дұрыс айтасындар, бұл тоқылдақ еді. Тоқылдақ – орман дәрігері. Содан бері әлгі Терек жайқалып өсіп тұр екен. Тоқылдақтар ағашта құрттардан, шіруден сақтайды екен. Ал, жасыл өсімдіктерді, ағаштарды күтсек біздің денсаулығымызға пайдалы екенін білесіндер.

**Қорытынды:** Мен сендерге әзіл әңгіме оқып берейін:

Бір күні Қожанасыр бақшада жұмыс істейді. Түс мезгілі болатын. Қожанасыр түскі астан соң ағаштың астында де-

малады. Ағашта өсіп тұрған өрік пен жердегі асқабақты көріп: «Осы табиғатқа таң қаламын. Өрік ағашы өте үлкен. Бұтақтары, жапырақтары өте мықты. Алайда, жемісі өте кішкентай әрі жұмсақ. Асқабақтың сабағы, жапырағы өте әлсіз. Ал, жемісі өте үлкен әрі қатты. Бұл дұрыс емес. Өйткені өрік пен асқабақтың жемістері ауысып кеткен», - деп ойланады. Дәл осы кезде басына өрік келіп түседі. Орнынан атып тұрған Қожанасыр былай дейді: «Ендігәрі табиғатқа тіл тигізбеймін. Табиғаттағы барлық нәрсе өз орнында. Егер өріктің орнына асқабақ түскенде тірі қалмас едім».

Табиғатты қорғау – қасиетті іс. Табиғатты қорғау үшін не істейміз? Қорғаймыз. Тіл тигізбейміз, аялаймыз, тазалаймыз, сақтаймыз, аң-құстарды атпаймыз, қамқорлық жасаймыз.

*Оқушыларды бағалау.*

*Үйге тапсырма:* ереже жаттау, сөйлем құрау.



Гүлгина ЖҮНІСОВА,  
Алматы қаласындағы  
№155 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## «МЕНИҢ ОТАНЫМДАҒЫ» ЖАҢА СӨЗДЕР

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – туған жері, елі туралы сөйлесе отырып, оқушылардың білімін кеңейту және естерінде сақтау; **дамытушылық** – қазақша сөйлеу дағдысын арттыру, ойлау қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – балаларды адалдыққа тәрбиелеу, білім алуға құштарлығын арттыру.



**Көрнекілік:** суреттер, үлестірмелі тапсырмалар, «Менің Отаным» көрмесі. **Әдісі:** ізденіс сабақ. **Типі:** жұптық жұмыс, ізденіс жұмысы.

### **Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Туған жер туралы эпиграфтан бастау, оқушының өз ойын жинақтап айтқызуға сабақта еңбектенуге жұмылдыру.

*Гүлдер – өз алаңқайында ғана гүл, адам – тек Отанында ғана адам. Өз Отаныңда пияз да тәтті. Ат айналып қазығын табады. Жігіт әлемді қаншама кезсе де, Отанына оралады. Бөтен елде сұлтан болғаниша, өз еліңде ұлтан бол.*

Ой шақыру. Оқушылардың ойын сабаққа бұру үшін сабақты жақсы, жылы тілектермен бастаймыз.

Мен саған жақсылық тілеймін. Мен көп білім тілеймін. Саған нұрлы ақыл тілеймін.

### **II. Үй тапсырмасын сұрау.** Ережелерді қайталау.

Фонетика.

- Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- Буындар қандай болады?
- Үндестік заңы дегеніміз не?
- Түбір дегеніміз не?
- Зат есім дегеніміз не?

Суреттерді пайдалана отырып ережелерге қатысты бірнеше мысал келтіру.

- Сен қай жерде тудың?
- Қай қалада тудың?
- Саған сенің туған жерің несімен қымбат?

Топ үшке бөлінеді:

1. «Оқу орталығы».
2. «Жазу орталығы».
3. «Білім орталығы».

**III. Жаңа сабақ.** «Менің Отаным». Жаңа сөздермен жұмыс.

*Қуатты – сильный, мощный;*

*Ерікті – здесь, имеет право;*

*Қалаған еңбек – любимое дело;*

*Еркін – вольно, свободно.*

Әр топ қима қағаздардан төртбұрыш, ромб, үшбұрыштарды дұрыс құрастырса:

- Ел іші – алтын бесік.
- Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
- Отан – оттан да ыстық,

деген мақал-мәтелдер шығады. Үш топқа үш түрлі тапсырма беріледі.

### **Оқу орталығы:**

Мәтін бойынша жұмыс, мазмұндау, аудару.

### **Жазу орталығы:**

- Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қой.
- Сөздердің сәйкестігін табу.
- Сөздерді септеу.

### **Білім орталығы:**

- Сөйлемдерді құрастыру.
- Аудару.
- Сөздерді септеу.

**Ізденіс жұмысы.** Әр топ кітаптан туған жері, елі туралы сөйлемдер мен мәтіндерді оқиды.

**Кітаппен жұмыс.** Мәнерлеп оқу. «Отан» тақпағын үш топ мәнерлеп оқудан жарысады.

**Тапсырма.** Жаңа сөздерді пайдаланып, үшінші тапсырманы орындау.

**Терме диктант.** Мемлекет, сабақ, туған жер, мақал, Астана, елтаңба, жексенбі, тәуелсіз, сөйлем, ескерткіш, тіл, сынып, рәміздер, жыл, елбасы, атамекен, шекара, халық, жұмбақ (Отан, ел тақырыбына байланысты ғана сөздерді теріп жазу).

**Сабақты пысықтау, рефлексия.** «Бес саусақ».

### Сөзжұмбақ шешу.

1. Күздің екінші айы (қазан)
2. Ырыс алды – ынтымақ, ол не? (мақал)
3. Тілдің негізі не? (заң)
4. «Ум» сөзінің қазақша аудармасы (ақыл)
5. Сөз бен сөзді байланыстыратын (қосымша)
6. Ойды қалай, немен жеткіземіз? (сөзбен)
7. Сөздің өзгермейтін бөлігі (түбір)
8. Ақмола облысының орталығы (Астана)
9. Жаңа сөз жасайтын сөз бөлшегі (негіз)

**Оқушылардың білімін бағалау.**

**Үй тапсырмасы:** «Отан» өлеңін жаттау.



**Мағрипа ӘБЕТАЕВА,**  
**Шығыс Қазақстан облысының**  
**Семей қаласындағы**  
**№7 орта лицей-мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## **СЕПТІКТЕРДІ «АТАМҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ**

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың «Септіктер» тақырыбы бойынша білімдерін тиянақтау; дамытушылық – ұлттық ойындар арқылы оқушылардың тапқырлық ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру; тәрбиелік – халқымыздың әдет-ғұрыптарымен, мәдениетімен жете таныстыру, ұлтына, өз халқына

сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ояту.

**Көрнекіліктер:** ұлттық ойындарға қажетті заттар: қоржын, асықтар, теңгелер, қамшы, арқан. Тақтаға ілінген плакаттарда – «сайыс шарттары», Қазақстан Республикасының Рәміздері, ұлттық ойынның көріністері «бәйге», «қыз қуу» және кәртішкелер.

**Сабақ барысы:** Ұйымдастыру кезеңі – 2-3 минут.

Әдеттегідей оқушылардың назарын пәнге аудару үшін сұрақ-жауап арқылы қазақша ауызекі сөйлеуге жаттықтырамыз.

Мысалы:

- Біз қай Республикада тұрамыз? **Қазақстанда.**
- Біз қай қалада тұрамыз? **Семейде.**
- Семей қаласына қанша жыл? **280.**
- Біз қай мектепте оқимыз? **№7 орта мектеп-лицейінде.**
- Бұл нешінші сынып? **6 «А» сынып.**
- Қазір қай сабақ? **Қазақ тілі.**
- Желтоқсанның бүгін нешінші жұлдызы? **20 желтоқсан.**
- Аптаның қай күні? **Бейсенбі.**
- Сыныпта кім кезекші? **Лена.**
- Сыныпта кім жоқ? ...
- Бүгін ауа райы қандай? **Сынып бағанасы ... градус**

**суықтықты көрсетеді.**

Осындай сұрақтар арқылы оқушылардың назарын, көңілдерін сабаққа аударамыз. Келесі оқушыларға сабағымыз неге «Атамұра» бағдарламасы бойынша өтетінін түсіндіру. Екі тоқсан бойынша «Септіктер» деген тақырыпты меңгерттік.

Сондықтан да бүгінгі сабақта осы тақырып бойынша алған білімдерін тиянақтау, қорытындылау (сыныптағы оқушыларды екі топқа бөлдім).

Әр топ өз білімдеріне сай ат қойып, ұран белгілейді.

**1-топ – «Сұңқар».**

## **2-топ – «Тұлпар».**

Ұраны: «Елімнің елдігін танытатын елтаңбасындағы тұлпарымыз (Сайысымызды ежелден келе жатқан қазақтың шашу салтынан бастаймыз).

Сайыс келесі шарттар бойынша өтеді:

**1. Сәлемдесу.**

**2. Жорғалар (блиц сауал).**

**3. Әрі оқу, әрі ойын (сөз айтысы).**

**4. Сиқырлы қоржын.**

**5. Арқан тарту (күш сайысы).**

**6. Бәйге (жаңа стиль).**

**7. Қыз қуу (жаңа стиль).**

**8. Халқымыздың дархандығының бір бөлігі – ақ дастархан (апалар сайысы).**

**1-ші** шарт бойынша топтың басқарушылары өз тобының мүшелерімен таныстырып өтеді. Топтың атын, ұранын айтады. Топтар бір-бірімен сәлемдеседі (**мұғалім қамшыны қай уақытта пайдалану керектігін түсіндіреді**).

Ертеде қазақ халқы ауылшаруашылығының саласы – мал өсірумен айналасқан. Сондықтан да қамшы мал қайыруда, мал айдауда өте қажет зат деп есептелді, ал қазақ әйелдері әшекейленген қамшыны киіз үйдің төріне іліп қоятын. Себебі қазақ – өте ырымшыл халық, қамшы ауру-сырқау, тіл-көз, бәле-жәледен қорғайды деп сенген.

**2. Жорғалар (блиц-сауал).** Осы ойын оқушылардың ойлану қабілеттерін, тапқырлық қасиеттерін қалыптастырады, дамыту сұрақтарына тез-тез, мүдірмей жауап беруге тырысу керек. Сұрақтар:

**1. Қазақстанның бас қаласы? Астана.**

**2. Біздің мемлекеттік тіліміз? Қазақ тілі.**

**3. Қазақстандағы ұлттық валюта? Теңге.**

**4. Қазақстанның рәміздері? Елтаңбасы, Әнұраны, Туы.**

**5. Олар қандай түсті? Көгілдір, алтын.**

6. Қазақстан дүние жүзінде жер көлемінен нешінші орын алады? **Тоғызыншы.**

7. ҚР-ның Ата заңы күні? **30 тамыз.**

8. Республика күні? **25 қазан.**

9. Тәуелсіздік күні? **16 желтоқсан.**

10. Білім күні? **1 қыркүйек.**

11. ҚР-ның Президенті? **Н.Ә.Назарбаев.**

12. Біздің мемлекет қандай? **Егеменді, көпдиаспоралы.**

13. Биыл Республика Тәуелсіздігіне қанша жыл? **20 жыл.**

14. Ұлттық ойындар. **Бәйге, қыз қуу, ақсүйек, алтыбақан,**

**асық.**

15. Ұлттық мейрамдар. **Ораза, құрбан, наурыз.**

16. Қазақ халқының билері, кеменгерлері. **Төле би,**

**Казыбек би, Әйтеке би.**

17. Ұлыстың ұлы күні қашан? **22 наурыз.**

18. Ұлттық аспаптар. **Домбыра, сыбызғы, қобыз,**

**сырнай, т.б.**

19. Қазақ әліппесін кім жазған? **Ы.Алтынсарин.**

20. Бес арыс. **Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, Ахмет,**

**Міржақып.**

### **3. Әрі оқу, әрі ойын (сөз айтысы).**

Сабакқа оқушылардың құштарлығын арттыру үшін сабақтың басында түрлі ойын қолданамын, соның бірі – осы ойын. Ойынның шарты: белгілі бір сөзге дыбысталуы ұқсас, ұйқас сөз келтіру. Мысалы: палка – таяқ,

**нога – аяқ;**

родник – бұлақ,

язык – тіл,

ухо – құлақ;

слон – піл;

долг – қарыз,

пословица – мақал,

заявление – арыз;

борода – сақал;

облако – бұлт,

корабль – кеме,

нация – ұлт;

тело – дене;

оценка – баға,

слово – сөз,

берег – жаға;

глаз – көз;

день – күн,

мед – бал,

ночь – түн;

старик – шал;

город – қала,

четыре – төрт,

мальчик – бала;

пожар – өрт;

почка – бүйрек,

почти – дерлік,

утка – үйрек;

подвиг – ерлік.

#### **4. Сиқырлы қоржын (Волшебный коржин).**

- Қоржынның адамға қандай пайдасы бар? Қоржынның пайдасын түсіндіремін:

- Бұл қоржынды ежелден оқушылардың білімін тексеру үшін пайдаланамыз, қоржында грамматикалық-сұрақтар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер бар.

Мысалы: грамматикалық сұрақтар:

#### **1) Ілік септіктің жалғауларын дұрыс жалғастыр.**

*бала ... ойыншығы*

*жігіт ... ерлігі*

*гүл ... иісі*

*ата ... салты*

*құс ... ұясы*

*қобыз ... үні*

#### **2) Көп нүктенің орнына барыс септігінің жалғауын қойып жазындар.**

*Әсет кітапхана ... барды.*

*Ұшақ жер ... қонды.*

*Болат ... хат келді.*

*Сәкен Әсет ... кітап берді.*

Гүлнәр баласы ... күнделік алды.

Апасы немересі... ертегі айтты.

### 3) Табыс септіктің жалғауын жалғастыр.

Нан ... Алма ... Ағаш ... Дәптері ...

Үй ... Терезе .. Есік ...

### 4) Спишите, вместо точек вставьте нужные окончания из правого столбика.

Кімде? Неде?

Қағаз Ажар ... -та

Дәрі дәріхана ... -те

Білім кітап ... -да

Телефон үй ... -де

Қайда?

Киім шкаф ... -да

Студенттер лекция ... -де

Сәлім жұмыс... -та

Кітап сөмке ... -те

### 5. «Арқан тарту» (күш сайысы). Жеңіске шыққан топ 10 ұпай алады.

#### 6 «Бәйге» ұлттық ойыны (жаңа нұсқа)

Әр топтан екі оқушыны шақыртып, «бәйге» ойыны арқылы білімдерін тексеру. Сұрақтарға кім бірінші жауап береді, соның аты алдыға жылжып, жеңіске шығуына ұмтылады.

Сұрақтар: 1) Қазақ тілінде неше септік бар? 7 септік.

2) Орыс тілінде неше септік бар? 6 септік.

#### 3) Септіктердің сипаттамасы:

а) Атау септік. Кім? Не?

ә) Ілік септік. Кімнің? Ненің?

б) Барыс септік. Кімге? Неге? Қайда?

в) Табыс септік. Кімді? Нені?

г) Жатыс септік. Кімде? Неде? Қайда? Қашан?

г) Шығыс септік. Кімнен? Неден? Қайдан? Қашаннан?



д) Көмектес септік. Кіммен? Немен?

**7. Оқушылардың сүйікті ойындарының бірі – «Қыз қуу» ойыны (жана нұсқада)**

Ойын қыз бен жігіттің мақал-мәтел, өлең, тақпақ, айтыс секілді сайыстар арқылы жүреді. Егер де жігіт жеңіліп қалса, қыз оған сұрақ қояды. Ал, егер де қыз жеңіліп қалса, жігіт оған сыйлық береді.

**8. Халқымыздың дархандығының бір белгісі – ақ дастархан.**

Ежелден қазақ халқының әйелдері, көбінесе, үй шаруашылығымен айналысқан: тағам әзірлеу, киім тігу, тоқыма тоқу, бала тәрбиелеу деген міндеттердің барлығын әйел қауымы атқаратын. Балаға ең жақын адам, ол – ана. Дүниеге шыр етіп келген сәттен бастап жақсы қасиеттерді ананың ақ сүтімен бойына сіңіреді. «Ананды үш рет Меккеге арқалап апарсаң да парызыңды өтей алмайсың» дейді халық даналығы. Сондықтан да осы сабағыма оқушылардың аналарын шақырдым:

**«Әке көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер»** - деп халқымыз бекер айтпаған, өйткені, сендер, балалар, барлық тәлім-тәрбиені аналардан аласыңдар, сондықтан да ананы сыйлау, құрметтеу – біздің парызымыз.

**Аналарға қойылатын сұрақтар:**

1. Казахские национальные блюда? Ұлттық тағамдар.

2. 5 заповедей, которых придерживаются мусульмане.

Мұсылманның бес парызы.

3. Из покон веков казахские женщины ставили в юртах три вещи. Что это и для чего (полный и точный ответ). Домбыра, қамшы, түлкі.

Сабақ соңында ақ дастарханға бата беру. Сабақты қорытындылау, жеңіске жеткен топты марапаттау.

**Бағалау.**

## Баға

Мен батамды берейін,  
Үстем болсын мерейің!  
Әрқашанда осы үйге  
Қуанышқа келейін!  
Жақсылық Сізден кетпесін,  
Жамандық келіп жетпесін!  
Бейбітшілік заман болсын,  
Осы айтқаным қабыл болсын!  
Батам менің тәмәм болсын!



## ҚЫРҒИ ТІЛДІ ҚЫЛЫШБАЙ

Бір күні Қылышбай қоналқыға Көлбай деген сараң байдың үйіне кеп түседі. Беймезгіл қонақтың келуін жаратпаған Көлбай оған ас аспай, шәй ғана береді. Шәй ішіп болған соң, қатар алдында Көлбай Қылышбайға «қонақ кәде» істе дейді. Қылышбай:

- Ол қалай болушы еді?- дейді.

- Бір ауыз өлең шығарсаң, қонақ кәдең сол болады,- депті бай, осыдан не шығар дейсің дегендей.

Сол жерде Қылышбай:

- Сөйлейін, сөйле десе Көл ағасы,

Бермейсің қонақ келсе қонақасы.

«Көлбай» деп қайран атты кім қойды екен,

Көл түгіл шұқанақтың садағасы,-

деп табан астында төгіп жіберіпті. Қонағаның сөзінен шошынған Көлбай:

- Әй, бәйбіше, мына өлең елге жайылып, жұрт бізді мазак етер! Тезірек қазан ас! - депті.

(Н.Төрехұлов. *Билер сөзі - ақылдың көзі. А.*, «Қазақстан», 1996 ж., 214-бет.)

Сағдат ЖАРҚЫНБЕКОВА,  
Қарағанды облысының  
Шет ауданындағы  
«Көктіңкөлі» орта мектебінің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## ТАПҚЫР ДОСТАР САЙЫСЫ

**Сабактың мақсаты:** өзге ұлт өкілдерін мемлекеттік тілді қадірлеуге, сыйлауға баулу, өз ойын қазақ тілінде неғұрлым жетік, еркін білдіруге дағдыландыру. **Түрі:** сайыс.

**Көрнекілігі:** кеспе қағаздар, суреттер, тіл туралы қанатты сөздер, өлең шумақтары. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздендіру, шығармашылық.

### Сабактың барысы:

- Сәлеметсіздер ме, құрметті көрермен қауым!

Рухы – қазақ, ұлты өзге болса да,

Тілі – қазақ, ділі өзге болса да,

Тұғыры бір, ұраны бір қазақпен,

Мақсаты бір, арманы бір Алашпен!- дей келе, орыс сыныптары оқушыларының арасында өткізілгелі отырған «Тапқыр достар» танымдық, тапқырлық сайысына қош келдіңіздер!

Сайысқа үш ойыншыдан тұратын екі топ қатысады. Қане, ойыншыларымызды қарсы алайық! (ойыншылар өз орындарына орналасады).

- Әр сайыстың төрешісі болады,

Әр тартыстың нәтижесі шығады.

Әділ баға беретін қазылармен

Танысқымыз келеді де тұрады!

Олай болса, әділқазылармен таныс болайық!

- Ал, қазір қай топ сайысты бірінші бастайтынын жеребе тарту арқылы білеміз (жеребе тартылады).

**I. Таныстыру** (әр топ өздерін таныстырады).

**II.** - Келесі сайысымыз «**Сөз тапқанға...**» деп аталады. Бұл сайыстың шарты бойынша мен сіздерге жеке әріптер жазылған кеспе қағаздарды таратамын. Менің қойған сұрақтарыма қолдарыңыздағы әріптен басталатын жауап қайтаруларыңыз қажет.

**I топқа сұрақтар:** 1. Қазақ тілі қандай тіл? 2. Қысқы демалыста не істедің? 3. Қыста ауа райы қандай болады? 4. Көршіңмен татусың ба? 5. Қандай арманың бар? 6. Шаңғыны кім тебеді? 7. Антоним сөздерді ата. 8. Екі жерде екі неше? 9. Сүйікті телебағдарламаң?

**II топқа сұрақтар:** 1. Абай кім? 2. Мұз болмаса коньки тебіле ме? 3. Кешке не киесіз? 4. Қысқы ойындарға қандай ойындар жатады? 5. Бес жерде бес неше? 6. Қарсыластарға не тілейсің? 7. Сүйікті әншің? 8. Антарктидада кімдер тұрады?

**III.** - Келесі сайысымыз «**Ойлан, тап**» деп аталады. Тақтаға бірнеше сурет ілінеді, топ басшысы ортаға шығып, қалған екі ойыншыға көрінбей тұрған суретті сұрақ қою арқылы немесе тұспалмен түсіндіреді.

**IV.** - Ендігі сайысымыз – «**Сен білесің бе?**». Ойыншылар тақтадағы ұяшықтарды таңдап, ондағы тапсырмаларды орындайды. Дұрыс жауап берсе, ұяшық нөмірі ұпай болып есептеледі.

5 – қазақ әліппесінде неше әріп бар?

5 – «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің авторы?

5 – қазақ тілінде неше септік бар?

5 – ирек сызықпен белгіленетін сөйлем мүшесі?

10 – «Төбе шашы тік тұру» тіркесінің мағынасын айт.

10 – киіз үйдің жабдықтарын ата.

15 – жатқа бір өлең оқу.

15 – құрмалас сөйлем деген не?

V. - Әр адам белгілі бір өнер түрін ұнатады. Біздің соңғы сайысымыз – «Өнерпаз болсаң..». Әр топ үйге берілген тапсырма бойынша бір өнер түрін көрсету керек.

- Ал, құрметті көрермендер, біздің сайысымыз өз мәресіне жетіп қалды. Енді, сөз тізгінін әділқазылар алқасына тапсырсақ деймін. Құрметті әділқазылар, топтардың ұпайларын есептеп, жеңіске жеткен топты жария етулеріңізді сұраймыз! (әділқазылар сөзі)

- Ал, құрметті көрермендер, осымен біздің шағын ғана іс-шарамыз аяқталды. Келіп, тамашалағандарыңыз үшін көп рахмет!



Зәуре ӘБУОВА,  
Сәуле СЫЗДЫҚОВА,  
Астана қаласындағы  
№3 мектеп-гимназияның мұғалімдері.

## БӘРІ ДЕ, АНА, БІР ӨЗІҢНЕН БАСТАЛАДЫ

**Мақсаты:** тақырыпты сын тұрғысынан ойланту арқылы меңгерте отырып, ана туралы түсініктерін кеңейту, өз ойларын ортаға салу. Аналар қауымына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. **Көрнекілік:** зал ішін безендіру, қазақ батыр қыздары мен аналарының суреттері, нақыл сөздер.

**Жүргізуші:** - Әр адам көзін ашып, дүниеге келгенде мейірімді, жүрегі жылы жанды көреді. Ол – ана. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, бауырына басып, біз үшін жанұшыра шырылдайтын да – Ана. Әрқашан дұрыс,

таза жүр, адал бол деп тілейтін де – Ана. Ана дегенде сөзге келмейтін тіл, лүпіл қақпайтын жүрек, мөлтілдемейтін жанар жоқ. Балаға анадан артық, анадан қымбат жан жоқ.

**Жүргізуші:** - Әрбір ана отының өшпеуін, бақытының көшпеуін, шаңырағының құламауын, сәбидің жыламауын, сұм соғыстың болмауын, қызыл гүлдің солмауын тілейді. Біз – қазақ деген қасиетті халықтың ұрпағымыз. Қыз Жібек пен Баян сұлудың, Мәншүк пен Әлияның інілеріміз. Қазақ қыздарын әлемге әйгілі еткен бұлбұл әншілеріміз – Күләш Байсейітованы, Роза Бағланованы, атақты күйші – Дина Нұрпейісованы, сахнаның сәні – Әмина Өмірзақованы, ақын қыздарымыз Фариза Оңғарсынова мен Ақұштап Бақтыгерееваны, Күләш Ахметованы, т.б. көптеген аналарымызды әрқашан үлгі тұтып, мақтан етеміз.

**Жүргізуші:** - Ана деген – асыл жандар болаттай,  
Ана деген – мөлдір жандар бұлақтай,- деп ақын жырлағандай, әйел – тек аяулы ана, нәзік қыз ғана емес, сонымен қатар белсенді қызметкер. Ананың қоғам өміріндегі алатын орны үлкен. Ана – перзент тәрбиешісі. Ана – қызметкер, Ана – ғалым, Ана – зейнеткер.

**Жүргізуші:** - «Ат биеден туады, алып анадан туады» дейді халқымыз. Дүниеде анасыз адам жоқ. Қаламы жүйрік жазушы да, данышпан ғалым да, ел басқарған көсем де, күміс көмей әнші мен мың бұралған биші де анадан туып, соның көкірегінен нәр алып өскен. Ана – тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі.

**Жүргізуші:** - Елін, жерін сүйетін, ей, адамдар!  
Алдымен ананы аялаңдар!  
Ана – алып бәйтерек.  
Бәйтеректің бауырына топтасып саялаңдар!

Жылына бір келетін мерекеде еңбектерін бағалап, сый-құрмет көрсету – біз үшін қуаныш. Жүздеріңізден шаттық пен қуаныштың нұры кетпесін!

**Жүргізуші:** - Азиза, қалай ойлайсың? Жоқты бар, ашты тоқ ететін кім?

- Әке.

**Жүргізуші:** - Жоқ, әке қанша мейірімді болғанмен ананың жөні бөлек.

- Жоқты бар, ашты тоқ ететін, ол – ана. Анасыз бала ұйықтамайды. Ана – үйдегі бақ, әке – отыратын тақ. Ана – ақылды болса, үйдің қуанышы, әкенің жұбанышы.

**Жүргізуші:** - Үйдегі алтын қазық кім?

- Үйдегі алтын қазық – ана. Ана ақылды болса, бала дана болады. Ана тәрбиесі – қызға үлгі, әке тәрбиесі – ұлға үлгі. Ана – ақылшың, әке – қамқоршың. Ананы сыйламағанның ақылы кем, әкені сыйламағанның жақыны кем. Ананың мейірімі – көзінде, ықыласы – көңілінде, ақылы – сөзінде.

**Жүргізуші:** - Сен білесің бе, дүниедегі ең сұлу кім?

- Дүниедегі ең сұлу – әйел. Әйел – бар мұратын отбасының игілігіне байлаған әлемдегі ізгі адам. Әйел – бар тілегін перзентінің жолына арнаған әлемдегі ең мейірбан ана. Ұлттың ұйытқысы, ұрпақтың анасы.

**Жүргізуші:** - Иә, бүгін мақтасақ – барлығын жеңетін, тіршіліктің бұлағы әйел – ананы мақтайық. Бізге қажымас қайрат беретін әйел-анаға мың алғыс! Аристотель, Фердоуси, Жәнібек пен Абылай, Абай, Шоқан, Махамбет пен Исатай, Мағжан, Мұқағали, Нұрсұлтан мен Тоқтар – сол әйелдердің ұлдары, бәрі ананың ақ сүтінен нәр алған.

- Эпостағы Гүлбаршын мен Құртқа, Ақжүніс пен Назым, тарихтағы Домалақ Ана, Айша бибі, Абайды туған Ұлжан, ел билеген Айғаным, ел бастаған Бопай, ел қорғаған Гауһар ана – бәрі бір ғана атқа ие, ол – «АНА». Ендеше, сол аналарды мадақтайық!

**Ән орындалып тұрады. «Ана». Фариза Оңғарсынова.  
«Жаз дидарлы жас ана». Қасым Аманжолов.**

«Жаз дидарлы жас ана»,  
Жаныңды тос әр күйге.  
Жасара түс, жасара,  
Бөбегіңді әлдиле!  
Шіркін ана қыз туып,  
Күң өсірген күн құрсын!  
Нұр үстіне нұр жауып,  
Өз күніміз құлпырсын!  
Теңдік атты терең күй  
Бізден басқа қай елде?  
Дүние, бүгін басыңды и  
Еркін азат әйелге!  
Көктен, жерден, теңізден  
Жұлдыз емес қыз көрдік.  
Ерке сәби емізген  
Айдай ана біз көрдік.  
«Сұлулық пен махаббат  
Не?»- деп әркім таласар.  
Бақыты бар, басы азат  
Адамға олар жарасар.

**«Анама». Мағжан Жұмабаев.**

Өмірімнің қап-қараңғы түнінде  
Еш не білмес, өңім бе, я түсім бе?  
Оң менен сол, от пенен су айырмас,  
Күшсіз, әлсіз есім білмес күнімде  
Құшағыңа алдың, сүйдің сен, анам,  
Ренжу жоқ, барлық сөзің: «Жан балам!»  
Ыстық-суық, желге – күнге тигізбей,  
Асырап, сақтап, болдың, анам, баспанам!  
Түнде тұрып, түн ұйқыңды төрт бөлдің,  
Тыныш ұйықтасын деп аз сөйлеп, аз күлдің.  
Ыңырансам, я қарным аш, я тоңған  
Екенімді ойламастан тез білдің.  
«Жаным – дедің,-- қарашығым,құлыным,» --



Сүйдің, қыстың, дедің: «Тәтті қылығың!»  
Қаз-қаз тұрсам, езу тартсам, құласам,  
Я жыласам – Бәрі жақты қылығым.  
Жаным анам – жібек тілді, ақ көңіл,  
Жазу болып, шегер болсам ұзын жол,  
Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға,  
Жан балаңа ақ батаңды бере көр!..

**Жүргізуші:** - Келесі көріністе жерді қанға тұншықтырған Темірдің сол аналардың алдында бас иіп кішірейгені туралы айтылмақшы.

**Көрініс.** Алыстан әйелдің дауысы естіледі.

**Әйел:** - Жіберіңдер мені, үш ғаламның билеушісіне жібер, тарт қолыңды, апарыңдар ханға!

**Ақсақ Темір:** - Мына зарлы дауыс кімдікі екен? Біліңдер тез!

**Шабарман:** - Үсті-басы шаң, алба-жұлба бір әйел «Ханға жіберіңдер!» деп қасарып тұр.

**Ақсақ Темір:** - Алып келіңдер.

**Ана:** - Баязитті өлтірген сен бе?

**Ақсақ темір:** - Иә! Мен оны да жеңгенмін, басқаны да жеңемін. Әлі жеңуден қайтқаным жоқ. Сен не айтпақшысың, әйел?

**Ана:** - Тыңда! Мен – Анамын! Сен әлемге қызмет қыласың, мен өмірге қызмет қыламын. Сен менің алдымда жаза берің. Міне, мен саған «Сол жазаңды жу» деп келіп отырмын. Сен әділ болуға міндеттісің, мен – анамын!

**Ақсақ Темір:** - Отыр да сөйле, мен тыңдаймын!

**Ана:** - Менің әкем де, ерім де бақытты еді. Оларды бақытты қылатын мен едім. Менің жалғыз ұлым бар еді. Жер бетіндегі ең сұлу сол еді.

**Ақсақ Темір:** - Менің Жәңгірім сықылды.

**Ана:** - Менің ұлым алтыға келгенде қарақшылар келіп, менің ерімді өлтіріп, ұлымды алып кетті. Міне, 4 жыл болды,

жер жүзін шарлап, ұлымды іздеп жүрмін. Мен білемін, ұлым қазір сенің қолыңда. Сен менің ұлымның қайда екенін білуге міндеттісің, өзіме тапсыр!

**Ақсақ Темір:** - Әйел, сонау жат жерден дарияларды, өзендерді, тауларды, ормандарды басып өтіп қалай келдің? Саған аңдар қалай тимеді? Қолыңда қаруың да жоқ.

**Ана:** - Жолда бәрі кездесті. Қабан, аю, жер тарпыған бұқалар ұшырасты. Барысты көрдім, көздері сенің көзіңдей екен, бірақ аңдардың жүрегі бар ғой. Мен олармен сенімен сөйлескендей сөйлестім. Олар менің ана екеніме сенді. Аяғандары емес пе, күрсініп теріс кете барды.

**Ақсақ Темір:** - Солай, әйел, аңдар адамдардан күштірек сүйіп, жауларымен алысады.

**Ана:** - Әркімнің анасы бар ғой. Сені де бір әйел тапқан шығар!

**Ақсақ Темір:** - Солай, әйел, өңкей бұқадан бұзау тумайды, күнсіз гүл гүлдемейді, махаббатсыз бақыт болмайды, әйелсіз махаббат болмайды. Анасыз ақын да, ер де болмайды.

**Ана:** - Ендеше, бер баламды өзіме! Неге десең, мен — анамын, сүйемін ұлымды.

**Темір:** - Мен — Тәңірдің құлы Темір тиісті сөзімді айтамын. Мен өмір сүрдім, өмір бойына табанымның астында кара жер күңіреніп келді. Осы қолыммен отыз жыл бойына ажалдың иінін қиратып келемін, оның мәнісі — ұлым Жәңгірдің кегін алмақшымын. Анам туралы ойламаппын да. Менің алдымда отырған әйел маған сөйлемеді, бұйырды. Мен әйел қайратын ұқтым. Қазір үш жүз адам аттанып, маған қараған жердің бәрін кезіп, мына әйелдің ұлын тапсын. Кімде-кім баланы тапса, ол бақытқа бөленеді. Осылай ма, ана?

**Ана:** - Солай, хан, дұрыс айтасың.

**Темір:** - Қане, атқа мінелік, біз де ізделік.

Осы айтылғанның бәрі — шындық, аналар ажалдан

күштірек, өмірге данышпандарды, ақындарды, ерлерді  
әкелетін – аналар. Барлық жақсылықты себетін – аналар.  
Иә, аналар ажалдан да күшті.

**Оқушы:** - Міне, көрдіңіздер ме? Тәңір құлы Темірді  
жібіткен де ана екен. Ендеше, сол аналар алдында бас иелік.

Не деген құдірет едіңіздер аналар!

Сыйынатын болса өмірде құдірет

Сыйынар ем ана деген тәңірге!

Ананы да, мені де әлпештеген,

Қайтпас қайрат, дариядай ақыл берген.

Ниетің қабыл болсын, аналарым,

Өркендеп өсе берсін балаларың!

Барша, ана, құтты болсын мерекеңіз,

Әрқашан да, ана, сізден берекеміз!

Ақтасақ ақ сүтіңді, асыл анам,

Сонда біз кісілікке теңесеміз!

Ана – адамзат мекен ететін жер шарының әр түкпірінде,  
әр үйдің достық пен туыстығының, мейірімінің туын тіккен  
адам.

«Ана деген – адамға Атамекен,

Әр адам анаменен адам екен.

Бір өзіңе көрсеткен жақсылығым,

Бір күнгі тәтті ұйқыдан садаға екен»,- деп кезекті әнге  
береміз.

**Жүргізуші:** - Ал, аналар, балалар және жиналған қауым,  
бүгінгі әдеби-сазды ертеңгілігімізді ақын Баязиевтің «Ана  
туралы ой» деген өлеңімен аяқтағымыз келеді.

Халқымызға билік айтар даналар,

Даналардың өзі анадан жаралар.

Жүрегіңнің бір бөлшегі – бала үшін

Сізден жақын адам бар ма, аналар?!

**Оқушы:** - Балаға ең жақыны сіз ғой, ана,

Сіздің ыстық – құшағыңыз бізге пана!

Сіздерге теңестіретін еш нәрсе жоқ,  
Теңесе алар бір-ақ нәрсе – Отан ғана!  
Адам баласы үшін ең қастерлі сөз – Ана деп білеміз!  
Осымен әдеби-музыкалық кешіміз аяқталды. Сіздерге  
бақыт, денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз.



Сабила ТІЛЕГЕНҚЫЗЫ,  
Орал қаласындағы  
№1 жалпы орта білім  
беретін мектептің мұғалімі.

## ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ

**Мақсаты:** оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, ертегі кейіпкерлерімен таныстыру, ана тілін құрметтеуге баулу. **Түрі:** ойын. **Әдіс-тәсілі:** мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап. **Пайдаланылған әдебиеттер:** «Тәрбие құралы», «Қазақ ертегілері», «Сыныптан тыс жұмыстар» журналы. **Көрнекілігі:** тіл туралы жазылған өлең жолдары, гүлдер, шарлар.

**Сабактың барысы:**

**I бөлім** – «Ана тілім – мерейім». **II бөлім** – Ертегілер әлемінде.

**1-жүргізуші:** - Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, елі төрт түлікке бай, суы мөлдір, ауасы таза, табиғаты жанға дауа Қазақстан деген ұлан-байтақ шаһар болған екен. Сол шаһардың ішін кезіп жүріп жастары білімге құштар, үлкендері ұлағатты, ынтымағы жарасқан, жақсы жетістіктерімен танымал болған бір елді мекенге кезіктім.

**2-жүргізуші:** -Біз осы елді мекендегі облысқа белгілі  
«Білімнен асқан жақұт жоқ, ұстаздан асқан бақыт жоқ»  
дегендей, бар ғұмырын бала тәрбиесіне сарп еткен, білім  
нәрін сепкен ұлағатты әз жүрек асыл жандары бар білім  
ордасына келіп қалған екенбіз.

**1-жүргізуші:** - Олай болса, білім ордасының ұстаздары  
мен білімпаз оқушыларын бүгінгі Қазақстан Республикасы  
халықтарының тілдері күні мерекесімен құттықтаймыз!

**2-жүргізуші:** - Жылаған алғашқы іңгә үннен тілім,  
Жөргекте былдыр қағып күлген тілім,  
Жағымды ана әлдиі, ақ сүтімен  
Жүрегіме, қаныма сіңген тілім.

**1-жүргізуші:** -Жанымды жадыратқан бала тілім,  
Жыр, ертеқ жаттаттырған сана тілім,  
Жаралып жермен бірге, күн көзімен,  
Жасасқан қазақ тілі – ана тілім.

**2-жүргізуші:** -Жарысқан жыл құсымен үнді тілім,  
Жарасқан дала, малмен сырлы тілім,  
Жиһанкез желмаялы Асан қайғы  
Жер-жерге баға берген сынды тілім.

**1-жүргізуші:** -Жырлатқан қазақтардың қазақтығын,  
Жырлатқан елдік, ерлік азаттығын,  
Жұлдызды құдіреттің туы болған  
Жауынгер ана тілім – қазақ тілім.

**I бөлім. «Ана тілім – мерейім».**

(Оқушылар тілге деген құрметін өлең жолдары арқылы  
жеткізеді).

**II бөлім. «Ертегілер әлемінде».**

**1-жүргізуші:** - Енді, тіл мерекесіне арналған «Ертегілер  
елінде» ойынымызды бастаймыз

**2-жүргізуші:** - Өткен күн таң-тамаша ертегі ғой,  
Айтады ертегі сыр, ертегі ой.  
Ертегі айтса аналар еліктіріп,

Қияға қызықтырып ертеді ғой.  
Ертегіде халықтың мұң-зары бар,  
Орман, тау, өрмелейтін құздары бар.  
Жамандықпен алысып, жауын жеңген  
Халқымның ұлдары мен қыздары бар.

**1-жүргізуші:** - Жауларымен алысып, жекелеген,  
Батыр ма ел намысын өтемеген?!  
Ертегімен халқымыз ертеңіне  
Ұрпағын қызықтырып жетелеген.  
Кел, онда, ертегіні шертейік біз,  
Қауымды мына келген елтейік біз.  
Ертегі кейіпкерлерін шақырайық,  
Келгендерді соңымыздан ертейік біз.

**Ертегі кейіпкерлері ортаға шығып, өлең жолдарымен өздерін таныстырады.**

1. Керқұла атты Кендебай. 2. Мақта қыз. 3. Толағай.  
4. Дәу. 5. Қаңбақ шал. 6. Тазша бала. 7. Мыстан кемпір  
(Мыстан келерде қорқынышты әуен, қатты жел дауысы  
естіледі).

**1-жүргізуші:** - Бұл неғылған дауыс? Табиғаттың өзгергені  
несі?

**Мыстан кемпір:** - Аспанда қайдағы бір тікұшақтар,  
ұшақтар ұшып жүр ғой. Тіпті, аспанды жауып кетіпті.  
Таяғымды сындырып алдым. Кім шығынымды өтейді?  
Жаңа сыпырғышты қайдан аламын? (жан-жағына қарайды)  
Қаншама томпиған, тәтті, әдемі балалар көп екен мына  
жерде! Мені шақырмай өздерің тойлап жатырсындар ма?  
Мерекені болғызбаймын! (жерді тепкілейді).

- Балақайлар, менің сендерге шартым бар. Оны  
орындамасандар – мен сендерді жеймін.

**1-шартым:** - Мен сендерге жұмбақ жасырайын  
(оқушылар жауабын табады).

**Мыстан кемпір:** - Жалықтым жұмбақ жасырудан. Тағы

қандай жамандық жасасам екен?

**2-шартым:** - Тіл туралы мақал-мәтел айтындар.

**3-шартым:** - Ертегі, өтірік әңгіме тыңдағым келеді.

**4-шартым:** - Сөзжұмбақ шешу.

**Мыстан кемпір:**

- Сендер ақылды балаларсындар ғой өзі. Мені кешіріңдерші. Бұдан былай жамандық жасамаймын.

**Мыстан кемпір:**

- Шуламаңдар. Тоқтаңдар. Әзірше менің талабымды орындайсындар. Орындай алмасаңдар – маған сынған сыпырғышымның орнына ұшақ бересіндер.

**Мыстан кемпір:**

- Сендерге бір тілек айтайын,  
Балалар, құтты болсын тілің бүгін  
Ашатын жан сарайын білімдінің!  
Кешегі анаң айтқан, бабаң айтқан  
Тіліне зер салыңдар бұрынғының!

**Жүргізуші:**

-Үміт күтіп кейінгі ұрпақ жастардан,  
Сенім арту бабалардан басталған!  
Қазақ тілін мойындату әлемге –  
Жастар үшін болса екен басты арман!- деп бүгінгі тіл мерекесіне арналған ойын сабағымызды аяқтаймыз.



## ШЕШСЕҢ ЖҰМБАҚ - КӨҢІЛІҢ ТЫНБАҚ

- Кіруге адам батпайды,  
Затыңды аман сақтайды. (сандық)
- Өзі бар, көлеңкесі жоқ. (құдық)

(Қазақтың халық жұмбақтары. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. А., 1959 ж.)

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 20.07.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 1504.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

**Электрондық пошта: [KazUlagat@mail.ru](mailto:KazUlagat@mail.ru)**

**Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,

№7, 2011 ж., 144 бет, Алматы.